

Мақсатым – тіл ұстартып,
өнер шайпақ...
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

12/2016 ЖЕЛТОҚСАН

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,
Жанғара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп,
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

МАЗМҰНЫ

	<i>Таным табиғатында</i>	
М.ӘБЛҰЛЫ.	Тоғанас жырау.....	3
А.НҮРҒАЗИНА.	Шығармашылыққа жетелеудің негізі - дидактикалық материалдармен жұмыс.....	8
Ә.ТӨЛЕУОВА.	Қазақ тілі сабағында интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін пайдалану.....	13
А.АБДРАХМАНОВА.	Оқушылардың қазақ тілінен өздігінен орындайтын жаттығулар жүйесі және олардың ерекшеліктері.....	17
Г.ӨМІРЗАҚОВА.	<i>Авторлық бағдарлама</i> “Мұқағалитану” қолданбалы курсы.....	23
Г.ДҮЙСЕНҒАЛИЕВА.	<i>Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс</i> Қ.Аманжолов. «Өзім туралы».....	25
Ж.АСАНОВА,	«Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап» өлені.....	28
Д.САЙДИНОВА.	А.Байтұрсынұлы. «Екі шыбын».....	31
С.КАРИМОВА.	С.Мұқанов. «Лашын».....	34
С.АМИРХАНОВА.	Әнші-сазгер ақындар шығармашылығына шолу.....	38
Б.МАМБЕТОВА.	Жамбыл Жабаев. «Ленинградтық өренім».....	43
Ж.АБДУАЛИЕВА.	Т.Ахтанов. «Күй аңызы».....	46
Ш.ҚАБДУАЛИ.	Абай. «Әбдірахман туралы».....	50
Л.ТӨЛЕУОВА.	Ыбырай – шағын әңгіме шебері.....	53
А.ЖАКЕНОВА.	Д.Исабеков. Ата үміті.....	56
Қ.ӘЛМҰҚАНОВ.	Лиро-эпостық жырлар.....	58
А.ӘБШЕВА.	«Керқұла атты Кендебай» ертегісі.....	62
Қ.ОСАТОВА.	М.Мақатаевтың махаббат тақырыбындағы өлендері.....	65
А.МҰҚАНБЕТОВА.	С.Аронұлы. «Жақсы адам мен жаман адамның қасиеттері» өлені.....	68
А.БАҚЫТОВА.	<i>Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс</i> Фонетикадан өткенді қайталау.....	71
А.САБЫРЖАНОВА.	Күшейтпелі, асырмалы шырай.....	74
Э.СИДИКОВА.	Мәтін.....	76
А.ЖАЗИЕВА.	<i>Білім негізі-бастауышта</i> Менің отбасым.....	79
А.АБЫШЕВА.	<i>Бір тақырыпқа-екі мақала</i> М.Мақатаев. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы.....	82
З.МАТАН.	М.Мақатаев. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы.....	85
С.МУТАШОВА.	<i>Әдеби кеңі</i> «Сен енді басқа ағыстан ізде мені...».....	87
Г.ҚУАНҒАЛИЕВА.	Жыр тарланы – Қалижан ата.....	90
Ш.МАЛЬШУБАЕВА.	<i>Ұстаз мерейі</i> Ұстаз – мектептің жүрегі.....	96
Г.САҒЫНДЫҚОВА.	<i>Мемлекеттік тіл мәртебесі</i> Сүйемін туған тілді- анам тілін.....	100
Ә.ҚОЛДАШЕВА.	<i>1-жестітоқсан - ҚР Тұңғыш Президенті күні!</i> Елін сүйген Елбасы.....	104
Ү.ҚҰРБАЕВА.	Көш бастаған -Президент.....	108
А.АЙТМАҒАНБЕТОВА.	<i>Тәрбие сағаты</i> Мәңгілік өмір.....	109
С.СЕҢКІБАЕВ.	<i>Эссе</i> Әр сабағы ақ жаңбыр боп жауатын.....	122
А.КЕНЖЕАХМЕТОВА.	Менің жаңашыл сабағым.....	124
А.ЖЫЛМАСОВА.	<i>Білім сынағында</i> XXI ғасыр көшбасшысы.....	127
М.ТЛЕКЕЕВА.	Қазақ тілі пәнінен тест тапсырмалары.....	133
С.ЖАРҚЫНБЕКОВА.		

Таным табиғатында

М.ӘБЛҰЛЫ,
Тараз инновациялық-
гуманитарлық университеті,
ф.ғ.к., профессор.

ТОҒАНАС ЖЫРАУ

Әдебиеттану ғылымы үнемі дамып отырады. Қазақ әдебиетінің тарихында әлі өз орнын таппай, терең зерттелмеген Қарлық Найсан, Құтан, Мүйтен, Шеге жыраулардың болғаны рас.

Белгілі ғалым Н.Келімбетов қазақ әдебиетінің кезеңдерін дәуірлеу туралы ғылыми пікірлер айтты: «...соңғы жылдары қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірін зерттеуге арналған бірқатар құнды еңбектер өмірге келді. Алайда қазақ әдебиетінің түрлі кезеңдерін зерттеуге арналған мұндай ғылыми еңбектер өзара жалғаспай, бірін-бірі толықтырмай, сол арқылы ежелгі дәуір әдебиеті тарихының тұтас картинасын жасамай, әрқайсысы жеке-жеке күйінде қалып отыр. Бұл күрделі түйінді қазақ әдебиетіндегі көркемдік дәстүр жалғастығын жан-жақты зерттеу арқылы ғана шешу мүмкін...» (1).

Шынында қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірін зерттеп-зерделеуде әдебиетші ғалымдар бірнеше ғылыми еңбектер жазды. Н.Келімбетов «Қазақ әдебиеті бастаулары» атты зерттеу еңбегінде қомақты мәселелер көтерді. Соның бірі - қазақ жазба әдебиетін «Күлтегін» жырынан бастау жөніндегі ғылыми тұжырымы.

Ежелгі сақтар мен ғұндар туралы да ғылыми еңбектер жарық көре бастады. Сақтар мен ғұндардың тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті, діні мен ділі туралы ғылыми-танымдық мақалалардың жарық көргені рас. Сақтардың темірге қашап жазған әдеби нұсқалары, тасқа қашап сурет салу өнері, алфавиті бар екені анықталды. Тіпті домбыралы сақтар туралы да ғылыми мақала жарық көрді.

Ғалымдар тұщымды пікірлер айта қоймаған «Алаңқай батыр»

киссасында жырланатын Молақсай жырау мен Тоғанас жырау туралы ғылыми еңбектер әлі жарық көре қойған жоқ. Бірақ мен ғалымдардың назарын осы жырауларға аударғым келіп отыр. Әрине, аттары аталған жыраулар «Алаңқай батыр» киссасында кездеседі. Әңгіме - осы жыраулар ойдан шығарылған ба, әлде тарихта болған ба, осы туралы.

Біздің ауыз әдебиеті үлгілерінде тарихта болған тарихи тұлғалардың жырланатыны бар. Мәселен, Сыпыра жырау ауыз әдебиеті үлгілерінде кездеседі. XV ғасырда өмір сүрген Қазтуған жырау да ауыз әдебиеті үлгілерінде жырланады. Осы екі жырау да қазақ әдебиеті тарихынан ойып тұрып орын алды. Ал ғұн дәуірінде өмір сүрген Еділ патша, еуропалықтар Аттила деп атап кеткен тарихи тұлға туралы жырланатын «Алаңқай батыр» киссасы ең көне киссалардың бірі екенінде дау жоқ. Бірақ кисса шыншыл-реалистік тұрғыда жырланады. Осы киссада ғұн дәуірінде өмір сүрген Молақсай жырау мен Тоғанас жырау жырланады. Ал Молақсай жырау мен Тоғанас жырау айтыпты деген ауыз әдебиеті үлгілері Бесқала (қарақалпақстан) қазақтарының ауыз әдебиетінде кездеседі.

Тоғанас жырау туралы деректер бесқалалық жыраулар Өмірзақ Қалбаев пен Теңізбай жырау жырлаған «Алаңқай батыр» киссасында айтылады. Сонан соң «Тоғанас жырау айтыпты...»-деп басталатын жыр бар. Мұны да Теңізбай жырау жырлаған. Өмірзақ жырау жырлайтын «Алаңқай батыр киссасында» Тоғанас жырау Молақсай жырауға баласы Алаңқайдың қайтыс болғанын естіргеді:

– Замандас құрбым, Молақсай,
Жеткерсін Тәңірім мұратқа-ай.
Ендігі жерде екеуіміз,
О дүниелік адамбыз,
Мысалы жүрген қонақтай.
Таусылған күні дәміміз,
Кетеді бізді қаратпай.
Жаман сөз бірден айтты деп,
Қалмасын көңіл ұнатпай.

Әмірі ортақ Тәңірім
Қойған жоқ кімді жылатпай?
Тәңірінің ісі десек те,
Көңілді кетед шыдатпай.
Талайдың жасы төгілген,
Жерге түскен сынаптай.
Іс түскенде жақсы адам
Қайыспас қара болатпай.
Тәңірінің ісі әр нешік,
Салып болмай сарапқа-ай.
Сахилық етсе пендеге
Береді екен сұратпай.
Бетер де бетер, бетер бар,
Соларға көзің саласың.
Тәңірі еткен істің міні жоқ,
Қарсы айтсаң күтір боласың.
Ауыр да болса, Молақсай,
Шүкірлік іске қыласың.
Замандас қатар құрбымсың,
Демеймін сені жыласын.
Солай да болса, Молақсай,
Басыңа түскен бір істің,
Білдірдім салмақ шамасын.
Қайырлы етсін соңыңды,
Ақыреттік перзентің
Күтіп тұрар жолыңды.
Қайырлы етсін соңыңды,
Замандасым, Молақсай,
Ауыр көрме мұнымды.
Рухыңа бас иіп,
Көтердім көкке қолымды... (2).

«Замандас қатар құрбымсың...» -

деп жырлауына қарағанда Тоғанас жыраудың жасы Молақсай жыраумен қатар. Қайтыс болған адамды жақынына өлеңмен, жырмен, әуенмен естірту қазақ (хассак) халқында ежелгі сақтар

мен ғұндардан келе жатқан дәстүр. Ежелгі сақтарда музыка аспаптарының бірі-домбыра болған. Демек, домбыра болған жерде жыр да, толғау да болады. Біз ежелгі сақтар мен ғұндар заманында өмір сүрген тарихи тұлғалардан сырт айналмауымыз керек, олар: Тарғытай, Зарина, Тұмар (Томирис), Анарыс (Анахарис), Токсары, Шырақ, Мөде, Тұрғұт, Түмен, Тұралы, Еділ (Аттила), т.б.

«Алаңқай батыр» қиссасында Тоғанас жыраудың Молақсай жырауға айтқаны былайша сипатталады:

*-Жол болсын келген, замандас,
Жасың да бізбен шамалас.
Тани алмай отырмыз,
Жүрмегесін аралас.
Алдында Еділ патшамыз,
Менің атым-Тоғанас.
Сөйлесе адам деген бар,
Отырған босқа жарамас.
Адамның арғы түбі бір,
Болармыз жақын тумалас.
Тумалас адам сөйлесе,
Құпия сырын жасырмас.
Жұмысың болса айта отыр,
Шаруасыз, сірә, жан болмас.
Білдірмеші және жөніңді
Сұратпай көңіл жай болмас... (3).
«Менің атым-Тоғанас...»-*

деп өзін таныстырған Тоғанас жырау осылай жырлайды. Тоғанас жырау Молақсай жыраумен осылай танысады.

Жырдың ерекшелігі - Еділ (Аттила) патша жырланады: «Еділ патша күзетшісінің сөзін естіп, келген қонақ Еділ-Жайық бойынан, қыпшақ елінен болса Алаңқайдың әкесі Молақсай болмаса еді деп, күзетшісіне тапсырды...» (4).

Еділ - еуропалықтар Аттила деп атап кеткен ғұндардың патшасы. «Алаңқай батыр» деп аталатын қиссада тарихи тұлғалар Еділ патша, Молақсай жырау, Тоғанас жырау жырланады.

Молақсай жыраудың ғұн дәуірінде өмір сүргенін қиссада өзінің айтқанындай: «Атамның аты-Арғынбек // Өзімнің атым- Молақсай. // Белімнен өнген бір бала //Сұрасаң аты-Алаңқай...»-деген жыр жолдары дәлелдейді.

Н.Келімбетов сақтар мен ғұндар дәуіріндегі ауыз әдебиеті туралы былай деп жазады: «Ең бастысы-қазіргі түркі тілдес халықтардың арғы ататегі саналатын сақтар мен ғұндар дәуірінде өмірге келген ауыз әдебиеті үлгілерімен көпшілік оқырман қауым әлі күнге дейін жөнді таныс емес...» (5). Міне, осы тұрғыдан қарағанда ғұн дәуірінде өмір сүрген тарихи тұлғалар Еділ (Аттила) патша, Молақсай жырау, Тоғанас жырау жырланатын «Алаңқай батыр» қиссасын кітап етіп баспадан шығарып, мектеп оқулықтарына ендіріп, ғылыми пікірлер тудырып, қазақ әдебиеті тарихын толықтыру мәселесі тұр.

Тарихи тұлғалардың қиссаларда жырлануы біз үшін тосын құбылыс емес. Біз осы тарихи тұлғаларды қисса-дастандардан ажыратып алуымыз қажет. Ал біздің ауыз әдебиетіміздің ерекшелігі де осында. Тарихи тұлғаларымыз ауыздан-ауызға тарап, ғасырдан-ғасырға ауыз әдебиеті арқылы жалғасып келеді. Осы тұрғыдан қарағанда ғұн дәуірінде өмір сүрген Тоғанас жыраудың әдеби мұрасын жинап, ғылыми айналысқа ендіру-ғалымдардың өскелең ұрпақтар алдындағы парызы.

Әдебиеттер:

1. Келімбетов Н., «Қазақ әдебиеті бастаулары», Алматы, «Ана тілі» баспасы, 1998. 4-б.
2. Қалбаев Ө., «Алаңқай батыр», Алматы, «Жазушы» баспасы, 1992-. 125-б.
3. Қалбаев Ө., «Алаңқай батыр», Алматы, «Жазушы» баспасы, 1992-. 122-б.
4. Қалбаев Ө., «Алаңқай батыр», Алматы, «Жазушы» баспасы, 1992-. 121-б.
5. Келімбетов Н., «Қазақ әдебиеті бастаулары», Алматы, «Ана тілі» баспасы, 1998-. 4-б.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА ЖЕТЕЛЕУДІҢ НЕГІЗІ – ДИДАКТИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРМЕН ЖҰМЫС

Білім Беру ісінде жаңғырулар мен жанарулар жүріп жатқан кезеңде сабақты ұйымдастыруға қойылатын талаптар да өзгереді. Ұлы ғалым Ахмет Байтұрсынұлы былай деген екен: «Жақсы мұғалім деген атқа түрлі әдістерді меңгеріп, соларды оқытуда қолдана білу арқылы ғана жетуге болады. Сонымен қатар, бірнеше әдісті меңгеріп қана қоймай, табанда өзі қажет әдісті тауып, пайдалана білуі керек».

Оқыту нәтижелері оқушының білім сапасы мен танымынан, даму дәрежесінен, мұғалімнің әдістемелік шеберлігінен танылады. Осы орайда, ұстаз озат іс-тәжірибелерді жете меңгеріп, өзінің теориялық білімі мен оқытудың жаңа технологияларын ұштастыра білуі қажет.

Өзекті тақырыбым: оқушылардың ойлау және сөйлеу шеберлігі қабілетін іздендіру әдісі арқылы, оқу ісінде жаңа технологияның әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, жеке тұлғаның дарындылығын дамыту. Әр сабағымда оқушыларды зерттеу, іздену жұмыстарына баулуды ерекше мақсат етіп отырамын. Осы мақсаттарды орындауда әр сабаққа арнап даярланған дидактикалық материалдардың маңызы зор. Дидактикалық материал – сыныпта немесе үйде өздігінен жұмыс істеу үшін оқушыларға таратылатын немесе бүкіл сынып алдында мұғалімнің көрсететін көрнекі оқу құралының ерекше үлгісі (көп жағдайда карталар, кестелер, мәтіндері, цифрлары және суреттері бар карточкалар және т.б.).

Дидактикалық материалдар – таратпа материалдар, әр баланың қабілетіне қарай, өткен тақырыпты үлгере алмайтын оқушыларға қосымша таратпа материалдар, аралас сабақ материалы, үй тапсырмалары, сыныптар бойынша тест тапсырмалары (тақырыптық, тоқсандық, жарты жылдық, жылдық), дидактикалық ойындар болып бөлінеді.

Дидактикалық материалдарды пайдалануды қазақ тілінің әр сабағында жүргізуге болады. Қазіргі технология талаптары мұғалімнен әр сабақта білімді өз ізденістерімен алуын ұйымдастыруды талап етеді. Оқулықтағы ережелерді оқып, жаттығуларды көшіру – репродуктивті әдіс, мұнда оқушы көшіруші, қайталаушы деңгейінде ғана қалады. Оқушының бұрынғы білімдерін жаңғырту, оны жаңа мәселелерді шешуге жұмылдыру, әр сабақта олардың ойлау, таным белсенділігін дамыту, дербес те, өнімді нәтижелі оқу еңбегін ұйымдастыру қазіргі қазақ тілін оқытудың басты ұстанымы болып табылады. Осы тұрғыда дидактикалық материалдарды сабақта қалай пайдалануға болады?

Әрине, әр сабақ сыныптағы барлық оқушыларға ортақ. Бірақ білім алу үрдісінде әр бала жеке, дербес оқу еңбегіне енеді. Оқушыны жеке тұлға ретінде қарастыра отырып, құзыреттілікке, шығармашылық еңбекке, ғылыми ізденіске баулитын тапсырмалардан құрылған дидактикалық материалдарды пайдалану арқылы, оқушының пәніне деген қызығушылығын, өзіндік ойлау қабілетін, шығармашылық мүмкіндіктерін жан-жақты дамытуға болады.

Қазақ тілінен 8-сыныпқа арналған барлық тақырыптар қамтылған дидактикалық материалдар жинағын даярлап өз сабақтарымда пайдаландым. Дидактикалық материал «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясын пайдалану сабақтарына негізделіп жасалды. Мысалы:

Хабарлы сөйлем.

1. Мәтінді лайықты нақышпен оқып шығындар.

Мәтінде неше хабарлы сөйлем бар?

Армысың, Ертіс

Менің өзенім – Ертіс. Менің қиялымды қаузап, көңілімді қобалжытатын да, сапарға шақыратын да сол. Мені балалық базарын өткізген жерге аттануға ынтықтыратында сол.

Бұл – дүние жүзіндегі үлкен өзендердің бірі, оның ұзындығы 4331 километр! Өзеннің өн бойын алып жатқан етек-жеңі мол алқапты ерте заманнан бері Ертіс өңірі деп атайды. Өзен әр түрлі табиғат аймақтарын – шөлді, тауды, орманды даланы, жазық даланы өктей өтеді. Ертіс өңірі өсімдік пен жануарға бай. Ертіс аңыз бен әңгімеге арқау, жырға желі болған. Ертіс өңірі – қазақтың ұлы ақыны, ағартушы – Абай Құнанбайұлының Отаны.

2. Өздерің тұрған жердің табиғаты туралы «Жерімнің сұлулығына сүйсініп, байлығына қайран қаламын» тақырыбына ойтолғау жазындар.

СӨЙЛЕМНІҢ ҚҰРАМЫ

Сөйлем мүшелері

1. Тапсырма: Мына жүйе бойынша жұмыс істеп, өз білімдеріңе өздерің зерттеу жүргізіңдер. Білім деңгейлеріңді өздерің бақылаңдар.

Сауалнама – интервью

Р/с	Сұрақ	Жауап
1	Сөйлем мүшелері дегеніміз не?	
2	Сөйлем мүшесі бола алмайтын сөздер	1. 2. 3. 4. 5.
3	Сөйлем мүшелерінің негізгі белгілері	1. 2. 3.
4	Сөйлем мүшелері неше топқа бөлінеді?	1. 2.

ТІЛ ҰСТARTY

1. Төмендегі мәтінді оқып, «Тіл - кәрі тарихтың айғағы» екендігіне көздеріңді жеткізіңдер. Тілдің атқаратын қызметі жайында ой қозғаңдар. Осы мәтін негізінде өздерің тұратын жерлеріңдегі тарихи ескерткіштер туралы мәліметтер жинақтаңдар.

Шілікті патша қорғандары

Шығыс Қазақстанның далалық аймақтарында әсіресе, Тарбағатай мен Маңырақ тауларының арасында, қазіргі Зайсан ауданының жерінде алып патша қорғандары кездеседі. Оның ең көп шоғырланған жерін Шілікті ескерткіштері деп атайды.

1960 жылы қазылған «Алтын қорған» деген атау алған обадан 13 қола жебе, жебе салатын қорамсақтың жұрнағы табылған. Жебелер екі қырлы, ұңғылы. Қорамсақ қалың теріден жасалған, қоспаларын тарамыспен тіккен. Қорамсақтың сыртына алтыннан жасалған бұғы мүсінді бірнеше әшекей қаптырма жапсырылған. Оба ішінен бүркіттің 9, қабыланның 29 бедерлі мүсіндері, қабан, балық бейнелері, қанаттары жаюлы құс түріндегі алтын қаптырма және басқа зергерлік әшекейлер табылған. Алтын бедерлі мүсіндер ғажайып шеберлікпен, көркем жасалған. Шілікті «Алтын қорғанынан» табылған заттарды, оның ішкі, сыртқы құрылымын саралай келіп, ғалымдар бұл обалардың салынған уақытын б.з.б. VII-VI ғасырға жатқызды.

Анықтауыш.

1. Мәтінді түсініп оқындар. Үшінші «Алтын адам» шыққан жер Шілікті туралы осыған дейін пайдаланған мәтіндерден естеріңе түсіріңдер.

2. Анықтауыш қызметін атқарып тұрған сөз таптарын ажыратыңдар.

Алтын Адамның Атамекені

Алтын Адам – әлем өркениетінің аруақты ұғымы, таңбалы сөз. Біздің ата-жұртымыз-қазақтың кіндік қаны тамған, қасиеті тасқан қадірлі өлке.

Сонау ежелгі сақ тайпасының ту тіккен Шілікті ордасына 2003 жылы Әлкей Хақанұлы Марғұланнның ізбасар шәкірті Әбдеш Тәшкенұлы Төлеубаев басқарған арнайы археологиялық экспедиция келді. Қазба жұмыстары жүргізілген «Бәйге төбе» обасы көптеген мағлұматтарға жол ашты. Осы обадағы «Алтын адам» қорғанынан табылған баға жетпес құнды жәдігерлердің саны 4262 дана. Алтын әшекей түрінде кездесетін жәдігерлердің барлығы дерлік осы жергілікті жерден табиғи органы мекен еткен жан-жануалар бейнеленген кескіндемесі. Археологтардың айтуы бойынша бұл обалар геометриялық бір есепке бағындырыла орналасқан. Соған байланысты бұл обалардың басы ҚХР-ның территориясындағы «Ақ оба», үлкен маңызы бар өз территориямыздағы «Қақ» деген жердегі «Хан оба», одан кейінгілері жұртқа мәлім «Қос оба» мен «Шаған оба». Ал қалған 57 оба осылардың жалғасы іспетті.

Елбасының «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыру арқылы қазіргі заман мәдениетін жан-жақты дамытып қана қоймай руханият пен ұлт тарихын ұлықтау – бүгінгі ұрпаққа жүктелген міндет.

Ақылдың кені

Ғылымды үйренгенде ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек... Дүниенің ғылымын білмей қалмақтық - бір үлкен зарарлы надандық.

Абай Құнанбайұлы.

... біліміңді еңбек пен өмірдің өзінде шыңдап отыр! Сонда гана білім деп аталатын асыл тас ешқашан тот баспастан жалтырай да жарқырай береді.

Қаныш Сәтбаев.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ИНТЕРАКТИВТІ ТАҚТАНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІН ҚОЛДАНУ

Қазақстан Республикасының «Тілдерді дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының негізгі талабы - мемлекеттік тілді оқытудың саны мен сапасына көңіл бөлу керек».

Қазақ тілін оқыту – қиын да қызық жұмыс. Қазіргі кезде қазақ тілін оқытатын мамандарға қойылатын талап жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалы білім беру. Олардың ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін жетілдіру және танымдық күшін қалыптастыруға жағдай жасау, оқытушының жеке басының интеллектісін, оқу әрекетін, өтетін тақырып мазмұнын аша білу шеберлігін дамыту. Білім негізінен пән арқылы берілетіндіктен, әр пәнді заман талабына сай өз деңгейінде игерту-қай кезде болмасын, ең маңызды мәселе болып келгені даусыз. Технология мен әдістеменің мақсаты бір – “қалай оқыту мәселелерін қарастырады”. “Сабақ беру жай ғана шеберлік емес, ол-жаңадан жаңаны табатын өнер» деп Ж.Аймауытов айтқандай бүгінгі оқыту жүйесінде әр түрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде. Бұлар оқушының жеке қабілетін аша отырып, азамат етіп тәрбиелеумен қатар оқушының танымдық күшін қалыптастыру және білімін кеңейтуге, тереңдетуге жағдай жасайды.

Ұстаз үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойының дамуында басты рөл атқарады.

Жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік,

адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

«Өз еңбегін талдай білген адам ғана тәжірибелі ұстаз бола алады», - деген В.Сухомлинскийдің сөзін оқытушының талмай ізденген еңбегінің нәтижесінде ғана көрінетіні белгілі. Қазіргі кезде ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір оқушыға сапалы және терең білім беруіне жағдай жасап отыр. Оқытушы баяндайды, әңгімелейді, түсіндіреді, ал оқушы тыңдайды, қабылдайды, ойлайды, т.б. таным әрекеттерін жасайды.

“Жүз рет естігеннен, бір рет көрген артық” деген сөздерді ескере отырып, сабақтарымызда мүмкіндігімізге қарай мультимедиялық проекторды пайдаланып отырсақ оқытушының ұтары мол деп ойлаймын. Тек оларды тиімді, жүйелі түрде қолдану оқытушының шеберлігіне байланысты әрқилы жүзеге асырылуы мүмкін.

Технологияны пайдаланудың тиімді тұстары:

- оқушының пәнге деген жеке қызығушылығын оятады;
- танымдық қабілеттілігін қалыптастырады;
- этнопедагогикалық тәрбие береді;
- оқушыны шығармашылық жұмысқа баулиды;
- оқытушының уақытын үнемдейді;
- қосымша мәліметтер береді.

Мультимедиялық проекторды пайдаланудың оқытушыға береріне келсек:

- барлық баланы оқыту;
- оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруға көмектесу;
- білім берудің формасын оңайландыру міндеттерін атқару;
- оқушының жеке қабілетін айқындау, іздену.

Яғни, қазақ тілі сабақтарын слайдтар қолдану арқылы өткізсек, сабағымызда оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттыратынымыз сөзсіз.

Әр саланың өз жаңалық-жасампаздығы болса, біздің тіліміздегі тілдік талдауларға қажетті жаңалықтың бірі – сатылай оқыту

технологиясы. Тіл білімінің қай саласы болмасын сатылай талдануға бағынады. Сатылай кешенді талдаудың маңызы зор деп ойлаймын:

- оқушының материалды қалай меңгергендігі байқалады;
- оқушы білімін тұрақтандыруға көмектеседі;
- ізденуге жетелейді, қызықтырады;
- талдау нәтижесінде оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілеті артады;
- өзіндік пікірі қалыптасады.

Біз-ұстаздар қауымы қандай да болмасын жаңалыққа құлақ түре жүретініміз айқын. Жаңа технологияларды сабақта қолданудың тиімділігін қашан да жолға қоярымыз анық.

Ал, сөйлесу бөліміне көшкенде:

- аспаптар панеліндегі " Мәтін" құралы арқылы клавиатура аспабын таңдап, мемлекеттік тілде сөз тіркестерін, мәтінді тез теруге дағдылынады.

- үй тапсырмасын тексеру, өткен сөздерді қайталаған кезде " Нысанды өңдеу", "перде", " проектор" қолдануға болады. Тез, аз уақыттың ішінде оқушылардың білімдерін тиімді анықтауға мүмкіндік береді.

- телеграф аспабы арқылы сабақтың тақырыбын жазуға болады және оқушылар сабақтың тақырыбына қайта-қайта назар аударып отырады.

- оқушылар есту, көру сезім мүшелері арқылы мәтінді меңгерту мақсатында флипчарт бетіне метін теріліп жазылады , музыканы да қосуға болады .

- мұғалім PowerPoint бағдарламасында жасаған слайдын флипчарт бетіне ауыстырып, аспап панеліндегі құралдарымен әр түрлі жұмыс жүргізе алады.

Интерактивті тактаны пайдалану арқылы оқушылардың білімін тексеру үшін әр тарауды аяқтаған кезде, немесе жаңа сабақты бекіткен уақытта «сұрақ-жауапты» қолдануға болады. Барлық оқушылардан бір уақытта жауап алуға мүмкіндік береді.

Ол үшін интерактивті тақталардың арнайы активте құралдары қолданылады.

Тестілеудің нәтижелерін құрылған график арқылы тексеріп, сол уақытта бағалауға болады. Бұл жүйе тұйық оқушылардың ойын білдіріп, білімі нашар оқушылардың қызығушылығын арттырады. Оқушылар жауаптарын құпия түрде бере алады. Осы аталған бағдарламалардың мүмкіндіктерін сабақта қолдану мұғалімнің уақытын үнемдеп, оқушыларды қазақ тілін білуге қызықтыра түседі. Сонымен қатар нәтижелерімен сол сәтте таныстыруға болады.

Қазақ тілін оқыту үдерісінде ActivStudio бағдарламасын қолданғанда осындай мәселелер анықталады:

1. Техникамен жабдықтандыру мәселесі;
2. Психологиялық кедергілері;
3. Компьютерлік біліктілігінің төмен болуы.

Бірінші мәселені шешу үшін, барлық кабинеттер интерактивті тақтамен жабдықтандырылуы керек. Мектеп кабинеттерінде интербелсенді тақтаның санының аз болуына байланысты оқу бөлімінің меңгерушісі интерактивті тақтамен жүргізілетін бірнеше мұғалімдердің сабақ кестесін дұрыс ойластырып, құрастырса, сонда ғана әр мұғалімге Activ Studio бағдарламасының мүмкіндіктерін тиімді қолдана отырып сабақ жүргізе алатындай мүмкіндік туады.

Инновациялық білім беру – іскерліктің жаңа түрі. Инновациялық қызмет оқу ісін дамытуға, пәндердің мәнін тереңдетуге, оқытушының кәсіптік шеберлігін арттыруға басқа жаңа технологияларды енгізуге, пайдалануға және шығармашылық жұмыстар жүргізуге бағытталған. Мұндай технологияларды қолдану - біріншіден, сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, екіншіден, оқушы ұтады, себебі оның тақырып бойынша танымы кеңейеді. Осылайша білім берудің қалыптасқан әдістемесіне оқытудың жаңа технологиясы тұрғысынан өзгерістер енгізілсе, білім сапасы да арта түспек деп ойлаймын.

А.АБДРАХМАНОВА,
И.Құтпанұлы атындағы
орта мектеп.
Ақмола облысы,
Аршалы ауданы,
Жібек жолы ауылы

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН ӨЗДІГІНЕН ОРЫНДАЙТЫН ЖАТТЫҒУЛАР ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақ тілінен оқушылар орындайтын жаттығуларды әдістемелік еңбектерде: «Жаттығу – оқу материалын меңгертуді ұйымдастырғанда оқу үдерісінде қолданылатын әдістемелік жүйенің құрылымдық бірлігі» деп анықтайды. Жаттығуларды өздігінен орындау негізінде оқушылардың ақыл-ой әрекеттері, ақыл-ой қызметінің белсенділігі қалыптасады, дамытылады. Тілдік және ой операцияларының күрделенуіне байланысты жаттығулардың бірінен соң екіншісі орындалады. Оқушының теориялық білім алуында тиімді нәтижелерге қол жеткізуі үшін жаттығуларды ғылыми негізде тиімділікпен жасауы қажет.

Жаттығуларды орындау барысында оқушылар төменде көрсетілгендей түрлі ізденімдік-зерттеу міндеттерін шешеді:

- тілдік құбылысты бақылайды, оның қандай да бір қасиетін анықтау мақсатында бақылаулар жүргізеді;

- сөздердің табиғатын тануда, жасалу процестерін талдауда фонетикамен, лексикамен, морфологиямен,

синтаксиспен байланысын таниды;
- түрлі шығармашылық мақсаттардағы тапсырмаларды орындайды.

Әдістемелік еңбектерге сүйенсек, тілдік және сөйлеу жаттығуларының қазіргі кезде 30 шақтысы белгілі, олар түріне, тәсіліне, типіне, мақсатына қарай жіктеледі.

Жаттығулар және олардың жіктелуі

Реті	Жіктеме	Жаттығулар
1.	Мақсатына қарай	Тілдік, сөйлеу, рецептивтік, репродуктивтік, аспектілік, кешенді, оқу, табиғи-коммуникативтік, жаттықтыру, бақылау жаттығулары.
2.	Оқу материалы табиғатына қарай	Диалогтік тілдегі, монологтік тілдегі жаттығулар.
3.	Орындалу тәсіліне қарай	Ауызша, жазбаша, бір тілдік, екі тілдік, механикалық, шығармашылық, сыныптық, үйде орындайтын, жеке дайындайтын, екі-екіден, топтық жаттығулар.
4.	Сөйлеу қызметі түріне қарай	Айтылым (говорение), айту-тыңдау (аудирование), оқылым (чтение), жазылым (письмо) жаттығулары.
5.	Сөйлеу формасына қарай	Ауызекі сөйлеу тілі, жазбаша тіл жаттығулары.
6.	Тілдің аспектілеріне қарай	Фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік

Білімді теориялық деңгейде меңгеруі барысында оқушылар бір қабаттық жаттығу түрін орындаумен көзделген мақсатқа жете алмайды, себебі, бір деңгейде орындалатын жаттығулар оқушының теориялық ойлауын дамыта алмайды. Сол себепті жаттығуларды жүйелеп, әр түрлі деңгейге топтауға болады. Ол жаттығулардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар.

Жаттығу жүйесі

I деңгей	Грамматикалық жаттығулар	Тілдік-лингвистикалық жаттығулар, трансформациялық жаттығулар, лингвистикалық эксперимент.
II деңгей	Логикалық жаттығулар	Ұғымды қалыптастыруға арналған жаттығулар, байымдау жасауға машықтандыратын жаттығулар.
III деңгей	Танымдық жаттығулар	Ойын жаттығулар, тапсырмаларды өзара салыстыра алуға үйрету, мұғалімнің немесе оқулықта берілген оқу тапсырмаларын оқушылардың өз бетімен өзгертуі, «Дауыстап ойлауға», яғни өзінің тапсырманы орындау барысын түсіндіріп отыруға үйрету, графикалық үлгілер жасауға үйрету жолдары, оқушылардан компьютер арқылы тест алу.

IV деңгей	Рефлексиялық жаттығулар	Сөйлеуді өңдеуге дағдыландыру, проблемалық ситуациялар жасау және шешуді үйрету, байымдаулардың қарама – қарсылығын анықтауға дағдыландыру.
V деңгей	Тіл дамыту жаттығулары	Танылып отырған нәрсенің басты, негізгі ұғымын анықтауға үйрету жаттығулары, алдағы кезеңде орындалатын әрекеттің мақсатын анықтай алуға дағдыландыру жаттығулары, орындалған оқу тапсырмасын талдай білу, қойылған мәселені шешудің түрлі тәсілдерін алдын ала талқылауға үйрету жаттығулары.
VI деңгей	Тіл мәдениеті жаттығулары	Сөз дұрыстығы, сөйлеу шеберлігіне арналған жаттығулар.
VII деңгей	Шешендікке баулу жаттығулары	Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға, шешендіктің алғашқы тілдік элементтерін меңгеруге, тілдік шешімдерге келу дағдысын қалыптастыруға арналған жаттығулар.

Жаттығулар жүйесін іштей мұндай деңгейлерге бөліп және оларды жіктеу, сипаттау ісі өте күрделі. Өйткені, «тілдік» жаттығулар мен «ойлау» жаттығуларының, «сөйлеу» жаттығулары мен «танымдық» жаттығулардың нақты ара жігін ажырату мүмкін емес. Бір деңгейдегі жаттығуды орындау барысында оқушы екінші деңгейдің де міндет – мақсатын шешіп,

астарласып, қайталап жататыны белгілі. Бұл деңгейлік тапсырмаларды орындау барысында оқушы алдымен тілдік бірліктердің нақты белгісін анықтауы керек, содан кейін, сол белгіні сыртқа жариялап тұрған ішкі қасиеттер мен заңдылықтарды «іздеп - зерттеу, табады», сосын барып оқушы өзінің ауызекі сөйлеуінде немесе жазба тілінде қолданады. Зерттеуші ғалымдардың айтуынша, жаттығулар жүйесі талдау жасаудан басталып, одан кейін оқушының өз бетінше орындайтын жаттығуларына – тілдік конструкцияларды жасауға, өзгертуге, алмастыруға ауысуы керек. Грамматикалық – тілдік жаттығулардың санын мол етіп бергенде, оның барлығы сабақта орындалмайтындығына назар аударғымыз келеді. Бір сабақта талдаудың екі не үш түрі орындалса да, терең, сабақтасқан талдаулар желісі оқушыда топтастырылған ұғым жасауға арналады. Бірақ, жаттығулар оқушылардың өз бетімен орындауына мүмкіндіктер жасап, мол етіп ұсынылады.

Төменде оқушылардың өздігінен орындайтын жаттығуларын 8-сынып оқулығына қосымша ретінде дайындап, назарларыңызға ұсынып отырмын. Бұл жерде «Сөйлем түрлері» тақырыбына жеті түрлі деңгейдегі жаттығулар ұсынылып берілді және жаттығулар соңында тақырыпты бекіту мақсатында «Терме диктанты» алынады.

8-сынып. Сөйлем түрлері.

I деңгей. Грамматикалық жаттығулар.

1-жаттығу. Берілген сөйлемдердің айтылу мақсатын анықтап, жақшаны ашып, көп нүктенің орнына қажетті тыныс белгісін қойындар. Жақшадан неліктен сол тыныс белгіні таңдағандарыңды түсіндіріңдер.

1. Қазір ол келіп қалса ше ... (! , ? , .).
2. Жылқыны тез қайырындар ... (! , ? , .).

3. Ертеңіне ол ақсақалмен ұзақ әңгімелесті ...(!, ?, .).

4. Пай-пай, мынаның шабысын-ай ... (! , ? , .).

II деңгей. Логикалық жаттығулар.

2-жаттығу. Төменде берілген тұрақты сөз тіркестерінің баламасын жақшаның ішінен тауып (әліңе қара, қиянат жасамау, хабарласпау, өте тату), тұрақты тіркестерді қатыстырып, бұйрықты, лепті, хабарлы, сұраулы сөйлемдер құрастырыңдар.

1. Арасынан қыл өтпейді.

2. Ешкімнің ала жібін аттамау.

3. Ат ізін салмау.

4. Көрпеңе қарай көсіл.

III деңгей. Танымдық жаттығулар (графикалық үлгілеу жаттығулары)

3-жаттығу. Берілген сөйлемдердің екпін ерекшелігін графикалық үлгімен көрсетіндер.

1. Алға қадам басты.

2. Ол өз ойын басқаға айтар ма?

3. Табиғат қандай тамаша!

IV деңгей. Рефлексиялық жаттығулар (мәселелік жағдайлар жасау және оны шешу жаттығулары).

4-жаттығу. Сөйлем түрлері түсініктеріңді оппозициялық талдауға түсіріп, ортақ және айырым белгілерін анықтандар.

V деңгей. Тіл дамыту жаттығулары.

5-жаттығу. Сөйлем туралы өздерің оқып жүрген орыс, ағылшын тілдеріндегі сөйлем түрлерін байланыстырып, дәптерлеріңе ғылыми-көркем шығарма жазындар.

VI деңгей. Тіл мәдениеті жаттығулары.

6-жаттығу. Берілген сөздердің синонимдерін анықтандар. Олардың әрбірін қосып бұйрықты, лепті, сұраулы, хабарлы сөйлем құраңдар да, синонимдерін алмастырыңдар, қандай мағыналық өзгерістер пайда

болғанына сипаттама беріңдер.

1. Сабыр.
2. Есті.
3. Қуатты.
4. Келбет.

VII деңгей. Шешендікке баулу жаттығулары.

7-жаттығу. Берілген сөз тіркестерінен рифмалық үлгідегі шешендік сөз үлгісін (сөйлем) жасаңдар.

Азған елдің белгісі, тозған елдің белгісі, көргенділік белгісі, надандылық белгісі, балалықтың белгісі, шалалықтың белгісі

Терме диктанты. Айтылу мақсаты мен сазына қарай сөйлем құрауға негіз болып тұрған сөздерді теріп жазыңдар.

Жиналыс басталды ма? Қане, жігіттер, аттарыңды қамдандар! Сонша малға жерді қайдан таппақсың? Жоғал, көзіме көрінбей! Өзіңіз қандай ақыл бересіз? Тыңда, дала, Жамбылды! Жарыс туын жоғары ұстайық! Жезден ертең келетін шығар? Тапсырманы орындамай көрші! Оған өлең ұнады білем, сірә? Бейшара-ай, мынаның тарта алмай келе жатқанын-ай! Не деген әсем дауыс!

Өздеріңіз байқағандай жаттығулар оқулықтан ауытқымай, тақырыпты жан-жақты ашуға мүмкіндік беретіндей етіп құрастырылған. Мұндай тапсырмалар оқушылардың қызығушылығын арттырып, оқулық шеңберінен тыс жұмыс жасауына қолайлы.

Әдебиет

1 Құрманова Н. «Қазақ тілін дамыта оқыту технологиясы», Астана. 2007.

Авторлық бағдарлама

Г.ӨМІРЗАҚОВА,
Сұраншы Сауранбаев
атындағы орта мектеп.
Алматы облысы,
Райымбек ауданы

“МҰҚАҒАЛИТАНУ”

ҚОЛДАНБАЛЫ КУРСЫ

(8-9-сынып)

Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығының лауреаты М.Мақатаев туралы сөз, айтылар әңгіме аз емес. Уақыт өткен сайын Мұқағали өлеңдері ұрпаққа өнеге, мирас болып жалғасуда. “Қазақ поэзиясының Хантәңірі” атанған М.Мақатаев мұралары ешқашан өлмек емес.

Мектепте жыл сайын “Мұқағалитану” айлығын өткізу дәстүрге айналған. Осы шара кезінде ақын шығармашылығы желісі бойынша салынған суреттер байқауы, өлеңдерін мәнерлеп оқудан байқау, ақын шығармашылығынан қойылымдардан сайыс өтіп тұрады. Ақынның туған күніне орай М.Мақатаевтың шығармашылық мұраларын мектеп оқушылар арасында насихаттау, ақын өлеңдерінің рухында тәрбиелеу мақсатында аудандық «Мұқағали стипендиаты» байқауы өтіп тұрады.

Бағдарлама жеке тұлғаның танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға бағытталған. Ж.Қараевтың «Деңгейлеп оқытуы» мен «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясының әдістеріне негізделген.

Курстың мақсаты: Қазақ поэзиясының Хантәңірі атанған, ғасыр ақыны Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығын тереңірек оқыту. М.Мақатаевтың шығармашылығы арқылы оқушыларға адамгершілік, рухани, патриоттық тәрбие беру, оқушылардың поэзияға деген сүйіспеншілігін дамыту. Еркін ойлауға, өлең арқылы өзін-өзі тануға жетелеу. Ақын жайында мәліметтер жинату, шығармаларында кездесетін кейіпкерлердің прототиптерін анықтау.

№	Тақырыбы	Сағат саны
1-тоқсан		
1.	Мұқағали өмірі туралы мәлімет беру	1
2.	«Қарасаз» өлеңі	1
3.	«Поэзия! Менімен егіз бе едің?!»	1
4.	«Отыздан асып барамын»	1
5.	«Отан» өлеңі	1
6.	«Шеше, сен бақыттысың»	1
7.	Табиғат лирикасы «Күрең күз»	1
8.	«Әбділлаға»	1
2-тоқсан		
1.	«Тоқта, ботам, атаң келеді артыңда»	1
2.	«Фаризаға»	1
3.	«Боз орамал», «Досым саған сенемін» өлеңдері	1
4.	«Анам маған үлкенді сыйла деген»	1
5.	«Таудағы нөсер», «Ей, таулар»	1
6.	Шығарма	2
7.	«Азайып бара жатыр қариялар»	1
3-тоқсан		
1.	«Аққулар ұйықтағанда»	2
2.	«Райымбек! Райымбек!» поэмасы	2
3.	«1941. Ақпан»	1
4.	«Адамдықты, адалдықты теріп ал!»	1
5.	«Атамекен» поэмасы	2
6.	«Наурыз айы туғанда»	1
4-тоқсан		
1.	Прозалық туындылары	1
2.	Аудармалары	1
3.	Күнделік	1
4.	Мұқағали өлеңдерінің құрылысы	1
5.	Мұқағали жайлы не жазылды?	1
6.	Мұқағали өлеңдеріндегі көркемдегіш сөздер	1
7.	«Мұқағали – мәңгілік ғұмыр» атты оқулар өткізу	1
8.	Қорытындылау	1

Әдебиеттер

1 «Мұқағали» журналы. 2008-2015.

2 Бітібаева Қ. «Әдебиетті оқыту әдістемесі». -А., 1997.

3 «Қарлығашым, келдің бе?», «Өмір-өзен». -А., 2005, «Аманат», «Жүрек арызы» жинақтары.

4 «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. 2008-2013.

5 Қараев Ж. «Денгейілеп оқыту».

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Г.ДҮЙСЕНҒАЛИЕВА,

Қарасу ОЖББМ.

Батыс Қазақстан облысы,

Казталов ауданы

ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ. «ӨЗІМ ТУРАЛЫ»

Жалпы мақсат:	Қ.Аманжолов өмірі мен шығармашылығын тану, өлеңін мәнерлеп оқып, мазмұнымен танысу. Өлеңнің құрылысына талдау жасай отырып, өзіндік пірікін еркін айтуға үйрену. Адамгершілікке, қайырымдылыққа баулу. Таным-түсінігін жетілдіру.	
Сілтеме:	1. МАН. 2. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. 3. 7-сыныпқа арналған әдебиет оқулығы. Авторлары: Р.Құтқожина, Қ.Бітібаева, Е.Арын. Алматы. «Атамұра», 2012ж. және Қ.Әбдезұлы, С.Тұрсынғалиева. Астана. «Арман-ПВ», 2012ж.	
Күтілетін нәтиже:	Ақын өмірі мен шығармашылығын біледі. Өлеңін мәнерлеп оқып, адамгершілікке үйренеді. Ақынның адами қасиеттерін табады. Өз ойын еркін айтуға бейімделіп, таным-түсінігін жетілдіреді.	
Негізгі идеялар:	Қ.Аманжолов жастай жетім өскен. Балалар үйінде тәрбиеленген. Өскерде Орал қаласында болып осы жақта театр ашылғанда жұмыс жасаған. Қазақтың талантты ақындарының бірі. Оның «Өзім туралы» өлеңі ақынның автопортреті іспеттес.	
Сабақта қолданылатын материалдар:	1. Постер, маркер, стикер, ноутбук, портрет 2. Музыкалық аспап.	
Оқыту әдістері:	Оқытудағы жаңа әдістер АКТ. СТО Дарынды және талантты балалармен жұмыс Көшбасшылық ОҮБ, ОБ Жас ерекшелігіне сай оқыту.	1. Диалогтік оқыту. 2. Жеке жұмыс. 3. Топтық жұмыс.

Дереккөздер:	«Қазақ әдебиеті» энциклопедиясы, «Қазақ тілі мен әдебиеті орта мектепте» журналы, «Жарар» сайты.		
Тірек ойлар:	Ақынның адал, шыншыл мінезі өзімен бірге өлген жоқ, тамаша өлеңдерінде жүр. (Т.Ахтанов)		
	Сабақтың мазмұны		
Уақыты	Ресурстар	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
5 минут 10:15-10:20		I.Ұйымдастыру бөлімі Амандасу, назарларын бүгінгі сабаққа аудару.	Оқушылардың тиімді жұмыс жасауына жағдай жасау.

	Флеш-тренинг. «Менің көңіл күйім»	Флеш-тренингтің өтуіне ықпал жасау. Мақсатым: сыныптың жылы, мейірімді атмосферасын орнату, көңіл-күйлерін аңғару.	Оқушылар өз көңіл-күйлерінің, сабаққа белсенділіктерінің қандай екенін білдіреді.
8 минут 10:20-10:28		Үй тапсырмасын тексеру. I топ. F. Мүсірепов өмірі мен шығармашылығы. II топ. Қазіргі аналар мен бұрынғы аналарды салыстыру. III топ. Кейіпкерлерге мінездеме.	Үш топ үйге берілген тапсырманы орындап, айтып береді.
		Үй тапсырмасын бекіту. Ашық сұрақтар қою. -F. Мүсіреповтің шығармалары көбіне кімдерге арнап жазылған? -Жалпақ балуанның іс-әрекеті дұрыс деп ойлайсың ба? -Қыздың анасын не себептен босатты? т.б	Берілген сұрақтарға жауап береді?
	«Екі жұлдыз, бір ұсыныс» формативті бағалау.		Әр топ бір-біріне баға беріп ұсыныс айтады.
2 минут 10:28-10:30		Жаңа сабақтың құрамына ат беру. I топ Метафора. II топ Теңеу. III топ Эпитет.	Әдебиет теориясымен топқа бөлінеді.
		Бағалау өлшемдерін құру	Оқушылар жаңа сабаққа өлшем құрады.

10 минут 10:30-10:40		Жаңа сабақ. Ой ашар. -Бұл кім? -Қасым Аманжоловтың сіздер 5-сыныпта қандай өлеңімен таныстыңыздар? Мағынаны тану Жығылсам да жүгірумен өтермін, Аяңшының ақылын мен не етермін. Жығылармын, алқынармын, шаршармын, Барар жерге бұрындық жетермін , -деп жырылап өткен Қ.Аманжоловтың өмірі мен шығармашылығына тоқталып өту. Ақын өлеңдері: Сарыарқа, Ертіс, Жайық, Орал, Мен табиғат бөбегі. Поэмалары: Ақын өлімі туралы аңыз, Қытай қызы, Құпия қыз, Бикеш, Естай-Қорлығайын драмалық дастандары Аудармалары: Ләйл-Мәжнүн поэмасындағы хаттар, Полтава, Маскарад, т.б. Сазгер: Дариға сол қыз, Туған ел, Өзім туралы, Ақсауле, Жас дәурен, т.б. «Өзім туралы» өлеңін музыка пәнінің мұғалімі С.Қажғалиевтің орындауында тыңдату. Өлеңді мәнерлеп оқыту.	Сұрақтарға жауап береді
-------------------------	--	---	-------------------------

5 минут 40:40-10:45	1-тапсырма	Ақынның поэтикалық тіліне талдау жасау. I топ. Теңеу. II топ. Эпитет. III топ. Метафора.	Өлеңнен әдеби теориялық ұғымдарды табу.
5 минут 10:45-10:50	2-тапсырма	I топ өлеңді құрылысына талдайды. II топ Қасымға кластер құрады. III топ. Композициялық құрылысы.	Топтар тапсырмаларын орындайды.
5 минут 10:50-10:55		Қорытындылау. «Сен неткен бақытты едің, келер ұрпақ» тақырыбына эссе-ойтолғау. Ақын арманы орындалды деп ойлайсың ба? Ақын келер ұрпақтан не күтеді?	Шағын эссе-ойтолғау жазады. Ашық сұрақтарға жауап береді.
3 минут 10:55-10:58		Формативті бағалау.	Оқушылар топтарды бағалайды.
2 минут 10:58-11:00		Үйге тапсырма. 1-топқа Қ.Аманжолов туралы қосымша мәлімет. 2-топқа да өлеңден үзінді жаттау.	
		Кері байланыс	Стикерге жазып тақтаға ілу.

**Ж.АСАНОВА,
Д.САЙДИНОВА,
№125 С.Сапарбеков
атындағы орта мектеп.**
Қызылорда облысы,
Жаңақорған ауданы

«СЕНБЕ ЖҰРТҚА, ТҮРСА ДА ҚАНША МАҚТАП»

Мақсаты: білімділік-өлеңнің тақырыбы мен идеясын ашу, жауапкершіліктің қаншалықты маңызды екенін түсіндіру; дамытушылық-өз-өзіне сенімді болу қасиеттерін, ақыл-ойын, тілін дамыту, сөздік қорын молайту; тәрбиелік: қоғамға сенім білдіруге, еңбекқорлыққа, батылдыққа, адалдыққа тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ.

Әдісі: сыни тұрғыдан ойлау, түсіндіру, талдау, мәнерлеп оқу, сөздікпен жұмыс, «Дыбыстар сөйлейді», «Әріптер құпиясы», «Екі жақты түсіндірме күнделігі», мақал-мәтелдер.

Пәнаралық байланыс: тарих, әуез, өзін-өзі тану.

Көрнекілігі: интербелсенді тақта, А.Құнанбайұлының суреті, шығармалары, дәйексөздер, «Түсіндірме сөздік» кітабы, «Сенім» өлеңі.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

А) Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу;

Ә) зейіндерін сабаққа аудару.

Қызығушылықты ояту.

«Мен жастарға сенемін». М.Жұмабаев.

«Өзіне сенген адам қиындықты да, уақытты да жеңе алады».

І.Есенберлин.

«Ұлы шешімнің бастамасы өзіңе деген сенімділікте жатыр».

Самуэл Джонсон.

Мағынаны тану.

Бұл өлең 1896 жылы жазылған. Өлең сол дәуірдің жалпы

жұртына емес, көкірегі ояу, көзі ашық, ойлы жанға арналған. Өзгені қанша мақтағанмен, ішіне қулық сақтап, сол өзі өлердей мақтап тұрған кісісін әбден әуре етіп, көз ала бере жалт беріп, тайып шыға келетін алдампаз туралы тақырыпты ақын әр жылдарда әр тұрғыда көтеріп отырған. Оның негізгі мазмұны алдампаз бен алдамшы уақыт жағдайында туып-өскен ақжүрек азаматқа арналған. Кісіні биік мұратқа бастайтын, сол мұратқа жеткізетін ұлы күш – оның өз бойында, сондықтан да адам жұрттың мақтау сөзіне ермей, өзіне, өзінің адал еңбегі мен ақылына сенуі керек. Мұрат биігіне адамды оның еңбегі мен ақылы ғана екі жақтап алып шығады. Сенгіштік, құмарпаздық, уайымшылдық, қызықшылық – бұлардың қай-қайсысы да кісі серік қылатын қасиет емес. Шын асыл жүректің түбінде жатады, сол асылды таңдаған адам жүрегінің түбіне терең бойлап, іздегенін тек содан ғана табады.

Кітаппен, дәптермен жұмыс.

1. Өлеңді мәнерлеп оқу.

2. Сөздік:

Оңғақ I. зоол. – Судан шығарғанда түсі оңып кететін, денесі ұсақ қабыршақты, шырышы мол тұқымдас балық.

Оңғақ II. – 1. Өңін тез өзгертетін, оңғыш.

2. Айнығыш, өзгергіш, тұрақсыз.

Топпен жұмыс.

1-топ.

1. 1-шумақты өлең құрылысына талда.

2. «Дыбыстар сөйлейді»

С-сенімді, сыпайы.

Е-ерекше, елжанды.

Н-намысшыл, нәзік.

І-ізгі, ізетті.

М-мәдениетті, момын.

2-топ.

1. Өлеңді қара сөзге айналдырып жаз.

2. «Әріптер құпиясы». Берілген әріптер көмегімен «Сенім» туралы өлеңді оқы. НОАСЕРБМҚЖУП.

П – Қабылдас шындығы деп сөзіңнің,

С – Нұрға бөлеп қарсы алады таң алдан,

Н – Бұл ғаламда сені бастар жол алуан
 А – Қауым елдің сеніміне жарасаң,
 У – Бүгіннің де ертең жатар көрінде.
 М – Арманыңның асқарына шығарсың,
 Б – Сенім – патша, сенім – қыран, сенім – жыр,
 Қ - Сенімсіздік орға итерер өзінді,
 Е - Сеніміңмен сен биікте тұрасың,
 Ж - Өз қолыңмен шығартар ол көзінді,
 О - Бірақ, достым, ұзданыңнан тоналма.
 Р - Сонда саған басын иер құзар-шың.
 3-топ.

1. Өлең мазмұнына сәйкес мақал- мәтелдер жаз.
2. «Екі жақты түсіндірме күнделігі».

Мәтінде әсер еткен жай	Өз ой-пікірім

Ойтолғаныс.

Күн сайын биіктеген әр сатымыз,

Біздің бір тілегіміз, мақсатымыз.

Әрдайым ашық болсын аспанмыз,

Сеніммен шыға берсін жақсы атымыз, - дегендей, ақынның өлең жолдарына назар аударайықшы, балалар.

Егер өмірде өзіңе-өзің сенімді болғың келсе, өмірмен бетпе-бет кездесуден қорықпа, үнемі өмір сынағының әр түрінен қашқақтап, жеңілдікпен өтірік көңіл көтерсең, кезең-кезең мәселе туындай береді, өзіңмен-өзің әлектене бересің. Сондықтан өмірдің қиындығын қасқайып қарап қабылда. Жеңіл жол іздеме, қиындықпен күрес. Осының өзі саған өзіңе деген сенімділік әкеледі.

Үйге тапсырма.

1. Өлеңді жаттау;
 2. «Сенім – менің серігім» тақырыбына ойтолғау жазу.
- Бағалау.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ. «ЕКІ ШЫБЫН»

1.	Сілтеме	«Қырық мысал» аудармалар жинағы, «Маса» туындысы, 7-сынып оқулығы.
2.	Жалпы мақсаттар	XX ғасыр әдебиеті жайлы мағұлматтар бере отырып, «Екі шыбын» өлеңінің мәтінін оқу арқылы мазмұнын ашуға, мазмұнын ашудан соң, талдауға жетелеу және патриот, адал, батыл, өзіне сенімді болуға баулу. Өлеңді көркем оқыту. Танымдық көзқарастарын кеңейте түсу.
3.	Оқыту нәтижесі	Мәліметтер алады. Оқи отырып, мазмұнын ашады. Мазмұнын аша отырып, талдайды. Көркем оқиды және салыстырады. Құрылысына талдайды, мазмұнын ашады. Кестемен жұмыс жасалады. Тақырыбы мен идеясын ашады. Фразеологиялық тіркестерді теріп жазады.
4.	Түйінді идея	Қазақ әдебиетінен ойып тұрып орын алып отырған А.Байтұрсынұлының «Екі шыбын» өлеңі, мысал өлеңге жатады. Бұл – өлеңмен жазылған мысал өлең.
5.	Сабақтың түрі	Жаңа сабақ.
6.	Сабақтың тегі	Іздендіру сабағы.
7.	Модульдер	1. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер. (Диалогтік оқыту). 2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету. 3. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау. 4. Оқыту мен оқуда АКТ-ны пайдалану. 5. Талантты және дарынды балаларды оқыту. 6. Оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес оқыту және оқу. 7. Оқытуды басқару және көшбасшылық.
8.	Әдіс-тәсілдер	Топтық жұмыс. «Мені жалғастыр» стратегиясы. Венн диаграммасы. Кестемен жұмыс. Кластермен жұмыс. «Ой тастау», «Ойлау», «Ойлану», «Ойланту» стратегиялары.
9.	Негізгі дерек көздер, ресурстар	Оқулық. Слайдтар. Ватман. Маркер. Бағалау парағы. Түрлі түсті қарындаштар. Тапсырмалар жазылған паракшалар.

Мұғалімнің сабақ бойынша жазбасы

№	Барысы	Мұғалімің әрекеті	Оқушы әрекеті

I	Ұйымдастыру. Үй жұмысы. Үй жұмысына қатысты мынандай сұрақтар жазылған парақшалар таратылады: 1. А.Байтұрсынұлының қандай аудармалар жинағы бар? 2. А.Байтұрсынұлының қандай ғылыми еңбектері бар? 3. «Ақын ініме» өлеңінің негізгі идеясы не туралы? Жеке сұрақ: А.Байтұрсынұлының «Ақын ініме» өлеңінің негізгі тақырыбы неде?	Тыныштандыру; түгендеу; сабаққа баулу. Үй жұмысына қатысты сұрақтар жазылған ресурстар тарату. 8 минут беру.	Тынышталу, дайындалу. Оқушылар сұрақтарға жауап береді. Топ ережесін сақтайды.
II	Қызығушылықты ояту. Сергіту сәті. Топқа бөлу.	«Африка жауыны» сергітуін жасату. «Бір, екі, үш» деген топқа бөлу. 3м.	Сергиді. Топпен отырады.
III	Жаңа сабақ А.Байтұрсынұлының «Екі шыбын» мысал өлеңі.	Мақсатымен таныстыру. Слайд көрсетіледі. 5 м.	Мұқият тыңдайды.
IV	Мағынаны ашу Жеке оқушы үй жұмысы бойынша мысал туралы деректер береді.	Мұқият тыңдау. Сұрақтар қою.	Тапсырмамен танысады. Өлеңді оқып, мазмұнын игеру. Бірінші жеке оқу, топта мазмұнын меңгеру.
V	Тапсырмалар беру 1-топ. Мазмұнын оқу 2-топ. Өлеңде не туралы айтылғанын ашу 3-топ. Құрылысына талдау	Бағыт-бағдар беруші рөлінде 8 минут уақыт беру, бақылау. «Мені жалғастыр» стратегиясы.	Оқулықпен жұмыс жасай отырып, тапсырманы топта орындайды. Парақтарға орындайды.
VI	Ой толғанис. 1-топ. Шыбын мен өгізге Венн диаграммасын жасау керек. 2-топ. «Шыбын қандай?» деген тақырыпта кластер жасайды. 3-топ. «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» деген кестені толтырады.	10 м. минут уақыт беру. Орындалған жұмыстарға ауызша бағалау жасап отыру.	Уақытты тиімді пайдалануға бейімделеді. Топта ақ парақтарға орындайды. Кесте толтырады. Кластер жасайды. Диаграмманы толтырады.
VII	Жеке тапсырмалар. 1. Сурет салу. 2. Фразеологиялық сөздерді теріп жазу. 3. Жаттау. 4. Тақырыбы мен идеясын ашады.	Түсініксіз сұраққа жауап беру. Қадағалау. Бақылау. Сұрауға 4 минут.	Дәптерге, ауызша, А-4 қағазына, орындайды.

VIII	Мақал-мәтел айтысы. Тіл, адамгершілік, ерен еңбек туралы мақал-мәтелдер айтулары қажет.	Әр топқа кезекпен реттілік сақтап айтулары үшін мүмкіндік жасау, бағалау. 2 мин.	Оқушылар әр топтан мақал-мәтелдерді айтады. Айтылып кеткен мақал-мәтелдерді қайталамау керек.
IX	Бағалау. Формативті бағалау.	Мұқият тыңдау. Мұғалім бағалауы әр кезеңде жүреді, жинақтық бағаны соңынан қою. Жинақтық бағалауды соңынан жасау. 4 мин.	Топ басшылары бағалау парақтарындағы өз бағалауларын оқиды. Топ басшыларын тыңдау.
X	Үйге тапсырма 1. «Екі шыбын» мысалы бойынша жеңіл және күрделі сұрақтар ретін құрастырып келу. 2. Жаттау. 3. Мысал жазып келу.	Слайд арқылы беру.	Күнделікке жазу. Сұрақтар қою.
XI	Кері байланыс. Инсерт.	Стикерлер тарату. 3 м.	Рефлексия жазу.

Ресурстар.

1-топ. «Екі шыбын» өлеңінің мазмұнын ашу.

2-топ. Өлеңде не туралы айтылған? Таратып айту.

3-топ. Құрылысына талдау.

Ой толғанис тапсырмалары:

1-топ. Венн диаграммасын жасау.

2-топ. Тірек сызба. «Шыбын қандай?»

3-топ. Кесте толтыру. «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен»

Жеке тапсырмалар

Сурет салу.

Фразеологиялық сөздерді теріп жазу, мағынасын ашу.

Жаттау.

Тақырыбы мен идеясын ашу.

«Екі шыбын» өлеңі бойынша талдау.

Жақсыдан үйрен	Жаманнан жирен
Қорытынды: _____	

Бағалау.

С.АМИРХАНОВА,
Енбекші орта мектебі.
 Атырау облысы,
 Құрманғазы ауданы,
 Жүмекен ауылы

С.МҰҚАНОВ. «ЛАШЫН»

Мақсаты: білімділік-оқушыларға қазақ әдебиетінің ірі тұлғаларының бірі С.Мұқановтың өмірі мен шығармашылығын таныту. Өмібаяндық шығармасы “Өмір мектебі” романынан алынған үзіндідегі саятшылық жайлы ой-пікірін, ұлттық дәстүрді насихаттау; тәрбиелік-оқушыларға эстетикалық тәрбие беру, адамгершілікке баулу, қазақтың ұлттық құсбегілік өнерін дәріптеу; дамытушылық-жеке тұлғаны шығармашылықпен жұмыс жасауға, өз ойын еркін жеткізе білуге, ерік-сезімін дамытуға, тіл тазалығын сақтауға тәрбиелеп, дамыту.

Түрі: шығармашылық сабақ.

Әдісі: Сын тұрғысынан ойлау, еркін жазу, сұрақ-жауап, әңгімелесу.

Пәнаралық байланыс: бейнелеу өнері, тарих, қазақ тілі, әдебиет теориясы.

Көрнекілігі: флипчарт, сызбалар, сөзжұмбақ, суреттер, шығармалар, бейне фильмдер



Автортану.

С.Мұқанов өмірі мен шығармашылығынан бейнефильм көрсету.

II бөлім. “Шығарманы тану-жаңа білім табу”.

Сабақтың тақырыбы: С.Мұқанов “Лашын” 2-бөлім

Әңгіменің тақырыбы: Саятшылық өнер

Негізгі ойы: Ата кәсіп құсбегілікті дәріптеу
 Сабақтың ой-дәні: «Лашын құсқа ауа қадірлі, жүйрік атқа дала қадірлі, ата-анаға бала қадірлі»

Төмендегі жоспар бойынша оқушыларға әңгімелету, лашынның құс алуы жайлы бейнефильм көрсету:

Жоспар:

1. Балтабай ауылында.
2. Саятшылық.
3. Лашының құс алуы.
4. Шілдеде құс алу.

Білім көкжиегі (оқулықпен жұмыс).

I топ.

Мәтіннен Ахметтің портретін тауып оқы.

II топ.

Лашын құсты суреттеген жерін тауып оқы.

III топ.

Дабыл аспабы жайлы деректі тауып оқы.

Таным дерек: Дабыл аспабы жайлы.

Этнография деп халықтың байырғы тұрмыс-салтын зерттейтін саланы айтады.

Этнографиялық бұйым немесе құрал деп байырғы тұрмыс-салтта қолданылған заттарды айтады. Мысалы: дабыл-этнографиялық құрал. Өйткені ертеде халық оны аңшылықта қолданған.

Зердене тоқы! Мәтінмен жұмыс (интербелсенді тақтада орындайды)

Шығармада кездесетін өлең жолдары	Шығармадағы құс атаулары	Теңеу сөздер	Тұрақты тіркестер	Эпитеттер	Ахмет құс салуға шығатын кезең

Керекті сөздер: жарау ат, құлақ естір жерде жоқ, қыран құс қисық ұшып, түзу ілер, сүңгуір қайықтай, өткірлігі ұстарадай, қаз, Шабдан мұртты, құс салып, айдын көлді дабылдаттым, лашын, дуадақ, таңның атуы мен көтерілуінің арасы, күннің еңкеюі мен батуының арасы, айдын көл, көз көрім жер, үйрек.

“Құс аулау” ойыны.

I-топ. Үйректер сұрағына 10 20 30

2-топ. Қаздар сұрағына 10 20 30

3-топ. Дуадақтар сұрағына 10 20 30 ұпайларын таңдау арқылы жауап берді.

Сауалдары:

1-топ.

Үйректер сұрағы 10 С.Мұқанов кім?

Үйректер сұрағы 20 Аңшы құстарды ата?

Үйректер сұрағы 30 Дабыл деген не?

2-топ.

Қаздар сұрағы 10 Ахмет қазақ халқының қандай кәсібімен айналысады?

Қаздар сұрағы 20 Құстар жайлы мақал-мәтелдер айтыңыз

Қаздар сұрағы 30 Құстарда жауынан қорғану үшін қандай сезім мүшелері жақсы дамыған?

3-топ.

Дуадақтар сұрағы 10 Ахметтің лашыны неше түлекте?

Дуадақтар сұрағы 20 Ахмет құс аулауға неге шілдеден кейін шығады?

Дуадақтар сұрағы 30 Құстың отқа шығар кезі қай кез?

РАФТ стратегиясы

I топ

Роль -Оқушы бала

Аудитория -Сынып бөлмесі

Форма - Хат

Тақырып- Лашын- саят құсы

II топ.

Роль -Құсбегі

Аудитория -оқушылар

Форма - үндеу

Тақырып Саят құстарын қорғандар!

III топ.

Роль - Жазушы

Аудитория -оқушылар

Форма - ертегі

Тақырып -«Саятшылық -өмірдің бір қызығы»

Ендеше біз қиялға ерік берелік,

Ұйқастарға шумақ құрап көрелік!

I топ

-----саятшылық,

-----саят құрып.

-----аңға шығу,

-----қандай қызық.

II топ

-----ұлттық өнер,

-----ой бөлінер.

-----таза ауада,

-----жан сүйсінтер.

III топ

-----Сәбит аға,

-----кемел дана.

-----ақылшы ұстаз,

-----Ұлы мұра.

Сәйкестендіру.

А.Құнанбаев.

Лашын

С.Мұқанов.

Қызғыш құс

М.Өтемісұлы.

Қыс

М.Әуезов.

Шілде

С.Торайғыров.

Ақын қонақтар

Қорытындылау. “Тұжырым” кестесі.

Ахметке мінездеме	Шығармадан алған әсерім	Кейіпкерге баға

Б.МАМБЕТОВА,
ҚазГЗУ гуманитарлық
заң колледжі.
Астана қаласы

ӘНШІ-САЗГЕР АҚЫНДАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА ШОЛУ

Мақсаты: жаңа тақырыпты меңгеру; теориялық білімді тәжірибеде қолдануға дағдылану. Міндеттері: білімділік-әнші-сазгер ақындар шығармаларының құндылығын, маңызын, ерекшелігін түсіну; қазақ ән өнеріне қосқан үлесін білу; дамытушылық-ой-өрісін кеңейту; тіл мәдениетін жетілдіру, шығармашылық ізденістерге баулу; тәрбиелік-халқын, өнерін, салт-дәстүрін, ана тілін құрметтеуге тәрбиелеу, эстетикалық тәрбие беру. Түрі-шығармашылық-ізденіс сабағы. Типі-жаңа сабақты меңгеру. Оқыту формасы-ұжымдық, топтық, жекеше. Әдісі- әңгімелеу, проблемалық-ізденіс. Пәнаралық байланыс: тарих, орыс әдебиеті, құқықтану, ән-күй. Көрнекілігі: интерактивті тақта, слайд материалы, күй-табақ, әдебиеттер, қоржын.

Сабақтың құрылымы.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Сабаққа қызығушылықты ояту.

III. Жаңа сабақ.

IV. Оқулықпен жұмыс.

V. Проблемалық тапсырма.

VI. Рефлексия.

VII. Үйге тапсырма.

VIII. Бағалау.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі. Студенттердің зейінін сабаққа бейімдеу.

II. Сабаққа қызығушылықты ояту. Құрметті студенттер, бүгінгі әдебиет сабағын ән айтып бастайық. Біржан салдың «Көкек» әнін

тыңдау.

Оқытушы: - Біржан кім?

Ықтимал жауап: - Біржан-ақын, әнші, халық композиторы. Шыққан тегі-Орта жүз, руы-Керей, оның ішінде Ақсары. Қожағұлдың баласы Тұрлыбайдан туған. Ақмола облысы, Еңбекшілдер ауданында дүниеге келіп, 1834-1897 жылдар аралығында өмір сүрген.

Жаңа сабақ. Әнші-сазгер ақындар шығармашылығына шолу. Біржан сал Қожағұлұлы «Жамбас сипар», «Ләйлім шырақ», «Теміртас», «Сырғакты», «Жанбота», «Көкек» әндері.

Сабақтың тақырыбын, мақсатын хабарлау.

Кіріспе сөз. - Сіздерге бүгінгі жаңа сабақтың тақырыбын тыңғылықты меңгеру мақсатында ізденіп оқуға тапсырма берілген.

Ұжымдық тапсырма.

1. Біржан сал Қожағұлұлының өмірбаяны мен шығармашылығын оқып, мазмұнын баяндау.

2. Сал-сері сөздерінің мағынасын ашып, түсіну.

3. Әнші-сазгер ақындар шығармашылығын зерттеп, сызбаны толтыру.

Дамуы	
Өкілдері	
Шығармалары	
Тақырыбы	
Ерекшелігі	
Қазақ ән өнеріне қосқан үлесі	

Студенттерді «Ақындар», «Әншілер», «Сал-серілер» тобына бөлу.

Үйге берілген ұжымдық тапсырманы үш топқа бөліп қорғату. «Ақындар» тобы. Тапсырма. (Сайыс)

1. Әнші-сазгер ақындар деп кімдерді атаймыз?

2. Олардың шығармаларында қандай тақырып негізгі орын алады?

3. Шығармаларының ерекшелігі неде?

4. Қазақ ән өнеріне қосқан үлесі қандай?

5. «Ғалия», «Гэкку», «Балқадиша», «Қорлан» өлеңдерінің авторларын атаңыз.

6. 1865 жылы Абай ауылына барған ақын.

7. «Айтбай» өлеңі кімге арналған?

8. «Теміртас» әніндегі трагедиялық сезім.

9. Сал-серілер туралы кімдердің еңбектері бар?

10. Сал-сері деп қандай адамды айтамыз? Сал мен серінің арасында айырмашылық бар ма?

Ықтимал жауап.

Әнші-сазгер ақындар деп сал-серілік өнер өкілдерін атаймыз.

Олар: Шөже, Салғара, Толыбай, Орынбай, Нүркей, Сегізсері, Арыстан, Біржан, Сара, Әсет, Доскей, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ, Ақан сері, Шолтаман, Тастемір, Досат, Тұрсын, Жылкелді, Әділ, Өскінбай, Мұхит, Нартай, т.б.

Шығармалары. Біржан сал: «Жамбас сипар», «Теміртас», «Сырғақты», «Жанбота», «Көкек», «Жонып алды», «Ләйлім шырақ», «Айтбай», «Ақтентек», «Алтын балдақ», «Бірлен», «Ғашығым», «Мәті Дәулен», Ақан сері: "Ақтоқты", "Мақпал", "Перизат", "Ақсауақ", "Жамал қыз", "Балқадиша", Үкілі Ыбырай- "Гэкку", Естай-"Қорлан", Балуан Шолақ: «Ғалия», Жаяу Мұса-«Ақсиса», т.б. Олар шығармаларында әлеуметтік теңсіздікті сынап, пәк таза махаббатты, сұлу әйел сипатын, жастық шақ, жігіттік арман, ар-намыс бостандығын, әйел затының әдемі көрік-келбетін, жан дүниесінің сұлулығын жырлаған. Сал-сері өнер өкілдерінің шығармаларының ерекшелігі: ақындар әннің мәтінін де, әуендерін де өздері шығарады және ол әндерді өздері айтып береді, музыка аспапты өздері тартып, өздері сүйемелдейді. Әнші ақындар тек ән шығарумен ғана тынбаған, кейбіреулері айтысқа да түскен, енді біреулері ойын-тойларда өлең-жыр айтқан. Әншілік-өнер мектептерін, орта дәстүрін орнықтырып, қазақ әндерінің формалық жағынан байи түсуіне шексіз үлес қосқан. Сал-серілік өнердің ерекше дамыған кезі - 19 ғасырдың 2-жартысы мен 20 ғасырдың басы. Сал-серілер туралы Ш.Уәлихановтың, Ә.Марғұланнның, С.Мұқановтың, І.Жансүгіровтың еңбектері бар.


Сал дегеніміз-аса талантты, бір өзі бір театрдың қызметін атқаратын, ерекше әрі қымбат, әсем киінген, жүріс-тұрысы, іс-әрекеті мүлде бөлек, дүниесін, мал-жанын осы жолда аямайтын мәрт, жомарт жан. Оның киімдері кісі таңданарлықтай басқаша үлгіде тігіледі. Сән-салтанатты басқа, ер-тұрманы да сұлу әрі сымбатты, әшекейлі. Сал — халықтың еркесі, қызығы, думаны.

Сері де-сал сияқты әнші, күйші, ақын, өнерпаз. Оның киім киісі сұлу да сыпайы. Осындай өнердің сыртында ол жүйрік баптап, құс салатын, әрі аңшы, саятшы, әрі мерген, әрі палуан, әрі шешен, әрі шебер, қысқасы, халық сөзімен айтқанда, "сегіз қырлы, бір сырлы" аса биік тұлғалы азамат. Сал-серілерді Әз-Жәнібек, Абылай хандардың өзі жоғары бағалаған, құрмет көрсеткен. Серілер репертуары салдардікінен едәуір аз болған, олар лирикалық әндер, мақтау өлеңдер шығарып, айтыстарға түскен. Серілерді сал типінің негізінде өткен ғасырда қалыптасқан өнер иелерінің жана түрі деуге болады.

«Әншілер» тобы. (Слайд материалы).

Тапсырма. Біржан сал шығармаларының тақырыптарын айқындау.

Біржан әндері белгілі бір тақырыпқа байланысты туды. Әндерінің тақырыбы негізінен екі салаға бөлінеді. Әлеуметтік теңсіздікке наразылықтан туған әндері: «Жамбас сипар», «Теміртас», «Сырғақты», «Жанбота», «Көкек», «Жонып алды», «Ләйлім шырақ». Махаббат лирикасына арналған әндері: «Айтбай», «Ақтентек», «Алтын балдақ», «Бірлен», «Ғашығым», «Мәті Дәулен», т.б.



«Сал-серілер» тобы. (Баяндау)

1.«Жанбота», «Ләйлім шырақ» өлеңдерінің шығу тарихын баяндау.

Сарапшылардың сараптамасы.

IV. Оқулықпен жұмыс.

«Жанбота» өлеңін оқып талдау. Ұжымдық жұмыс.

Авторы.

Тақырыбы.

Жанр түрі.

Идеясы.

Біржан мен Жанботаның образы.



V. Проблемалық тапсырма. Топтық жұмыс. (Мамандыққа бейімдеу)

Сіздер болашақта Қазақстан Республикасы Конституциясының 2-бөліміндегі 12-бапта жазылған «Адамның құқығын, бас бостындығын қорғау» туралы заң ережесін оқып меңгересіздер. Халыққа адал қызмет жасайтын заңгер боласыздар. Қазір алдарыңызда жатқан Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 107-бабын оқып, ондағы жазылған заңға сәйкес Біржан салдың азаматтық құқығын қорғап, Азнабай, Поштабай, Жанботаларға жазаның қандай түрін қолданар едініздер.

Сөздік қорда қолданылатын заң терминдері: жаза, айыппұл, айыпты, құқығын шектеу, ар-намысын таптау, бас бостандығынан айыру, қасақана жасалған қылмыс, бап, заң, ауырлығы орташа қылмыс, ауыр қылмыс, ерекше ауыр қылмыс, үкім, сот, қорғаушы.

VI. Рефлексия. Бүгінгі сабақтың құндылығы, жаңалығы қандай? Жаңа ақпарат алдыңыздар ма?

VII. Үйге тапсырма. «Көкек», «Жамбас сипар», «Сырғақты» өлеңдерін талдап, мәнерлеп жатқа оқу. Ә.Марғұлан. «Қазақтың сал-серілік дәстүрі» еңбегін оқу. «Біржан өлеңдері-қазақ поэзиясының үлкен арнасы» тақырыбына ойтолғау жазу.

VIII. Студенттердің білімін бағалау.


Ж.АБДУАЛИЕВА,
Тараз Мемлекеттік
педагогикалық институты.

Тараз қаласы

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ. «ЛЕНИНГРАДТЫҚ ӨРЕНІМ»

Сабақтың мақсаты:	1. Ақынның биікке көтерген өлеңінің тақырыбын, идеясын ашу, ерекшелігін таныту. 2. Оқушылардың креативті (шығармашылық) ойлау дағдылары, топтық жұмыстар кезінде ой-пікірін еркін жеткізу, 3. Тапқырлыққа, шешендікке, отансүйгіштікке тәрбиелеу.	
Оқып-үйренудің негізгі нәтижесі:	1. Ақынның шығармашылығы туралы кеңінен мәлімет алады. 2. Өлеңнің басты тақырыбы мен идеясын талдай алады. 3. Топта ынтымақтастықта жұмыс жасай біледі, өз ойын еркін жеткізе алады, шығармашылық қабілетін дамытады.	
Түйінді идеясы:	Өлеңге мазмұндық талдау жүргізу арқылы оқушы бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, деңгейлік сұрақтар арқылы оқушыны ойлануға, салыстыруға, өзіндік бағалау дағдысын қалыптастыруға үйрету.	
Сабақ берудегі әдіс-тәсілдер:	«Доп лақтыру» әдісі, «Өзара бөлісіп оқыту» тәсілі, «Сөздерді алмастыр» әдісі, «Автор орындығы» стратегиясы, сұрақ-жауап, ой бөлісу, СТО стратегиялары: еркін жазу стратегиясы, жеке жұмыс, топтық жұмыс.	
Оқыту түрі:	бірлескен ұжымдық іс-әрекет.	
Көрнекіліктер	Интерактивті тақта, слайдтар, плакаттар, тарапта материалдар, маркер, стикер, ақын жайлы жазылған құнды пікірлер. Пәнаралық байланыс: қазақ тілі, тарих.	
Пәнаралық байланыс	Қазақ тілі, тарих.	
Сабақ барысы	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. 3 минут	1. Сыныпта психологиялық ахуал қалыптастырып, сәлемдесу. Шаттық шеңберін құрып, бір-біріне күн суретін бере отырып, тілек айтқызу. Түрлі-түсті стикер арқылы топқа бөлу. 3 түрлі стикерге «зерттеушілер», «адебиетшілер», «тілшілер» деген сөздерді жазу.	Назарларын сабаққа аударып, сәлемдеседі. Күн суретін бір-біріне бере отырып, жылы лебіздерін білдіреді.

Білу. 5 минут.	<p>I топ- «Зерттеушілер».</p> <p>II топ- « Әдебиетшілер».</p> <p>III топ- «Тілшілер».</p>	<p>Оқушы стикерге жазылған сөз бойынша топтарға бөлінеді.</p>
	<p>«Доп лақтыру» әдісі бойынша үй тапсырмасын сұрау.</p> <p>Бірінші допты топтағы кез келген оқушыға лақтырып, сұрақ қою.</p> <p>Жамбыл қай жылы дүниеге келді. (1846 ж. 28 ақпан)</p> <p>-Балалар, біздің бүгінгі өтетін сабағымыз ерекше сабақ болмақ. Сондықтан әрбір айтқан сөзімізді жүрегімізбен ұғып, көңілімізге тоқып қазақ халқының ақыны Қадыр Мырза Әліше айтсақ:</p> <p>«Тындай білу-ұлылық, Тындата білу — даналық» деп сабағымызды бастамас бұрын бейне таспадан үзінді көрсету.</p> <p>«Соғыс» туралы бейнетаспа көрсетіледі. Бейнетаспада көрсетілген үзінді жайында сұрау.</p> <p>Сұрақтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Біз көрген фильм не туралы? 2. Ұлы Отан соғысы қай жылдары болды? 3. Ұлы Отан соғысына қатысқан батырлардан кімдерді білесіңдер? 4. Ұлы Отан соғысына арнап өлең шығарған қандай ақындарды білесіңдер? <p>Оқушылардың жауабы арқылы сабақтың тақырыбы анықталады.</p> <p>«Өзара бөлісіп оқыту» тәсілі бойынша үш топқа тапсырманы бөліп беру.</p> <p>1-топ - Жамбыл туралы пікірлер</p> <p>2-топ – «Ленинградтық өренім» өлеңі мазмұнын постерге түсіру</p> <p>3-топ- Өлеңді СКТ бойынша талдау «Сөздерді алмастыр» әдісі.</p> <p>Тапсырма: Өлеңнен әр топқа бір-бір азат жолдан үзінді беріліп, асты сызылған сөздерді синоним сөздер мен алмастырып жазу тапсырылады.</p>	<p>Допты тосып алған оқушылар бір-біріне сұрақ қойып, лақтырады.</p> <p>Оқушылар сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Оқушылар өз ойларын айтады, қызығушылықтары артады.</p> <p>Әр топ өздеріне берілген тапсырмаларды оқып, постерге түсіріп, айтып береді, әдеби теориялық ұғымдармен танысады.</p>

Талдау. 5 минут.	1-топ. Ленинградтық өренім, Мақтаным сен едің! Нева өзенін сүйкімді, Бұлағымдай көремін.	Оқушылар өлең жолының мәтінімен таныса отырып, синоним сөздермен алмастырып жазып, жеке шығармашылық жұмыстарын орындайды. Өлең мазмұнының өзгерісі туралы айтып береді.			
Жинақтау.	2-топ. Жасағам жоқ өмірді, Жау сойқанын көргелі. Нева алыбын қорыңдар, Ленинградтың ерлері!				
Бағалау.	3-топ. Ленинград ұл, қызы, Қайыспандар өренім! Ұрпаққа үлгі болыңдар, Заманымның өрнегі! Өлең мазмұнына арналған кестені толтыру	Әр топ кестені толтырып шығады.			
Үйге тапсырма	<table border="1"> <tr> <td>Ақынның Ленинград қаласына деген ықылас, сезімін білдіретін өлең жолдары.</td> <td>Ақынның жауға деген ыза-кегін білдіретін жолдар</td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> </tr> </table>		Ақынның Ленинград қаласына деген ықылас, сезімін білдіретін өлең жолдары.	Ақынның жауға деген ыза-кегін білдіретін жолдар	
Ақынның Ленинград қаласына деген ықылас, сезімін білдіретін өлең жолдары.	Ақынның жауға деген ыза-кегін білдіретін жолдар				
Рефлексия	<p>ВЕНН диаграммасы</p> <p>Жамбыл Жабаев «Ленинградтық өренім» өлеңі мен Сырбай Мауленовтің «Менің Республикам» атты өлеңін салыстыру.</p>  <p>«Автор орындығы» әдісі. (Өлеңнен қандай әсер алдыңдар?) Соңғы сөзді мен айтайын...»</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жамбыл атаға хат. <p>Мұғалімнің қорытынды сөзі: Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Егер біз Жамбыл даналығын тәу етіп, ұлылығын ұлағат тұтып жатсақ, оның бас себебі Жамбыл арманының адамзаттық арман аңсарымен ұласып жатқандығында. Сондықтан да қазақтың Жамбылына адамзаттың Жамбылы ретінде құрмет көрсетіп, өлмес рухының алдында басымызды иеміз»,- деп сабағымызды аяқтаймыз.</p> <p>Ж.Жабаевтың «Ленинградтық өренім» өлеңінен үзінді жаттау.</p> <p>Бүгінгі сабақтан алған әсерің қандай? Бүгінгі сабақ несімен ерекшеленді?</p>	<p>Оқушылар тек ұқсастықтарын тауып жазады.</p> <p>Оқушылар тек ұқсастықтарын тауып жазады.</p> <p>Әр топ «Автор орындығы» арқылы шығармашылық жұмыстарын оқып, бағалайды.</p> <p>Үй тапсырмасын түртіп алады.</p>			

Ш.ҚАБДУАЛИ,
«Ақтоғай ауданының
жалпы білім беретін
Шолақсор орта
мектебі» КММ.
 Павлодар облысы,
 Ақтоғай ауданы

Т.АХТАНОВ. «КҮЙ АҢЫЗЫ»

Сабақтың мақсаты:	Оқушылардың ізденуіне жол ашу, қосымша тапсырмалар арқылы дүниетанымын кеңейту, сыни тұрғыдан ойлай отырып күй және бозинген туралы қосымша мәліметтермен жұмыс жасауға жұмылдыру
Сабақтың міндеттері:	Алған білімін кеңейту, өз ойын еркін жеткізу; Т.Ахтанов және «Күй аңыз» туралы білімдерін толықтыру.
Сабақтың нәтижесі:	Күй және күйші, бозинген туралы білімдері толығырақ. Әр түрлі тәсілдер арқылы жұмыс жасауға төселеді. Бір-бірін тыңдап, пікір айтуға дағдыланады.
Сабақтың табыс өлшемдері:	1. Бейнесюжет көреді, сол арқылы топтар ойларын жеткізеді. 2. Жазушы және оның шығармалары жайлы қосымша мәлімет іздейді және оқу арқылы жүзеге асады; 3. «Наридірген», «Бозинген» күйлерінің шығу тарихымен танысады, пікірлеседі 4. «Күй аңыз» әңгімесіне толық, жан-жақты әдеби талдау жасайды, тест орындап, білімдерін пысықтайды.
Сабақтың әдіс-тәсілдері:	Сұрақ-жауап, ізденушілік. Сыни тұрғыдан оқу мен жазуды дамыту технологиясының элементтері, талдау, жинақтау, сұрақ-жауап, жеке жұмыс, жұппен жұмыс, топпен жұмыс.
Көрнекілігі:	Тақырыпқа қатысты түрлі-түсті суреттер, А4 қағазы, тірек - сызбалар.
Сабақта қолданылған құралдар:	интербелсенді тақта, ноутбук, фотосюжет.
Пәнаралық байланыс:	Тарих, музыка, қазақ тілі.
Сілтеме:	1. 8-сынып. «Қазақ әдебиеті» оқулығы. С.Мақпырұлы, А.Қыраубайқызы, К.Құрманбай. Қазақ әдебиеті. «ШЫҢ» кітабы.

Сабақтың барысы:	45 минут				
Кезеңдері	Модуль	Уақыты	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	
Ұйымдастыру кезеңі		1 минут	Бінтымақтастық атмосферасын қалыптастыру 1. Сәлемдесу. Сынып оқушыларын ұйымдастырып, сабаққа бейімдеу. Тренинг өткізу. Шаттық шеңбері. «Жылы лебіз» тілектер айту.	1. Оқушылар дөңгеленіп шаттық шеңберін құрады, бір-бірлеріне «жылы лебіз, тілектер» айтады, мысалы: әдемісің, ақылдысың, мейірімдісің, сұлусың, т.б.	
		2 минут	2. Оқушыларды топқа бөлу. Оқушыларға түйе мен домбыраның суреті бар мозаика таратылады.	2. Түйенің және домбыраның суреті бар мозаиканы тауып топқа бөлінеді. (бүгінгі тақырып домбырада ойнаған күйге иіген інген жайлы екенін біледі)	
1. Білу.	ОУБ, ЖЕСО, ТЖДБӨ, СТО, АКТ.	2 минут	«Инсерт» әдісі бойынша сабақтың басында, аяғында (ауызша түрде сұраймын):	Инсерт әдісі (өздері толықтырады)	
		4 минут	Білетің	Білім	Нені білгің келеді?
		4 минут	1. Сөзмаржан. «Серпілген сауал» стратегиясы қолданылады. Түйе мен күйшілердің суреті бар фотосюжетті көрсету арқылы «Миға шабуыл» әдісі ұйымдастырылады. 2. Зерттеушілік диалог әдісі. Жоғары деңгейдегі сұрақтар (оқушылардың зерттеушілік диалогы бойынша сабаққа қызығушылығын аңғару). 1. Фотосюжеттен нені байқалдылар? 2. Суретте қандай әрекеттерге ерекше мән бердің? 3. Күйді тыңдау кезіндегі әсерің қандай? т.б.	Түйе 5 түлік малдың бір. Оның сүті шубат деп аталады, ірі жануар т.б.	Оқушылар «Миға шабуыл» әдісі арқылы тақырыпқа шығатын сұрақтарға жауап береді. Өз ойларын, пікірлерін жеткізеді, «Серпілген сауал» стратегиясының мақсаты: тақырыптың түсіну деңгейін арттыруға және талқылау дағдыларын дамытуға қол жеткізу үшін сыныптағы оқушылар сұрақтарға жауап береді. Сұрақ-жауап кішкентай доп арқылы жүзеге асады.

				«Зерттеушілік диалог» әдісі 1. Оқушылар суретті мұқият көреді. 2. Жеке жұмыс. Сұрақтарға жауап береді. 3. Күй арқылы берілген фотосюжетті мұқият тыңдап көреді, естерінде сақтайды. (Әр тапсырма сайын оқушылар топта бір-бірін смайлик арқылы бағалап отырады).
II. Түсіну.	СТО, ОмОЖТ, АКТ, ТЖДБО	9 минут	Ақпараттағы ақаулық. Шығарманың ішінен үзінділердің қиындылары беріледі. Оқушыларға тапсырмалар жеке қағазға кесте түрінде жазылып беріледі және интербелсенді тақтадан көрсетіледі.	Жұптық жұмыс 1-оқушыда ақпараттың үзіндісі жазылған парақ бар. Ақпараттың қалған бөлігі 2-оқушыдағы паракта. Жұптағы екі оқушы нүктенің орнындағы сөздердің ақауларын орнына қойып бір-біріне өз бөлігіне қатысты түсініктеме береді, Ақпаратты толықтырып қатесіз орындауға тырысады. Жұптар сыныппен кері байланыс орнатады.
III. Қолдану.	ТЖДБЖ, ЖЕ-СОЖО, АКТ, ОмОЖТ, ОұБЖОБ	6 минут	Семантикалық карта толтыру.	

				Семантикалық картаны толтырып, өз білгендерін ортаға салады.																																				
				<table border="1"> <tr> <td>Үзінді</td> <td>Естемес</td> <td>Оразымбет</td> <td>Шал</td> <td>Жаңыл</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>	Үзінді	Естемес	Оразымбет	Шал	Жаңыл																															
Үзінді	Естемес	Оразымбет	Шал	Жаңыл																																				
IV. Талдау (анализ).	ОҰБ, ЖЕСО, ТЖДБО, СТО, АКТ	10 минут	Тапсырмалар: I-тапсырма. I топ – Сатылай кешенді талдау II топ – Шығарма құрылымына (композициясына) талдау Кейіпкерлер мінезін аштыру.	Оқушылар сатылай кешенді және композициялық талдаулармен жұмыс жасайды. Шығарманың ішінен көркемдік құралдарды табады. Жұптық жұмыс. Топтар бір-бірін бағалайды. Кейіпкерлер мінезін ашып, өз пікірлерін білдіріп, талдап береді.																																				
			<table border="1"> <tr> <td>Кейіпкер</td> <td>Іс-әрекет</td> <td>Мінезі</td> <td>Портреті</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>	Кейіпкер	Іс-әрекет	Мінезі	Портреті													<table border="1"> <tr> <td>Кейіпкер</td> <td>Іс-әрекет</td> <td>Мінезі</td> <td>Портреті</td> </tr> <tr> <td>Естемес</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Оразымбет</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Ақсақал</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Жаңыл</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>	Кейіпкер	Іс-әрекет	Мінезі	Портреті	Естемес				Оразымбет				Ақсақал				Жаңыл			
Кейіпкер	Іс-әрекет	Мінезі	Портреті																																					
Кейіпкер	Іс-әрекет	Мінезі	Портреті																																					
Естемес																																								
Оразымбет																																								
Ақсақал																																								
Жаңыл																																								
V. Жинақтау (синтез).	ОҰБ, ЖЕСО, ТЖДБО, СТО, АКТ	4 минут	Ой қозғау. 1.«Күй аңыз» тақырыбын қорытындылайтын және түйе малына қатысты қосымша не білетіндерін анықтау үшін тест беріледі. 2. «Инсерт» әдісі сабақтың соңында:	1. Тестпен жұмыс жасайды. 2. Инсерт әдісі (3 бағанды да толықтырады)																																				
			<table border="1"> <tr> <td>Білетінім</td> <td>Білдім</td> <td>Негіз білгім келеді?</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>	Білетінім	Білдім	Негіз білгім келеді?				<table border="1"> <tr> <td>Түйе 5 тулік малдың бірі. Оның сүті шұбат деп аталады, ірі жануар.... т.б.</td> <td>аруана, нар, илген, мая, бұра т.б атаулары бар екенін білдім... т.б</td> <td></td> </tr> </table>	Түйе 5 тулік малдың бірі. Оның сүті шұбат деп аталады, ірі жануар.... т.б.	аруана, нар, илген, мая, бұра т.б атаулары бар екенін білдім... т.б																												
Білетінім	Білдім	Негіз білгім келеді?																																						
Түйе 5 тулік малдың бірі. Оның сүті шұбат деп аталады, ірі жануар.... т.б.	аруана, нар, илген, мая, бұра т.б атаулары бар екенін білдім... т.б																																							
VI. Бағалау.	ОұБЖОБ, СТО, ОмОЖТ, ТЖДБО, ОұБЖОБ	3 минут	Үйге тапсырма: «Жүрек қылын тербеген құдретті күй» тақырыбына эссе жазып келу. Формативті бағалау. Әр смайликтің қасында ұнайлары берілген. Оқушылардың әрқайсысының алдында жеке-жеке смайликтер таратылады. Рефлексия: Кері байланыс үшін «Тілек ағашы» ұсынылады.	Оқушылар смайлик арқылы бағалайды. 75-65 ұпай – “5” 64- 55 ұпай – “4” 54-45 ұпай – “3” 44 төмен ұпай “..”2” Рефлексия: 2 тілек бір жұлдыз бойынша «Тілек ағашына» тілектері мен ұсыныстарын жазады.																																				

Л.ТӨЛЕУОВА,
Құмтоғай орта мектебі.
Ақтөбе облысы,
Ырғыз ауданы,
Құмтоғай ауылы

АБАЙ. «ӘБДІРАХМАН ТУРАЛЫ»

Мақсаты: білімділік-Әбдірахман өмірінен мағлұмат беру, өлеңдерге талдау жасау арқылы Әбдірахман бейнесін ашу; дамытушылық- Абай шығармалары туралы білім-дағдыларын дамыту, таным-түсініктерін кеңейту; тәрбиелік-Абайдың Әбдірахманға арнаған өлеңдері арқылы оқушыларды адами қасиеттерге тәрбиелеу, азаматтық бейнесін ашып, үлгі-өнеге алуға шақыру. Көрнекіліктер: Абай суреті, кодоскоп, кесте-сызбалар, М.Әуезовтің 18 томы, «Абай» журналы. Түрі: жаңа білім беру сабағы. Әдісі: «Ой шақыру», «Топтастыру» стратегиялары, сұрақ-жауап, әңгімелеу.

Сабақтың барысы.

1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. Үй тапсырмасын тексеру.

А) Поэзия минуты. «Адамның кейбір кездері» өлеңін оқушылардан жатқа сұрау

Ә) Ой толғау: өлеңдегі ақынның жан дүниесі, болмыс-бітімінің суреттелуіне жүрек лүпілі, жан сыры, жүрекке қозғау салар күш жөнінде сыр.

Б) Өлеңде өмірдің көлеңкелі жақтарын аямай әшкерелейтінін оқушыларға аңғартып, халықтың мұңы мен зары Абайдың басты қасиеті екенін айтып, үй тапсырмасын қорытындылау.

3. Жаңа сабақтың мақсатын түсіндіру.

- Балалар, бүгін Абайдың Әбдірахман өліміне арнап жазған өлеңдерімен таныса отырып, (Әбдірахман Абайдың Ділдәдан туған баласы екенін айта кетемін). Өлең жолдарының мағынасына, құрылысына талдау жасаймыз.

4. Жаңа сабақты түсіндіру.

А) Әкесінің ой қиялына, әлеуметтік көзқарасына, ақындық шабытына Әбдірахман рухани дем беріп, ақылшысы, сырласы болған.

Ә) Абайдың әйелдері, одан тараған ұрпақтары туралы мәлімет беру.

Б) Әбдірахманның білім алған жылдары, оқу орындары жайлы ақпарат тыңдату. Әбдірахманға 1892 жылы берілген мінездемеде мінез-құлқының өте жақсы, ашық-жарқын екені, әскери қызметіне жауапты қарайтыны, таңдаулы офицер болып тұрғаны, бірақ денсаулығының нашар екені жазылады.

В) Әбіш науқастанып жатқанда інісі Мағауияның Әбішке арнап шығарған өлеңін оқу.

Г) Әбіштің сырқат үстіндегі халіне байланысты жазылған өлеңдерінен Абайдың аң ұрған іштегі шерлі мұң, жан жалынын, ыстық қанын, шерден туған қасіретін сезуге болады.

5. Ізденіс жұмысы.

А) Оқушылар өлеңдерді мәнерлеп оқиды.

Ә) «Әбдірахман өлгенде» («Талаптың мініп тұлпарын») 1895 жылы жазылған. Әрқайсысы төрт тармақты, бес шумақтан тұрады. Өлең 6-8 буынды шалыс ұйқас үлгісімен жазылған. Орыс, қарақалпақ, қырғыз, өзбек, ұйғыр тілдеріне аударылған. Ақын Петербургте білім алған баласының халық игілігі үшін қызмет ете алмағандығына құса болғанын айтады.

Б) «Әбдірахман өлгенде» («Тұл бойың ұят-ар едің...») 1895 жылы жазылған. Көлемі 18 жол. Өлең жолдарында Әбдірахманның елден ерек қадір-қасиеті барынша қамтылған.

Абайдың Әбдірахманға арнаған үш өлеңі бойынша тапсырмалар.

1. Ақын өлеңдерінен Әбдірахманның қандай қасиеттері болғанын ақынның өз сөздерімен ашуға тырыс.

Әбдірахман бейнесі	Өлеңнен үзінділер
1. Түр- келбеті	
2. Мінез-қылығы	
3. Адамгершілігі	
4. Күш-қайраты	

5. Ғылымға құштарлығы	
-----------------------	--

2. Өлеңдердегі әке қайғысын бейнелейтін жолдарды тауып жаз.
А) Әке күйініші, шексіз қайғысы _____

Ә) Сабыр тілеуі _____

Б) Мына сөз тіркестеріне түсінік беріп көр:

1. Боямасыз ақ көңіл
Кірлетпей кетті жүректі

2. Тәуекелге нар едің
Талаппен терең бойлаған _____

3. Жасқа жас, ойға кәрі еді
Төре болдың, бас болдың
Көкірегінді кермедің

3. Қосымша тапсырма
Ақынның поэтикалық тілі.

Көркемдік тәсілдер	Өлеңнен үзінділер
1. Эпитет	
2. Метафора	

6. Сөздік жұмысы.

1. Сідет- міндет
2. Тәбділ- өзгеру, ауысу, ауыстыру
3. Тағылым- үлгі, өнеге беру
4. Бенде-пенде, адам.

Үлгерімі төмен оқушымен жұмыс.

Өлең жолдарының құрылысына талдау жасау. Буын санын анықтау, тармақ пен шумақ санын анықтау.

7. Сабақты қорытындылау.

«Топтастыру стратегиясы» бойынша оқушылардың Әбдірахман бейнесін беруі арқылы қорытындылау

8. Үйге тапсырма:

Шағын ойтолғау. «Әбдірахман тірі болғанда...».

А.ЖАКЕНОВА,

«Оспанқұл Менаяқұлы атындағы жалпы
білім беретін орта мектеп» КММ.

Шығыс Қазақстан облысы,

Аягөз ауданы,

Баршатас ауылы

ЫБЫРАЙ – ШАҒЫН ӘНГІМЕ ШЕБЕРІ

Күтілетін нәтиже	Алтынсариннің шығармаларымен тереңірек танысып, әңгімелерінің тақырыбы мен жазушының идеялық мұратын шығармаларына сүйене отырып ашады. Әңгімелеріне талдау жасайды. Зерттеушілік әңгіме арқылы өз пікірін, ойын ашық айтып, ортақ келісімге келіп, барабар шешім қабылдауға дағдыланады.					
7 модульдің қолданылуы	АКТ, СТО, Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдер (ДО), Оқу үшін бағалау.					
Қолданылатын ресурстар	Стикерлер, флипчарт, ноутбук, интербелсенді құрал, түрлі түсті маркерлер.					
Ұйымдастыру кезеңі. (5 минут) Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. Тренинг: «Мен кімін?» Топқа бөлу 1-топ: «Педагогтар» 2-топ: «Ағартушылар» Топтың ережесін қайталау.	«Мен кімін?» тренингі. Мысалы: «Мен биік жартаспын, себебі...» Бой бойынша 2 топқа бөлу. Топтың ережесін еске түсіріп қайталайды.	Оқушылар бойлары арқылы топқа бөлінеді.				
Сабақ кезеңдері	Мақсат	Тапсырма	Табыс критерийі	Стратегиялар, әдіс-тәсілдер	Дескриптор	Бағалау
Білу (5 минут)	1. Өткен сабақты еске түсіру 2. Сыни ойлау арқылы сабақтың тақырыбын айқындау.	Қайталау сұрақтары Әр топқа филворд шештіру (алф. әріп) Филворд арқылы не шештіңдер? Әңгімелерің қай жазушының деп ойлайсыңдар? Бұл әңгімелердің біздің сабағымызға қандай қатысы бар деп ойлайсыңдар? Неліктен?	Өткен сабақты қайталайды Сабақтың тақырыбын айқындайды.	«Ыстық орындық» тәсілі «Филворд» тәсілі	Өткен сабақты біледі. Жаңа сабақтың тақырыбын біледі.	Формативті бағалау. Мұғалімнің бағалауы «өте жақсы» Мақсат: оқушыларды ынталандыру.

Түсіну	Жаңа тақырыпты менгеру.	Тақырыпты оқып, мазмұнын толық баяндау. 1-топқа: «Тәрбие бағу-қағудан басталады...» 2-топқа: «Тіршіліктің тұтқасы еңбекте...»	Тақырыптың мазмұнын толық жеткізу.	«Джигсо» әдісі	Тақырыптың мазмұнын толық жеткізу.	Формативті. Өзара бағалау «От шашу» әдісі Мақсат: оқушылар өзара бағалай отырып, бірін-бірі ынталандырады.
Қолдану. (10 минут)	Оқушыны барабар шешім қабылдауға дағдыландыру.	1-топқа: «Білгеннің пайдасы». 2-топқа: «Өтіріктің залалы» (әңгімені жалғастырып аяқтау)	Ыбырайдың әңгімелерінен барабар шешім қабылдай алу.	«Еркін талқылау» стратегиясы	Ыбырай сияқты әңгіме жазуға дағдыланады.	Формативті. Өзін-өзі бағалау Мақсат: оқушыға өзін-өзі отырып, өзінң ары қарай өсуіне, дамуына мүмкіндік беру. Кері байланыс: 2 жұлдыз, бір тілек Мақсат: ынталандыру мақсатында екі топ бірін-бірі бағалайды.
«Айна» тренингі Мақсат: сыни ойлау арқылы көшбасшыны анықтау. (3минут)	Психологиялық ахуалды жақсарту	Әр оқушыны жанына шақырып, айнадан көшбасшы оқушыны анықтау.	Оқушылар сыныптағы көшбасшы оқушыны анықтайды.	Әр оқушының көшбасшы екеніне сенімділігін арттыру.	Көшбасшы оқушы анықталады.	Формативті бағалау. Оқушыларды ынталандыру, өзіне деген сенімділігін арттыру мақсатында «тамаша» деген сөзді айту.

Талдау. (10 минут)	Карточка арқылы әңгімені талдау. 1-топ: композициялық құрылымына. 2-топ: жанрлық ерекшелігі, кейіпкерлеріне.	Карточкамен жұмыс.	Әңгімені талдайды.		Әңгімеге талдау жасайды.	Формативті. Өзара бағалау. «От шашу». Мақсат: оқушылар бірін-бірі ынталандырады.
Жинақтау.	Тақырыпты оқушы жинақтай алады. (орындыққа стикер жапсыру арқылы кімнің постер қорғайтындығын анықтау)	Постер қорғау.	Бүгінгі сабақтан алған білімін қорытындылап жинақтайды.	«Постер қорғау» тәсілі.	Тақырыпқа қатысты өз тұжырымдарын жасайды.	Формативті. Өзара бағалау. «Смайликтер». Мақсат: оқушылар бірін-бірі ынталандырады. Бакылаушының бағалауы. Мақсат: топ мүшелерін сырттай бакылай отырып, критерийлер бойынша бағалайды.
Бағалау/ Кері байланыс	Оқушылар сабақтан алған әсерін жазады.	Дәптерге 5 сөйлем, 5 сөз, 1 сөзді жазып, сабақтың түйінді сөзін айтады.	Сабақтағы қиындық келтірген тапсырмаларды анықтай алды.	«5-5-1» кестесі	Өз ойларымен бөліседі.	Формативті: «Жақсы айтылған сөз» (мұғалім айтады) Мақсат: оқушыларды ынталандыру.
Үйге тапсырма:	Ыбырайдың әңгімелерінен алған әсерін жазу.	«Ыбырай – шағын әңгіме шебері»	Шығармашылық қабілеті шыңдалады.	Ой толғау, шығарма.		

**Қ.ӘЛМҰҚАНОВ,
№3 ЖОББҚМ.**
Батыс Қазақстан облысы,
Жанақала ауданы

Д.ИСАБЕКОВ. АТА ҮМІТІ

Максаты:	Әңгіме кейіпкерлеріне талдау жасайды және салыстыра суреттеуді үйренеді.	
Күтілетін нәтиже:	А) Әңгіме кейіпкерлерін танып, біледі. Ә) Кейіпкерлерге мінездеме жазады. Б) Суреттеу арқылы бейнелерін қағазға түсіреді.	
Керекті жабдықтар:	оқулық, нұсқаулық, ресурс парақтары, жұмыс дәптері, топшамалар, маркер, интерактивті тақта..	
Сабақ кезеңдері	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Кіріспе	Оқушылармен амандасу. Психологиялық дайындық. «Оқиға кейіпкерлерінің іс-әрекеттері» арқылы үй тапсырмасын тексеру. 3 минут. Оқушыларды 3 топқа бөлу. I топ: «Токсанбай»; II топ: «Омаш»; III топ: «Ергешбай» Топтағы оқушыларға бағалау парақтары беріледі. Үй тапсырмасын «Кестені толтыру» әдісімен тексеремін. Сұрақтар: Шығарма кейіпкерлері кімдер? Кейіпкерлердің іс-әрекеттері және адами қасиеттері қандай? 5-8 минут «Қарты бар үй – қазынасы бар үй» аталарымызға жазған хаттарын тексеру. 5-7 минут.	Мұғаліммен амандасады. Топтарға бөлінеді. Топ мүшелері сұрақтардың жауабын айтады. Топ мүшелері ең үздік хатты таңдап, біреуін оқиды.

Тұсау-кесер	1-топ оқулықтан Токсанбай мен Омаштың портретін табады. 2-топ «Токсанбай қарт» бейнесін салады; 3-топ «Омаштың» бейнесін салады. Мәтінмен салыстырып көреді. 3-5 минут. Оқулықпен, ресурс парақтарымен жұмыс.	1-топ мәтін бойынша жұмыстанады. 2 және 3-топ өз ойлары бойынша сурет салады. Мәтінді оқып, топта талдайды.
-------------	---	--

Негізгі бөлім	Жаңа сабақ: 1-топ. «Із қушылар» концептуалды кесте толтырады. 2-топ. «Ізденушілер» кейіпкер бейнесін ашатын нақты мысалдарды оқулықтан іздеп тауып, жазады. 3-топ. «Сөз тапқыштар» фоторобот жасайды. 15 минут.	Оқушылар тапсырманы жеке орындап, топта талдайды.
Қорытынды	«Венн диаграммасы» 1-топ Ахмет пен Токсанбай шалға; 2-топ Дәуренбек пен Омашқа; 3-топ Зекен мен Ергешбайға.	Жеке және ортақ қасиеттерін жазады. Адами қасиеттері туралы зерттейді, талдайды, баға береді.
Үйге тапсырма	1. Д.Исабеков «Ата үміті» әңгімесін оқу. 2. «Өтірік өрге баспайды» Омашқа өлеңмен ой тастау.	Үй тапсырмасын күнделікке жазады. Рефлексия жазады.

А.ӘБШЕВА,
Еңбекту орта мектебі.
 Ақтөбе облысы,
 Әйтеке би ауданы

ЛИРО-ЭПОСТЫҚ ЖЫРЛАР

Сабақ мақсаттары:	Қазақ әдебиеті қызметі туралы ұғымдарын қалыптастыру.				
Тілдік мақсат:	Оқушылар:				
	Негізгі сөздер мен сөз тіркестер: Би-шешендер, лиро-эпостық жырлар, XIX ғасыр әдебиеті, әдебиет пәнінің көрнекті өкілдері				
	Сыныптағы диалог/ жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер:				
Алдыңғы тақырып:					
Жоспарланған уақыт:	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Саралау	Бағалау	Ресурстар
Басталуы	<p>Психологиялық ахуал. Оқушыларды топқа тұрғызамын. «Жүрек» суреті арқылы бір – біріне жылы лебіз білдіреді. Махаббат жайлы цитаталар жазылған қағаздың қиындылары арқылы 3 топқа бөлінеді.</p> <p>Цитаталардан не түсіндік? Қазақ әдебиетіндегі ғашықтарды атап бере аласыздар ма? Оларға арналған қандай шығармаларды білесіздер?</p>	<p>Бір-бірілеріне жылы лебіз білдіреді. Қағаз қиындыларын құрастыру арқылы үш топқа бөлінеді.</p> <p>Мұғалімнің қойған сауалына жауап береді.</p>		Ыстық лебіз	Жүрек, цитаталар, қима қағаздар

Ортасы	<p>Лиро – эпостық жырлар туралы тақырыпты анықтайды.</p> <p>Оқушыларға парақшаларға жырлардан үзінді жазылып беріледі, «Мозаика» әдісі бойынша топтың мүшелері өзге топтарға бөлініп барып, оқыған өз тақырыпшаларын түсіндіреді, әрқайсысы өз топтарына қайта оралып, өзге топта талқылағандарын ортаға салады.</p>	<p>Лиро – эпостық жырлар туралы не білетіндерін жазып, постер қорғайды.</p> <p>3 топқа талдауға берілетін сұрақтар: 1-топқа : Лиро – эпостық жырлардың басты тақырыптары қандай? 2-топқа: Лиро – эпостық жырлардың басты кейіпкерлеріне кімдерді жатқызамыз? 3-топқа: Басқа жырларға қарағанда лиро – эпостық жырлардың айырмашылығы қандай? Осы сұрақтарды жұпта және топта талқылап, сағат тілінің бойымен жүріп, әр топ өзге топтың жазғанын бағалап, толықтырулар енгізеді.</p>	<p>Қабілеті төмен оқушылар үшін көпірше ретінде қолдарына жырлардан үзінді жазылған парақша беріледі.</p>	<p>«Ротация» әдісі</p>	<p>Плакат, маркер</p>
				Қағе түсінікті тексеру	Оқулық, мәтіндер Венн жүйесі

	Бұған дейінгі өткен батырлар жыры мен лиро – эпостық жырлардың қандай айырмашылығы мен ортақ қасиеттері бар екенін жеке, жұпта және топтық жұмыс барысында ортақ шешімге келу арқылы талқыға салады.	<table border="1"> <tr> <td>Батырлар жыры</td> <td>Лиро-эпостық жырлар</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> </tr> </table>	Батырлар жыры	Лиро-эпостық жырлар							
Батырлар жыры	Лиро-эпостық жырлар										
Аяқталуы	«Қазіргі таңдағы лиро – эпостық жырдың құндылығы неде?» деген сауал төңірегінде жаңа тақырыпты басшылыққа ала отырып, хат жазады.	Оқушылар сауалнамаға жауап хат жазу үшін аяқталмаған сөйлемдердің дұрыс, сауатты және көркем тілмен жазылуына мән береді.	Сауалнамаға жауап хат жазу үшін аяқталмаған сөйлемдерді ұсынамын.	«менің ойымша...»	Қима қағаздар						

Үйге тапсырма	«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын толық оқып келу.				
---------------	--	--	--	--	--

Бағалау	«Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі.	Оқушылар кері байланыс арқылы өздерінің сабақтан алған әсерлерін, ұсыныс, тілектерін жазады.		«Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі.	Жұлдызша, стикер
Қосымша ақпарат:					
Пәнаралық байланыс: тарих, қазақ тілі Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері. АКТ-мен байланыс: интербелсенді такта. Құндылықтардағы байланыс.					
Рефлексия: Кері байланыс: 1. Не білемін? 2. Не білдім? 3. Не білгім келеді?					
Қорытынды бағамдау. Қандай екі нәрсе табысты болды? 1. Менің алған әсерім.... 2. Маған сабақ барысында ұнағаны: Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алды? 1. 2.					

Қ.ОСАТОВА,
Ғұмар Қараш атындағы
ЖОББ мектебі.
 Батыс Қазақстан облысы,
 Жәнібек ауданы

«КЕРҚҰЛА АТТЫ КЕНДЕБАЙ» ЕРТЕГІСІ

Мақсаты	Оқушылар тақырыпты талдай отырып, түсініп оқуға, ойын жеткізе білуге үйренеді; сөйлемді дұрыс құруға, ойлау, ойын тиянақтап жеткізе білуге дағдыланады.		
Жалпы мақсат	Тақырыпты түсініп оқи білуге баулу. Тілін, сөздік қорларын дамыту арқылы сабаққа деген қызығушылығын арттыру.		
Күтілетін нәтиже	Тақырыптың негізгі мазмұнын түсіну арқылы ойларын еркін жеткізе алады, ауызекі сөйлеуге жаттығады, сөйлеу мәдениеттерін жетілдіреді, топпен жұмыс істеуге үйренеді.		
7 модульдің қолданылуы	АКТ”, “Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер”, “Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау”, “Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету”, “Оқытуды басқару және көшбасшылық”.		
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Миға шабуыл, Жигсо 2.		
Қолданылатын ресурстар	Суреттер, маркерлер, кестелер, тақта, стикерлер, ноутбук.		
Ұйымдастыру кезеңі	Тренинг. Оқушыларды сапқа тұрғызып, 1-3 дейін санау арқылы топқа бөлу. Топтық ереже құру қажеттігі туралы айту. Әр топқа бағалау парағын таратып беру. Бағалау үшін фигуралар таратып беру.	Оқушылар топқа бөлініп, өз топбасшыларын сайлайды. Топ ішінде тәртіп ережелері талданып, сол арқылы сыныптың топтық ережесін құрады. Бағалау парағы арқылы топбасшылар өз топ мүшелерін бағалап отырады. Фигуралар арқылы топтар өзара бағалайды.	
Сабақ кезеңдері	Тапсырма	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Білім Қызығушылықтарын ояту.	Үй тапсырмасын сұрақ-жауап арқылы сұрау. Миға шабуыл	Үйге берілген тапсырманы сұрақ-жауап арқылы сұрау. Слайдта берілген сұрақтарға жауап беру. Жаңа сабақты бастамас бұрын ой қозғау мақсатында оқушыларды сұрақ арқылы диалогқа түсіру. Өз ойларын, пікірлерін ашық айту.	Мұғалім берген тапсырмасын орындау арқылы оқушылардың сабаққа дайындықтарын тексеру.

Түсіну.	«Керқұла атты Кендебай» ертегісінің мазмұнын топта, жұпта әңгімелеп беру. Ол үшін Жигсо 2 әдісін пайдалану.	Жұптық және топтық жұмыстарды ұйымдастыру. Бағалауды басқару Жауаптарын қабылдап, бағыт беру.	Топпен жұмыс жасау: Оқушылар бөлімдерге бөліп берілген көлемді мәтінді әрқайсысы жеке-жеке топ ішінде оқып шығып, топпен талқылайды, сосын топтар құрамы өзгертіліп, құрамында әр бастапқы топтан бір белсенді оқушы бар жаңа (сарапшылар тобы) топтар құрылды. Құрылған сарапшы топ берілген тапсырмаларды біріге талқылап орындайды. Осыдан кейін олар өз топтарына қайта оралып, өздерінің бұрынғы топтағы достарына кезекпен түсінген ертегіні тиянақты түрде жеткізіп, үйретулері керек.
Қолдану.	Тақырыбы: Керқұла атты Кендебай». Графикалық органайзерлермен жұмыс. 1-топ. Уақыт тізбегі. 2-топ. Хикая картасы. 3-топ. Балық қаңқасы.	Жаңа тақырыпты оқушыларға қысқаша түсіндіру мақсатында осы көрсетілген әдіс бойынша жаңа материалдарға байланысты ресурстар беру, өз беттерінше дайындық жасату, кітаптан жұмыс, топ арқылы пікір алмасу	Оқушылардың мақсаты- берілген кестелерді толтыру, өз ойлары мен пікірлерін айту. Әдіс бойынша жаңа тақырыпты меңгереді және өз пікірлерін ортаға салады. Ортаға бір оқушы шығып жұмысын түсіндіреді.
Сергіту сәті	«Кірпі биі» атты жаттығу жасау.	Оқушылармен бірге сергіту сәтін жасау.	Интербелсенді тақтадағы бейнероликтегідей жаттығулар жасайды.

А.МҰҚАНБЕТОВА,
Қаракөл орта мектебі.
 Атырау облысы,
 Қызылқоға ауданы,
 Қаракөл ауылы

М.МАҚАТАЕВТЫҢ МАХАББАТ ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ӨЛЕҢДЕРІ

Талдау	Постермен жұмыс. «Торлы диаграмма». Өз ойларын ортаға салады, тақырыпты талдайды.	Топтар жаңа тақырыпты толық меңгеру мақсатында өз пікірлерін, ертегінің идеясын, негізгі оқиғаларды торлы диаграммаға түсіреді, қорғайды, ол үшін қағазға салынған торлы диаграмма таратылады.	
Жинақтау	«Керқұла атты Кендебай» ертегісі бойынша шағын әңгіме құрастырып, ойларын жинақтау.	Әр топқа шағын әңгіме жазу тапсырылады, әр топ бүгінгі тақырыптан не біліп, не үйренгенін жазып, тақырыпты жинақтайды.	Топ бірлесе отырып қағазға тақырыптан не түсінгенін жазады.
Бағалау	Өзін-өзі бағалау (2 мин.) Бағдаршам, бағалау парақшалары.	Бағалау парақтарын таратады. Бір-бірін бағалауды қадағалау.	
Рефлексия	Стикерлерді толтыру.	Оқушыларға стикер толтыруды ұсыну.	Ұсынылған стикерді толтыру.

Мақсаты:	Оқушыларды акын өлеңдерін сүйе білуге, өлеңдерінің мазмұнын терең ұғына білуге үйрету; сөйлеу тілдерін жетілдіру, өлеңдерін нақышына келтіріп жатқа оқу, сүйсіне білу сезімдерін ояту, талдаулар жасай білу, оқушылардың топтық жұмысын ұйымдастыру; оқушыларға эстетикалық тәрбие беру, өз ұлтын, елін жерін, отбасын сүйуге, шығармашылыққа тәрбиелеу.	
Күтілетін нәтиже:	Поэзияны түсініп оқып, өз ойын ашық, еркін жеткізе алады. Сыныпта топтық жұмыс арқылы ынтымақтастық қарым-қатынас орнатады. Шығармашылық жұмысқа дағдыланады.	
7 модульдің қолданылуы	АКТ, «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер», «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау», «Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету», «Оқытуды басқару және көшбасшылық», «Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу», «Талантты және дарынды балаларды оқыту»	
Әдіс-тәсілдер	«Серпілген сауал», топтық жұмыс, рөлдік ойын, сатылай кешенді талдау, сұрақ-жауап, шығармашылық жұмыс	
Қолданылатын ресурстар	Флипчарт, маркерлер, стикерлер, АКТ құралдары, бейнеролик, аудиожазба	
Жүру барысы:	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі Тренинг	Оқушыларды ортаға дөңгелете тұрғызып, «Жүректен жүрекке» тренингі арқылы психологиялық ахуалды жақсарту. Екі түсті жүрекше стикерлерді таңдау арқылы топқа бөлу. Бағалау парақшалары беріледі.	Оқушылар бір-біріне жүрек ұсыну арқылы жақсы тілек айтады. Жүрекшелер таңдап, топқа бөлінеді, топ аттарын өздері қояды. Топ басшысы бағалап отырады.

<p>Білу. «Сұрақты қағып ал»</p>	<p>Үй тапсырмасы бойынша лақтырған допты қағып алып, берілген сұраққа жауап береді.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қ.Мұхамеджанов кім? 2. Кімнен қандай шығармалар аударды? 3. Қандай марапаттары бар? 4. Қаламалды туындысы қалай аталады? Қай жылы жазған? 5. Драмалық шығармаларын ата. 6.«Көктөбедегі кездесу» пьесасының кейіпкерлерін ата. 7. Пьесаның көтерген тақырыбы қандай? 8. Пьесаны кіммен бірігіп жазған? 9. Қандай қызметтер атқарды? 	<p>Лақтырған допты қағып алып, сұраққа жауап береді.</p>
<p>Түсіну. Жаңа сабақ.</p>	<p>М.Мақатаевтың махаббат тақырыбындағы өлеңдері. Таныстырылым. Ақын өміріне қысқаша шолу. (Слайд арқылы) Бейнеролик көрсету Топтық жұмыс Постер дайындап қорғау 1-топ. «Махаббат» деген не? 2-топ. Қазақ әдебиетіндегі махаббат тақырыбындағы шығармалар. «О, махаббат» өлеңін мұғалім мәнерлеп оқиды. «Махаббат диалогы» өлеңін оқушылар рөлде мәнерлеп оқу. Аудиожазбадан тыңдату Ашық сұрақ:</p>	<p>Бейнеролик көріп, топтық жұмыс жасайды.</p> <p>Топтық жұмысты өлшемдер арқылы бағалайды. Өлшемдерге сәйкес ұпайды стикерге жазып жапсырады.</p>

<p>Қолдану. Рөлде ойнау.</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Диалог деген не? 2. Өлеңнің негізгі тақырыбы мен идеясы қандай? 3. Мұқағалидың махаббат тақырыбына жазған тағы қандай өлеңдерін білесіңдер? 	<p>Өлеңді рөлге еніп оқиды.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді.</p>
	<p>Жабық сұрақ: 1. Өлеңнің әр екі жолы бойынша ойларыңды тарқатыңдар. 4. Махаббат тақырыбындағы өлеңдерін кім жатқа айтып бере алады?</p>	
<p>Талдау.</p>	<p>Өлеңді сатылай кешенді талдау 1-топ. «Ғашықпын» 2-топ. «О, махаббат»</p>	<p>Өлеңді сатылай кешенді талдау. 1-топ. «Ғашықпын» 2-топ. «О, махаббат»</p>
<p>Жинақтау.</p>	<p>Тақырып бойынша топ болып өлең шығару немесе ақынға хат жазу. Жинақтайды, бір-бірін бағалайды.</p>	<p>Оқушылардың мақсаты- берілген тақырыпқа арнап өз ойларын жеткізу.</p>
<p>Бекіту.</p>	<p>Сауалнама 10 сұрақ</p>	<p>Оқушылар жеке орындап, бірін-бірі тексереді. Әр дұрыс жауапқа 1 ұпайдан қояды.</p>
<p>Бағалау.</p>	<p>Бағалау парақтары бойынша ұпай сандарын есептеу.</p>	<p>Топ басшылары бағалау парақшасы бойынша есептейді.</p>
<p>Рефлексия</p>	<p>Тауға өрмелеуде қай сатыда екенін себебімен жазады.</p>	<p>Себебін анықтап, өз дәрежелеріне сай деңгейге стикерлерін жапсырады.</p>
<p>Үйге тапсырма:</p>	<p>Мұқағалиша диалогты жалғастырып өлең шығару.</p>	<p>Үй тапсырмасын алады.</p>

А.БАҚЫТОВА,
Алдаберген Бисенов атындағы
№38 орта мектеп.
 Қызылорда облысы,
 Жалағаш ауданы

С.АРОНҰЛЫ. «ЖАҚСЫ АДАМ МЕН ЖАМАН АДАМНЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ» ӨЛЕҢІ

Оқу мақсаты	1.Білу: Сүйінбай Аронұлының өмірі шығармашылығы жайында деректерді өз сөздерімен баяндайды.(барлығы) 2.Түсіну: Акын өлеңдерінің идеялық ерекшеліктерін түсіндіреді. (көпшілігі) 3.Қолдану: Көркемдік ерекшелігін, акынның идеясы бойынша жалпы жастың бойынан табылуға тиісті қасиеттерді өмірден мысалдар келтіре отырып пайымдайды.	
Күтілетін нәтиже	1. Сүйінбай Аронұлының өмірі мен шығармашылығы жайында деректер біледі.(барлығы) 2. Акын өлеңдерінің идеялық ерекшеліктерін жете түсіне алады. (көпшілігі) 3. Көркемдік ерекшелігін, акынның идеясы бойынша жалпы жастың бойынан табылуға тиісті қасиеттерді өмірден мысалдар келтіре отырып сипаттай алады.	
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жұмыс	Ресурстар
Алдыңғы оқу	Д.Бабатайұлы. «О, Ақтан жас, Ақтан жас» өлеңі	Оқулық
Ұйымдастыру кезеңі 2 минут Сабақтың басы 7 минут	Сандар арқылы үш топқа бөлу. Сергіту сәті. Зымыран сұрақтар: 1. Дулат Бабатайұлы қай жылы, қай жерде дүниеге келген? 2. Дулат акын кімдерді ұстаз тұтқан? 3. Акынның қандай өлеңдерін білесің? 4. Ақын өлеңінен ер жігітке тән қасиеттерді ата. 5. Риторикалық сұрақ дегеніміз не? Смайлик арқылы бағалау.	Постер Маркер Оқулық Смайлик

Сабақтың ортасы 21 минут	I. Қызығушылықты ояту кезеңі. Топтық жұмыс. 1-топ: «Топтастыру» стратегиясы арқылы оқушылар Сүйінбай Аронұлы туралы ақпарат жинақтайды. 2-топ: Жақсы адамға тән жақсы қасиеттерді атап көрсету. 3-топ: Жаман адамға тән қасиеттерді атап көрсету. II. Мағынаны тану кезеңі. Өлеңді оқып, топ ішінде өзара жұпта, топта талқылау. 1-топ: Ақынның өмірі. Өлеңнің мазмұны, тақырыбы мен идеясы. 2-топ: Өлеңнің көркемдік ерекшелігі, құрылысы.			Интер-активті құралдар Оқулық													
	<table border="1"> <thead> <tr> <th>Метафора</th> <th>Эпитет</th> <th>Теңеу</th> <th>Мақал-мәтелдер</th> </tr> </thead> <tbody> <tr><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td></tr> <tr><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td></tr> <tr><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td></tr> </tbody> </table>	Метафора	Эпитет		Теңеу	Мақал-мәтелдер											
Метафора	Эпитет	Теңеу	Мақал-мәтелдер														
Сабақтың соңы. 10 минут	3-топ: Венн диаграммасы арқылы жақсы қасиеттер мен жаман қасиеттерге түсінік береді. Топ мүшелері өлеңді оқып, өзара жұпта және топта талқылайды. Дескрипторлары: 1. Эстетикалық талғам – 2 ұпай. 2. Негізгі идея бойынша ойын қысқаша жеткізуі – 2 ұпай. 3. Сөйлеушінің сөйлеу мәнері – 2 ұпай. ҚБ: Смайлик арқылы бағалау.																
Жиынтық бағалау. 3 минут	Жұптық жұмыс. 1. Бес жолды әдісі бойынша Сүйінбай сөзіне өлең құрастыру. Зат есім Сүйінбай Сын есім Етістік Сөйлем Синоним 2. «Жаманның көкірегі - көр, көзі – соқыр» дегенді қалай түсінесің? ҚБ: Екі жұлдыз, бір ұсыныс. Мұғалімнің бағалауы.																
Үйге тапсырма беру. 2 минут.	«Жақсы адам көрінеді жыл құсындай» тақырыбына ойтолғау жазу.			Оқулық													

Қосымша ақпарат		
Саралау. Қолдауды қалай көрсетесіз? Барынша қабілетті оқушыларға сіз қандай тапсырма бересіз?	Бағалау – сіз ілгері басуды/ оқушылардың білімдерін қадағалауды қалай жоспарлайсыз?	Пәнаралық байланыстар, денсаулық және қауіпсіздік, АКТ қолдау. Құндылықтар.
Қабілеті жоғары оқушыны топ жетекшісі ретінде тағайындаймын.	Қабілеті жоғары оқушыны топ жетекшісі ретінде тағайындаймын.	Қазақ тілі, тарих
Рефлексия	Сабаққа қатысу барысында өз байқағандарыңызды жазу үшін пайдаланасыз. Сабағыңыз туралы берілген сұрақтарға жауап беріңіз.	
- Оқу/сабақ мақсаттарына қол жеткізілді ме? - Оқушылар бүгін не үйренді? - Оқу ахуалдары қандай болды? - Оқушылар арасындағы айырмашылықты анықтау бойынша іс-әрекеттер сәтті болды ма? - Мен уақыттық графигі дұрыс ұстандым ба? - Мен жоспардан қандай ауытқуларға жол бердім және неліктен?		
Қорытынды бағалау.		
Сабақтың қай аспектісі оқыту мен оқу барысында жақсы өтті? 1. 2.		
Оқыту мен оқу барысында қай екі әдіс сабақты жақсартатын еді деп ойлайсыз? 1. 2.		

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

А.САБЫРЖАНОВА,
М.Әуезов атындағы
№5 жалпы орта мектеп.
Қостанай облысы,
Арқалық қаласы

ФОНЕТИКАДАН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

Мақсаты: білімділік-оқушылардың фонетикадан алған білімдерін нығайту, тиянақтау, бір жүйеге келтіріп қорыту, теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыру; дамытушылық-оқушының тіл мәдениетін арттыру, өз ойын жеткізе білу, тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру; тәрбиелік-оқушыларды тілді сүйеге, адамгершілікке, ізеттілікке, ұқыптылыққа, белсенділік пен шапшандылыққа тәрбиелеу.

Оқушыларға міндетті білімдер:

1. Сөйлемге дыбыстық талдау жасау.
2. Буын түрлерін ажырату.
3. Теорияны тәжірибемен ұштастыру.

Сабақтың түрі: саяхат сабағы.

Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап, деңгейлік тапсырмалар, өзіндік ізденіс, семантикалық карта.

Сабақтың формасы: жеке.

Көрнекілігі: мультимедиалық тақта, үлестірмелі қағаздар.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру.

1. Оқушылармен амандасу.
2. Түгелдеу.
3. Сынып тазалығына көңіл бөлу.
4. Назарларын сабаққа аудару.

II. Үй тапсырмасы тексеру. Тест жұмысы.

1. Фонетика сөзі қай тілден енген?

А) латын;
Ә) грек;
Б) орыс.

2. Қазақ тіліне тән дыбыстарды белгілейтін әріптер саны:

- А) 8;
- Ә) 9;
- Б) 12.

3. Дауысты дыбыстар жақтың қатысына қарай қалай бөлінеді?

- А) жуан, жіңішке;
- Ә) ашық, қысаң;
- Б) еріндік, езулік.

4. Қатаң дауыссыз дыбыстарды табыңыз.

- А) һ, ч, х, л.
- Ә) г, ғ, д, ж.
- Б) к, қ, т, с.

5. Өсімдік сөзінде неше дауыссыз дыбыс бар?

- А) 3;
- Ә) 4;
- Б) 5

6. Дауыссыздан басталып, дауыссызға аяқталған буынды көрсетіңіз:

- А) ашық буын;
- Ә) тұйық буын;
- Б) бітеу буын.

7. *Аз, ез, ант* сөздері буынның қай түріне жағады?

- А) ашық буын;
- Ә) тұйық буын;
- Б) бітеу буын.

8. *-лер, -дер, -дар* көптік жалғауын мына сөздерге ретімен жалға.

- А) әшекей, әйел, қыз
- ә) ана, бұрым, қыз
- б) әйел, бұрым, әшекей

9. Орфография мен орфоэпия сөздері қай тілден енген?

- А) латын;
- ә) араб;
- б) грек.

III. Фонетикадан өткенді қайталау. Саяхат сабағы.

- Балалар, бүгінгі біздің сабағымыз әдеттегіден тыс саяхат сабағы. Онда біз дауыстылар қаласы, дауыссыздар қаласы, буындар қаласы, үндестік заңы қаласы, ең соңында үлкен астанамыз Фонетика еліне барамыз. Ендеше, барлығымыз қалаларда кездескен тапсырмалардан сүрінбей, түгел астанаға жиналайық.

Ендеше, іске сәт!

Оқушылардың ретін білдіретін алдарына төсбелгі беремін. Дәптермен жұмыс.

I. Біздің ең бірінші аялдамамыз-«Дауыстылар қаласы».

Тапсырма. Өлең жолдарына тиісті дауысты дыбыстарды қойып, дыбыстық талдау жаса.

...на т...лің ар...ң б...л,

Ұятың боп тұр б...тте.

Өзг... тілд...ң бәр...н біл,

Өз тіл...ңді құрм...тте!

Оқушылардың дәптерін тексеріп, жақсы орындаған оқушылар келесі аялдамаға жолдама алады.

II. Келесі аялдама «Дауыссыздар қаласы».

Тапсырма.

1. Мәгіннен соңғы дыбысы ұяң, үнді, қатаңнан аяқталған дыбыстарды теріп жаз.

Қазақстан-көп ұлтты мемлекет. Онда орыс, неміс, қырғыз, ұйғыр, шешен, грек ұлттарының өкілдері тұрады. Қазақстанда барлық халық еркін өмір сүреді. Біздің елдің балалары бақытты.

Ұяң. Қырғыз

Үнді. Қазақстан, ұйғыр, шешен, ұлттарының, еркін, біздің, еліміздің.

Қатаң. Көп, орыс, неміс, мемлекет, грек, барлық, халық.

III. «Буындар қаласы» аялдмасы.

Тапсырма. Буын түрлерін ажырат.

Қант, ана, ет, алтын, ештеңе, деді, ала, күн, бал, сағат, ол, балмұздақ.

IV. Келесі аялдама. «Үндестік заңы қаласы».

Тапсырма. Көп нүктенің орнына жуан, жіңішке қосымшаларды жалға.

1. Балалар мұғаліммен бірге серуен..... шықты.

2. Олар көл..... қасына келді.

3. Серуенге шыққан бала..... үйлері..... көңілді қайт.....

V. «Фонетика» астанасы.

Мұнда барлық аялдамадан сүрінбей өткен оқушылар қатысады.

Кім тауып оқи алады? «Қарманған қарап қалмас» мақалына фонетикалық талдау жасайды.

Қорытынды. Оқушылар бүгінгі сабақтан алған әсерлерін смайликтер арқылы көрсетеді.

VI. Үйге тапсырма. VII. Бағалау.

Э.СИДИКОВА,
«Ф.Садвақасов атындағы
Үлкен Ақсу орта мектебі.
 Алматы облысы,
 Ұйғыр ауданы,
 Үлкен Ақсу ауылы

КҮШЕЙТПЕЛІ, АСЫРМАЛЫ ШЫРАЙ

Мақсаты: білімділік-сын есімнің күшейтпелі, асырмалы шырайларын түсіндіріп, сын есімнен алған білімдерін кеңейту; дамытушылық-оқушыларды алған білімдерін талдауға, жинақтай білуге машықтандыру, іздене білуге бағыттау; тәрбиелік-сөздің мағынасына мән беруге, білімін кеңейтуге, имандылыққа, адамгершілік қасиетке тәрбиелеу, өз ана тілін жете меңгеріп, өзге тілді үйретіп, қадірлей білуге үйрету. Типі: аралас сабақ.

Әдісі: баяндау, сұрақ-жауап, жаттығу жұмысы, талдау.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі. Амандасу. Оқушыларды түгелдеу. Сыныпта психологиялық ахуал туғызу.

II. Үй тапсырмасын тексеру. 50-жаттығу. Мәтінді дауыстап оқып шығындар. Балалардың портретін жасауға қатысып тұрған сапалық сын есімдерді салыстырмалы шырайға айналдырып көшіріп жазындар.

51-жаттығу. Салыстырмалы шырайды көбірек пайдаланып, бірге оқитын жолдастарының салыстырмалы портретін жазып келу. Ережені оқу.

III. Білімін тексеру кезеңі. Үйге берілген жаттығудың орындалу барысын тексеру. Сұрақтар қою арқылы өткен сабақты еске түсіру.

- Сын есімнің түрленуі дегеніміз не?

- Салыстырмалы шырай дегеніміз не? Мысал келтір.

IV. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын айту.

V. Жаңа сабақ. Біркелкі сындардың бірінің екіншісінен өте артық не өте кем екендігін көрсететін шырай түрі күшейтпелі шырай деп аталады.

Күшейтпелі шырайдың жасалуы.

Сапалық сын есімдердің алдына күшейткіш буындардың үстелуі арқылы	Сапалық негізгі сын есімдерге <i>өте, тым, аса, ең, тіпті, нағыз, нақ, шымқай, орасан, ыңғай, кілең</i> сияқты күшейткіш үстеулердің тіркесуі арқылы жасалады.
Биік-біп-биік Ұзын-ұп-ұзын Үлкен - үп-үлкен Жақын-жап-жақын Тамаша - тап-тамаша Жақсы - жап-жақсы Кіші - кіп-кішкентай Суық- сұп-суық	Тым үлкен Өте тамаша Аса жақсы Тым кіші Нағыз жүйрік, шымқай қызыл, Оразан зор Аса терең Өте күшті

Күшейткіш буындар (сын есімнің алғашқы буыны п дыбысына бітеді: *біп-биік, жап-жақсы*) негізгі сын есімдермен дефис (-) арқылы жазылады.

Тек ақ, көк сөздері күшейткіш буын үстелгенде аппақ (ап-ақ емес), көкпеңбек (көп-көк емес) болып бірге жазылады.

VI. Түсініктерін тексеру. Оқулықпен жұмыс.

1-тапсырма: 54-жаттығу. Сын есімдерден күшейтпелі шырай жасап, сөйлем құраңдар.

Біп-биік, жап-жақсы, қап-қатты, теп-терең, жап-жарық, сап-сары, көкпеңбек, қып-қызыл.

V. Кім көп біледі ? (ойын)

2-тапсырма. Күшейткіш буындар арқылы құралған қос сөздерді кім көп тауып жазса, сол озып шығады. Олар қандай сөз табы болады? Тап-(5 сөз) Ап-(6 сөз) Жап-(10 сөз)

3-тапсырма. 52-жаттығу (ауызша) Тапсырма: Сөйлемдерді оқып, құрамындағы күшейтпелі шырайды көрсетіңдер. Жасалу жолдарын түсіндіріңдер.

4-тапсырма. 53-жаттығу. Берілген күшейтпелі шырайды қатыстырып, сөз тіркесін құрап жазындар.

Үлгі: өте ауыр жүк, ең тамаша ойын алаңы, тым әлсіз адам, тіпті қысқа жіп, сап-сары жапырақтар, орасан зор күш, ап-аласа үй, әп-әдемі бала, кіп-кішкентай қыз.

5-тапсырма. 55-жаттығу. Сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңдар.

Түп-түзу қайындар. *Кеп-кең көшелер. Біп-биік үйлер. Өте ұзын көше. Тым ыстық күн. Түп-тұщы су. Мөп-мөлдір бұлақ. Өте таза жер.*

VII. Сабақты қорытындылау. Бағалау.

А.ЖАЗИЕВА,
№17 орта мектебі.
Ақмола облысы,
Көкшетау қаласы

МӘТІН

Мақсаты: білімділік-оқушыларға мәтін туралы түсініктерін қайталата отырып, білімдерін әрі қарай тереңдету, мәтіннің түрлеріне тоқталу. Мәтіннің күнделікті қолданыстағы қажеттілігін ұғындыру; дамытушылық-теориялық материалды жүйелі, тиянақты баяндауға дағдыландыру, өз бетінше жұмыс істеуге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ету. Жаттығулар орындату арқылы оқушыларды шығармашылыққа баулу. Тіл білімдерін жетілдіруге байланысты жұмыстар жүргізу; тәрбиелік-тілді құрметтей білуге, адамгершілік құндылықтарға, ұлтжандылыққа, ізденімпаздыққа, сауаттылыққа тәрбиелеу. Талдауға алынған мысалдар арқылы адалдыққа, ізеттілікке, білімділікке тәрбиелеу. Түрі. Жаңа тақырыпты меңгерту. Әдіс-тәсілдері: Іздену, сұрақ-жауап, талдау-жинақтау, баяндау, топтық жұптық жұмыс түрлері. Модульдік оқыту технологиясының элементтері. Көрнекілік: интерактивті тақта, слайд, оқулық, плакат, тірек сызба, суреттер, мақал-мәтелдер, кеспе қағаздар. Пәнаралық байланыс: әдебиет, тарих, сурет. Күтілетін нәтиже: мәтін, мәтіннің түрлерін меңгеру, маңыздылығын, өмірдегі қолданыстарын түсіну. Мәтін құруға, ойын жүйелі жеткізуге, сөз айшықтарын орында қолдана білуге дағдылану.

Сабақтың барысы: Ұйымдастыру: оқушылардың сабаққа қатысуын түгелдеу. Оқу құралдарын алдырып, назарларын сабаққа аудару.

Жаңа сабақ:

1. Оқушыларға өзін-өзі бағалау парақтарын тарату
2. Сыныпты төрт топқа бөлу, сабақтың мақсатын, барысын түсіндіру.

1-тапсырма.

1. Оқушыларға ой тастау, әр оқушының өз пікірін ортаға салуы.
-Мәтін деген не?

Әр оқушы өз ойын дәптерге жазады, жұбына түсіндіреді,

топтың пікірі тыңдалады.

2-тапсырма. 3. Мәтін, мәтіннің түрлерін төрт топқа бөліп беру. (Берілген тақырып бойынша әр топ жаңа сабақты өз бетінше меңгеріп, сыныпқа түсіндіреді)

А тобы - Пайымдау мәтіні.

В тобы – Өңгімелеу мәтіні.

С тобы – Сипаттау мәтіні.

Д тобы – «Мәтін» тақырыбы.

3-тапсырма. 1. Шығармашылық жұмыс.

Күнделікті өмірдегі мәтіннің функционалдық қызметін анықтау. (яғни, өтілген тақырыпты өмірде, қандай жағдайларда қалай қолданар едік) Әр топ өз тақырыбы бойынша өз пікірлерін ортаға салады.

4-тапсырма. Жаңа тақырыпты пысықтау жаттығулары.

(Оқушылардың орын ауыстыруы)

1-топ. 15-жаттығу, морфологиялық талдау.

Ұлан барыстың соңынан манадан бері шауып келеді.

Ұлан

Сөз табы – зат есім

Мағыналық түрі – жалқы, деректі

Құрамы – дара

Жасалу жолы – негізгі зат есім

Тұлғасына қарай – түбір зат есім

Сұрағы – кім?

Сөйлемдегі қызметі - бастауыш.

2-топ. 17-жаттығу, синтаксистік талдау.

Жаз ортасына жақындаған кез болды.

Айтылу мақсатына қарай – хабарлы сөйлем.

Құрылысына қарай – жай сөйлем, жайылма, толымды, жақсыз.

Сөйлем мүшелері:

баяндауыш – *кез болды*

анықтауыш – *жақындаған*

пысықтауыш – *жаз ортасына*

Байланысу түрлері мен тәсілдері:

1. Жақындаған кез болды – қабысу, етістіктің сөз тіркесі, орын тәртібі арқылы байланысқан, анықтауыштық қатынас.

2. Жаз ортасына жақындаған – меңгеру, етістікті сөз тіркесі, пысықтауыштық қатынас, қосымша арқылы.

Семіріп жонданғандай да болды.

А.АБЫШЕВА,
Шегірен орта мектебі,
 Павлодар облысы,
 Шарбақты ауданы

МЕНИҢ ОТБАСЫМ

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	1.1.2.1 Күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздердің мағынасын түсіну; 1.1.3.1 Хабарламаны тыңдау және мұғалімнің көмегімен мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру, сәйкес иллюстрация/заттық сурет/сызба таңдау; 1.2.2.1 Сурет бойынша 2-3 сөйлем сөйлем құрастыру; 1.3.2.1 Мәтіндегі таныс сөздердің мағынасын түсіну.
Сабақтың мақсаттары	Барлығы: Күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздердің мағынасын түсінеді. Хабарламаны тыңдайды және мұғалімнің көмегімен мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, сәйкес сурет таңдайды. Күнделікті өмірде қолданылатын жаңа сөздердің мағынасын түсінеді, Сурет бойынша 2-3 сөйлем сөйлем құрастырады. Мәтіндегі таныс сөздердің мағынасын түсінеді. Көбі: Күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздердің мағынасын түсінеді, қолданады. Хабарламаны тыңдайды және мұғалімнің көмегімен мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, сәйкес сурет таңдайды, сөз тіркесін құрайды. Сурет бойынша 2-3 сөйлем құрастырады, сұраққа жауап береді. Мәтіндегі таныс сөздердің мағынасын түсінеді, қолданады. Кейбірі: Күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздердің, сөз тіркестерінің мағынасын түсінеді, қолданады. Хабарламаны тыңдайды және мұғалімнің көмегімен мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, сәйкес сурет таңдайды, сөйлем құрайды. Сурет бойынша 2-3 сөйлем сөйлем құрастырады, Мәтіндегі таныс сөздердің мағынасын түсінеді, қолданады, сөйлеседі.

Айтылу мақсатына қарай – хабарлы сөйлем,
 Құрылысына қарай –жай сөйлем, жайылма, толымды, жақты.
 Сөйлем мүшелері:

Баяндауыш- *жондангандай да болды*

Пысықтауышы- *семіріп*

Семіріп жондангандай да болды.

Байланысу түрлері мен тәсілдері:

Жанасу, етістікті сөз тіркесі, орын тәртібі арқылы, пысықтауыштық қатынас.

3-топ. Төмендегі тіркестерді пайдалана отырып шағын мәтін құрыңыз.

Тілдер күні. 22-қыркүйек, асыл қазына, халықтар достығы, ұлттық-мәдени орталықтар. Ұлтаралық қатынас, ассамблея құру, үлгі болу, көп ұлтты, Қазақстан халқы.

Оқыту мақсаты	Критерийлер	Дескрипторлар	Жетті	Талпынады	Қорытынды	
					Жетті	Талпынады
ОМ	Шағын мәтін құру	1. Баяндау сипатында мәтін құрады.				
		2. Мәтінге тақырып қояды.				
		3. Сөйлемдер бір-бірімен үйлесіп, байланысып тұрады.				
		4. Мәтінде мақал-мәтелдерді қолданады.				
		5. Ойларын жүйелі, еркін жеткізеді.				

4-топ. Сурет бойынша ой жалғастыру, мәтін құрау, талдау.

5-топ. 18-жаттығу. Төмендегі кесте негізінде мәтін түрлеріне мысал тауып жазыңдар.

Сипаттау мәтіні	Әңгімелеу мәтіні	Пайымдау мәтіні

5-тапсырма.

Сабақты бекіту:

1. Топтастыру стратегиясы арқылы сабақты бекіту.

2. Қорытынды.

3. Үйге тапсырма беріледі.

4. Кері байланыс: Екі жұлдыз бір тілек.

5. Оқушылардың білімдерін бағалау. (Бағалау парақтарын жинап алу).

Жетістік өлшемдері	Күнделікті өмірде қолданылатын жаңа сөздердің мағынасын түсінеді; Хабарламаны тыңдау және мұғалімнің көмегімен мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді; Мазмұнына сәйкес суретті таңдайды. Сурет негізінде 2-3 сөйлем құрайды.	
Тілдік мақсаттар	Пәнге тән лексика мен терминология: Бауыр, іні, қарындас, сіңлі, аға, әпке.	
Құндылықтарды дарыту	Отбасын қадірлеуге тәрбиелеу.	
Пәнаралық байланыс	Өзін-өзі тану.	
АКТ қолдану дағдылары	Интербелсенді тақта, сергіту сәті.	
Бастапқы білім	Менің мектебім.	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Сәлемдесу. Топқа бөлу (әке мен ана суреттерін тарату арқылы топқа бөлінеді). Тақырыпқа шығу үшін отбасы туралы бейне көрсетіледі. Сұрақ-жауап: -Балалар, бейнетаспа не туралы? - Бүгінгі сабағымыз не туралы? - Дұрыс, біздің сабағымыздың тақырыбы «Менің отбасым». а) Сурет негізінде жаңа сөздермен танысады. Мынау әже. Мынау ата. Мынау ана..... ә) Іні мен бауыр, қарындас пен сіңлі сөздерінің айырмашылығы түсіндіріледі. әке ата ана әке қарындас аға әпке іні (сіңлі) (бауыр) ә) Суреттер көрсетіледі де, сұрақтар қойылады. - Мынау кім? б) Әрекет арқылы иелік мағына беретін –м жалғауымен танысады. Менің әкем (анам, ағам, әпкем)	суреттер ютуб Суреттер (Табиғи әдіс)

Сабақтың ортасы	1-жаттығу. (Жаңа сөздермен мәтінді тыңдап отырып танысады). Менің отбасым үлкен. Олар: атам мен әжем, әкем мен анам, ағам, інім (бауырым), әпкем, қарындасым (сіңлім). Бауыр мен іні, қарындас-сіңлі сөздерінің мағынасына ерекше тоқталамыз. Сергіту сәті. 2-жаттығу. (Мәтін мен сурет негізінде өз отбасы туралы айтады) Жетістік өлшемдері: Күнделікті өмірде қолданылатын жаңа сөздердің мағынасын түсінеді; Хабарламаны тыңдау және мұғалімнің көмегімен мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді; Мазмұнына сәйкес суретті таңдайды. Сурет негізінде 2-3 сөйлем құрайды.	Аудиожазба Интербелсенді тақта (ТКО) Интербелсенді тақта
Сабақтың соңы	3-жаттығу. (Отбас мүшелерін жастарына байланысты ұяшықтарға атын жазып, суретін орналастырады.)	(9 ромб әдісі) Интер-белсенді тақта.
Дифференциация – оқушыларға көбірек қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырмалар қояды жоспарлап отырсыз?	Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеру жоспарыңыз? Тапсырмаларды күрделендіру, қызығушылықтарын арттыратын тапсырмалар ұйымдастыру; Ресурстар қорын молайту Сабақ барысында белсенді қатысқан оқушыларды смайлик арқылы бағалау	Пәнаралық байланыс. Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы. АКТ Құндылық-тармен байланыс (тәрбие)

З.МАТАН,
Новоселовка орта мектебі.
 Ақмола облысы,
 Шортанды ауданы,
 Новоселовка ауылы.

М.МАҚАТАЕВ. «АҚҚУЛАР ҰЙЫҚТАҒАНДА»

Мақсаты: поэманың өміршең екендігін таныту, тақырыбы мен идеясын ашу, табиғатты сүюге, өз бетінше ой қорыта білуге үйрету.

Сілтеме: 8-сыныптың қазақ әдебиеті. Қазақ әдебиетінен дидактикалық материалдар. Күтілетін нәтиже: поэманың идеясын оқушылар өз беттерінше іздене отырып ашады, композициялық құрылысына талдау жасайды, өз ой-пікірлерін қорытындылайды, ізденеді, сыни ойларын айтады, топтағы жұмысты ұйымдастыру арқылы жеке дағдылары қалыптасады.

Сабақтың түрі: жаңа сабақты меңгерту.

Қолданылған әдіс-тәсілдер: постерді қорғау, топтық жұмыс.

Керекті жабдықтар: бағалау парағы, оқулық, түрлі-түсті фломастер, маркерлер, интербелсенді тақта.

Дерек көздері: оқулықтағы материалдар, оқушы мәліметтері, ғаламтор мәліметтері.

Сабақ бойынша мұғалім мен оқушының іс-әрекеті

Сабақтың кезеңдері	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Уақыт
Ұйым дастыру.	Амандасу психологиялық ахуал тудырып сабақты бастау.	Оқушылар орындарынан тұрады. Жинақталғаннан кейін орындарына отырды. Оқушылар топқа бөлінеді. Ақынның әндерімен топқа бөлінеді. Топқа бөлінген соң, әнін айтады.	3

Білу:	Мұғалімнің кіріспе сөзі.	Екі топ бір-біріне сұрақ қояды. Оқушылар сұраққа жауап береді.							
Түсіну	Бейнежазба көрсетіледі. Талдайды. М.Мақатаев. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы туралы түсінік беру. Ақын туралы слайд көрсетіледі.	Сұрақтар қою арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашып аламыз. Интербелсенді тақтадан слайд көрсетіледі. Бейнежазбаны талқылайды. Ойларын айтады.							
Қолдану	I топ. М.Мақатаевтың өмірі шығармашылығы. II топ. Композициялық талдау: I. Оқиғаның басталуы II. Оқиғаның байланысы III. Оқиғаның дамуы. IV. Оқиғаның шиеленісуі. V. Оқиғаның шарықтау шегі. VI. Оқиғаның шешімі.	Әр топ өздеріне берілген тапсырманы орындап, постерге мазмұнын ашады. Ой бөліседі. Топтан бір оқушы шығып постерді қорғайды. Берілген тапсырманы топпен талқылайды. Топтар бірін-бірі бағалайды. «Бағдаршам» әдісі арқылы бағаланады.							
Талдау	I топ. Аннотациялық талдау. <table border="1" style="margin-left: auto; margin-right: auto;"> <thead> <tr> <th>Шығарманың ойы</th> <th>Кейіпкерлер іс-әрекеті</th> <th>Ақынның поэманы жазудағы шеберлігі</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </tbody> </table> II топ. Сатылай кешенді талдау 1. Авторы: 2. Тақырыбы: 3. Жанр: 4. Идеясы: 5. Әдебиет теориясы: 6. Түсіндірмелі сөздік: 7. Жер-су аттары: 8. Поэманың негізгі түйіні: Мінездеме беру. I топ. Ана мен жылқышы. II топ. Тәуіп шал мен әке.	Шығарманың ойы	Кейіпкерлер іс-әрекеті	Ақынның поэманы жазудағы шеберлігі				Аннотациялық талдау жұмысын орындайды. Оқушылар кестені жазады. Әр топ өздеріне берілген жеке-жеке тапсырмаларды орындайды. Сатылай кешенді талдауды жасайды. «Басбармақ» әдісі арқылы бағаланады. Әр топ мінездеме береді.	
Шығарманың ойы	Кейіпкерлер іс-әрекеті	Ақынның поэманы жазудағы шеберлігі							
Сергіту сәті		«Қазақ биі»	Оқушылар би билейді.						

Жинақтау	<p>I топ. Хат жазу.</p> <p>II топ. «Егер мен ананың орнында болсам» тақырыбына эссе жазу.</p> <p>Сахналық қойылым.</p>	<p>Бірінші топ хат жазады, екінші топ шағын эссе жазады. Тапсырмаларды орындайды.</p> <p>Екі топ қосылып, бірі- ана рөлінде, бірі-әке рөлінде, бірі-аққулар рөлінде, бірі-бала рөлінде ойнайды.</p>	
Кері байланыс	<p>- Сабақ не туралы болды?</p> <p>- Бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма?</p> <p>- Аққуды атуға бола ма?</p> <p>- Өткен сабақтың ерекшелігі қандай деп ойлайсындар?</p>	<p>«Қол шапалақпау» әдісі арқылы бағалайды.</p>	
Бағалау	<p>Бағалау парағы арқылы бағалайды. Смайликтер арқылы бағаланады. Стикерлерге кері байланыс жазып, тақтаға жапсырады.</p>	<p>Оқушылар сұраққа жауап бере отырып, сабақты қорытындылайды. Өз ойларын айтады.</p> <p>Оқушылар өздерін және өзгелерді бағалайды.</p>	
Үйге	Жаттау, мәліметтер іздеу.		

С.МУТАШОВА,
ОҚО девиантты мінез-құлықты
балаларға арналған мектеп-
интернаты»КММ.
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Кентау қаласы

М.МАҚАТАЕВ. **«АҚҚУЛАР ҰЙЫҚТАҒАНДА»**

Мақсаты:білімділік-ақынның өмірі мен шығармашылық жолын таныстыру, поэманың тақырыбы мен идеясын, көркемдік ерекшелігін таныту; дамытушылық-тіл тазалығын сақтауға, сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастыру; тәрбиелік-табиғатты аялауға, адамгершілікке, өз ойын еркін, көркем жеткізуге тәрбиелеу. Түрі: дамыта оқыту. Әдісі: сұрақ-жауап, СТО, ойлалғау. Көрнекілігі: ақын портреті мен шығармалар жинағы, сызба-кестелер. Пәнаралық байланыс: биология, музыка.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушыларды түгелдеу, жаңа сабаққа әзірлеу.

II. Үй тапсырмасы. F.Мүсіреповтің «Беседің хаты» драмасы.

III. Жаңа сабақ.

-Кешір, ана!

Бір сенің еркең болмай,

Отаныма ұл болу-қымбат маған.

Сеніменен Отаным егіз деймін,

Сенен Отан, Отаннан –сені іздеймін.

Отаныма бер мені басы бүтін,

Нашар дәйел тапқан ұл дегізбеймін!-

деп жырлаған, туған жері-Қарасазын, Отанын жырлаған ақын ұл кім деп ойлайсындар?

Экраннан М.Мақатаевтың өмірі мен шығармашылық жолын таныстыратын слайд көрсетіледі.

«Топтастыру» стратегиясы. «Мұқағали әлемі»

Ой шақыру. «Мен Мұқағали туралы не білемін?»

1. Ақынның шын аты кім? (Мұқаметқали)

2. Мұқағалидың өмір сүрген жылдары (1931-1976)
3. Ақын кімнің тәрбиесінде болды? (әжесі Тиынның)
4. Ақынның шығармалар жинағы («Қарасаздан ұшқан қарлығаш», «Дариға жүрек», «Қарлығашым, келдің бе?», «Шолпан», «Жылап қайттым өмірдің базарынан», «Өмір дастаны», т.б.)
5. Ақынның прозалық шығармасы («Қош, махаббат»)
6. Ақын өзінің өмірбаянын қай өлеңінде жазды? («Менің анкетам»)
7. Ақынның поэмаларын ата? («Аққулар ұйықтағанда», «Ару-ана», «Райымбек», т.б.)

Деңгейлік тапсырма.

I деңгей. Сахналық көрініс. «Аққулар ұйықтағанда».

II деңгей. Поэманың сюжеттік желісі бойынша талдау.

III деңгей. Поэманың бөлімдеріне мазмұны бойынша жоспар құру.

1. Аққуларын әлдилеген Жетімкөл.

2. Таң күзеткен шарасыз ата-ана.

3. «Берекесін бұл жердің кім қашырған?»

4. «Қимасың екі бірдей жоғалғаны...»

4. Шығарма кейіпкерлері мен іс-әрекетіне талдау.

Ананың өз перзенті үшін қасиетті аққуға оқ атуы.

Әкенің қиын сәтте де ырымнан аспауы.

Тәуіп шалдың анаға айтқан жауыз ойы.

Жылқышы қарттың шарасыз анаға ырым туралы айтуы, үйіне қайтаруы.

5. «Бала-аққу-ана». Пікірсайыс.

1. Жетімкөл неге жетімсіреп қалды?

2. Аққуды атқан ана кінәлі ме?

3. Ананың балаға деген махаббаты

4. Поэма неге «Аққулар ұйықтағанда» деп аталған?

IV. Қорытынды. Ақынның өз дауысы «Уақытты тоқтатар шамаң бар ма?»

V. Бағалау. Сабаққа белсенді араласқан оқушыларды бағалау.

VI. Үйге тапсырма. «Ақын және аққу» тақырыбына эссе жазу.

Әдеби кеш

**Г.ҚУАНҒАЛИЕВА,
№44 ОЖББМ.**

Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы

«СЕН ЕНДІ БАСҚА АҒЫСТАН ІЗДЕ МЕНІ...»

Ақын Төлеген Айбергеновтің өмірі мен шығармашылығын таныстыра отырып, асқан дарын иесінің әдебиетімізден алар орнын түсіндіру. Ақын өлеңдері арқылы туған жерге, Отанға, достық сезімге деген сүйіспеншіліктерін ояту. Анаға деген махаббаты қадірлеуге, поэзия құдіреттілігін сезіне алуға тәрбиелеу. Көрнекілігі: Т.Айбергенов өлеңдерінің жинағы, интерактивтік тақта. Ақын өмірінен сыр шертер суреттер. С.Төлегенқызы Айбергенованың әкесінің өлеңдерін жинақтап шығарған диск.

Сабақтың барысы: I. Кіріспе.

«...Төлеген, сөз жоқ, талант. Дара талант, сара талант... Т.Айбергенов - өлімді жеңіп шыққан өмір шаттығының жыры...» - деп Әбіш Кекілбаев айтпақшы, бүгін біздер осындай дарын иесімен танысамыз. Бізге өлең несімен қымбат, несімен ыстық? Ақынның кіршіксіз көңіліне тұнған таза шықтай мөлдірлігінен, жүрек түкпіріндегі сәулелі сезімнің нәзіктігінен болар, бәлкім... Жарқ етіп сөнген жұлдыздай Төлеген жырларында осы мөлдірлік, осы сұлулық, осы нәзіктік атаулының бәрі-бәрі бар тұғын. Құмарлана бас қоясың, бірақ шөлің бір қанбастай. Сусаған үстіне сусай бересің. Төлеген Айбергенов 1937 жылы Қарақалпақсанның Қоңырат ауданында дүниеге келген. Дегенмен, ата-бабасы Ақтөбеден. Педагогика институтын бітіріп, Қоңырат, Сарыағаш ауданының мектептерінде сабақ береді. Алғашқы жинағы «Арман сапары» 1963 жылы жарық көрген. Содан кейін «Өмірге саяхат», «Құмдағы мұнаралар», «Мен саған ғашық едім» жинақтары шықты. Ақын ауыр науқастан 1967 жылы 30 жасында-ақ дүниеден өтті.

Төлеген Айбергенов жырлары туған халқының өзіндік өмір

нақышымен, қаны бойында ойнаған табиғи қасиетімен қосыла өріледі. Қазақтың талантты ақындарының жырларынан даланың кеңдігі, сәбидің пәктігі, ұлт бойындағы даналық пен даралық есіп жататыны да сондықтан. Сондай ақынның бірі де бірегейі де Төлеген Айбергенов. Төлеген жырларынан лапылдаған жастықтың жалыны, мәрттіктің мәртебесі, сыршылдық сезімі сыңарласып өріледі.

Айбергенов бір өлеңі арқылы ғана қазақтың бүкіл ұлттық болмысын бейнелеген. Жыр жолдары арқылы қазақ деген халықтың қандай рухы биік ұлт екенін оқырманға үлкен әсермен жеткізеді.

Бір тойым болатыны сөзсіз менің,

Дәл қай күні екенін айта алмаймын.

(Диск арқылы интерактивті тақтадан Салтанат Төлегенқызының орындауында тыңдату)

...Кім білсін талай күнгі тілегім еді,

Мәңгілік тарқамауы да мүмкін оның,...

Шынында да талантты ақын көрегенділікпен айтқан. Төлеген – жырдың тойы өлеңді бағалай білетін, қасиетті қара өлеңнің күдіретін, қадірін түсінетін жұртымен бірге жалғасу үстінде. Ақынның ғана емес, ол қазақтың, қазақ поэзиясының тойы санатында жалғасып жатыр. Қазақ халқы бар жерде поэзия тойының «Мәңгілік тарқамайтыны» тағы белгілі.

Төлеген Айбергеновтің туып-өскен жері – қарақалпақ топырағы, ол өмірінде де, өлеңінде де туған жерге оралумен өтті.

Адамзат баласы бойындағы асыл қасиеттің бірі-сағыныш екені рас. Сағына білген қандай жақсы. Сағынғанда ақынша сағын. Туған жерге, ата-анаға, досқа, сүйген жарға, дүние атаулының бәріне деген адам баласының түйдек-түйдек сағынышының болуы қандай керемет. Оқушылар «Сағыныш», «Досқа сын» өлеңдерін мәнерлеп оқиды.

Қазақстанға келгеннен кейін оның аласұрған жүрегі достар іздеді. Сол кезде Шымкентте жүрген өзі сияқты ақ көңіл Шәмші Қалдаяқовпен кездесті. Кейіннен жүрегінің тазалығы соншалық, сапарлас ағасы композитор Шәмші Қалдаяқовқа «Сырласу» дейтін өлеңін жазды. «Сырласу» өлеңі мәнерлеп оқылады.

Бірі әннің, бірі жырдың сыршыл сазын төккен екі дарынның бұл сапарының бірегей ажары Атырауға барған кездегі әні «Ақ ерке – Ақ Жайық» еді. Сөз қандай, саз қандай!... («Ақ Жайық»

өлеңі оқылады.)

Қысқа ғұмырында жыр әлеміндегі ескерткішін өздері қашап кеткен таланттарға «алда айтатыны көп еді» деп көңіл жұбатудың өзі асылық болар еді... «Бір жетсе менің ажалым жетеді» өлеңі оқылады.

Қысқа ғұмырында жыр әлеміндегі шексіз тазалығы мен кіршіксіз пәктігінің көрінісіне осылайша тағы бір мәрте куә боласыз. Ақын жүрегінің нәзіктігі сондай, «адам қолы жасаған ұяттарға» төзімділік таныта алмайды.

Ақынның туған жерге арналған өлеңдерінде оның сағынышты мұңдары өте күшті сезіммен жырланады. Оқып отырып, сүйсінесің, әрі іштен жылайсың... Оқушылар «Атамекен», «Алтын ұяма» өлеңдерін оқиды. Осындай қасиетті топырақтың қандай ардақты екенін ақын керемет жеткізеді.

Ақын 4 атадан өрген жалғыз перзент болатын. Сондықтан да балаларын өте жақсы көрген. Тұңғыш қызы Салтанат туғанда оған арнап «Перзент жыры», «Қызым» өлеңдерін жазды.

Балалары азамат болды, бәрі жоғары білім алды, Салтанат-ғылым кандидаты, студенттерге дәріс оқиды. Ендеше, сол өлеңдерге кезек берейік.

Өзінің төрт қызы мен бір ұлы сияқты, өзі де әкеден үш қыз, бір ұл болған екен. Апаларына арналған жырында да ақынның адамдарға, бауырға деген қаяусыз махаббаты сезіледі. «Апаларым» өлеңі оқылады.

Ана-өмір, ана – күдірет. Ананы құрметтеу - әр адамның асыл қасиеті. Ақынның да анаға арнаған жырларына кезек берсек. «Ана» өлеңін оқушы мәнерлеп оқиды.

II бөлімі. Поэзия сағатымыздың келесі бөлімі-Арнау өлеңдер.

Т.Айбергеновтің күдіреттілігіне бас имеген, оның мықтылығын мойындамаған ақын кемде-кем. Ақындардың жүрек жарды лебіздерін тыңдасақ: Абатбай Кірқабаров «Тірісінде сыйлағанға не жетсін?», Баяділла Тұрғанбаев «Төлеген ақын монологы», М.Мақатаев «Төлегенге», Ұлықбек Үмбетов «Төлегенге».

Ақындықтың мақсат-мұратының қандай екенін ақын үлкен өлшеммен толғанады.

Өрелі ойдан отты жыр туатыны да заңдылық. Ендеше Төлеген жырының келешегі де ертеңі де ұрпақтың қазынасымен еншілес жатыр. Таланттың тойы тарқамайды.

Ш.МАЛЬШУБАЕВА,
Қалижан Бекқожин
атындағы №12 ЖОББМ.
Павлодар қаласы

ЖЫР ТАРЛАНЫ – ҚАЛИЖАН АТА

*Поэзия тербетеді жүрегімді,
Өлсем де өлеңімді айтып өлем!
Керекуім, сенің ақын ұлыңмын,
Бесігісің сен балалық жырдыңның.
Жат қаланың алтын-ғауһар тасынан
Артық көрем қиыршығын құмыңның, -*

деп туған жеріне деген перзенттік асыл сезімін осылай жеткізген әдебиетіміздегі үлкен тұлғаның бірі, қазақ поэзиясының өрен жүйрігі, елі таныған майталман ақын Қалижан ағамыз 1913 жылы Павлодар облысының киелі Баянауыл өңірінде туған. Қалижан Бекқожин талантының қыры көп. Ол – лирик, эпик, сыншы, әдебиетші, шебер аудармашы және драматург.

Тар жол, бұралаңы мол, бұрылысы көп жолда асқақ дарындылығымен, Алағаудың шоқысындай биік тұратын ерекше дарын иесі, жерлес ақынымыз Қалижан Бекқожиннің қаламгер ретінде қалыптасып, шығармашылық жолының кемелденуіне жағдай туғызған, көпке мәшһүр болуына, ақындық шабытының ашылуына, талантының толысуына, тақырыптық жағынан рухани шығармашылықтың баюына әсер етуші әдеби ортасы, маңындағы жүрген замандастары.

Қ.Бекқожиннің өзіне келетін болсақ әдебиет майданында жарты ғасырдан астам еңбек еткен жылдарында үлкен асулардан өтті. Оның өлең, поэмалары, әдеби сын, публицистикалық еңбектері, пьесалары том-том кітап болып басылып, театр сахналарында қойылды. Ол әдебиеттану және аударма саласында да елеулі еңбектер жазып, соңына өшпес мұра қалдырған белді де, белгілі әрі білікті суреткер ақын, жазушы.

Ақын Қ.Бекқожин әдебиетке отызыншы жылдары келген.

Шынында да Қалижан кезінде әдебиет әлеміне:

*Ерке өскен еркін елде мен бір жаспын,
Туғаннан тың гасырмен мен сырласпын.
Ержеттім толқынды өмір арасында –*

Сондықтан менің жырым - өрен тасқын, -
деп буырқанып келген жастың бірі еді.

Бұл туралы ғалым Ә.Нәрімбетов: «Отызыншы жылдардың орта тұсында поэзия әлемінің табалдырығын аттаған ақын Қ.Бекқожиннің алғашқы туындыларынан байқалатын жай: оның шығармаларында сол тұстағы уақыт тынысының сезілетіні. Ақын бірден халық өмірінің дүбіріне құлақ қойып, идеал – мақсатын жырлауға ұмтылды. Өз заманының көкейкесті мәселесін толғауды басты ақындық парызым деп білді. Ақын алар асулар алда болатын. Бұған оның әсіресе, Ұлы Отан соғысы жылдарында жазған жырлары куә. Бұл сұрапыл майдан жылдарында Қ.Бекқожиннің де шығармашылығының жауынгерлік рухы күшеюмен қатар, қаһармандарының келбеті де айқындала түсті. Ол, ә дегеннен-ақ «Кек дабылы» деген өлең жазып:

*Кеудемізде кек қайнаған
Кекпен өзен отқа айналған
Қаһарлы айқай салған шуды
Дүниеде кім ашулы?
Біз, жігіттер, біз ашулы!*

деп халықтың бойындағы жауға деген өшпенділікпен, шексіз ашу – ызаны дәл тауып, тұтандыруға тырысты.

Қ.Бекқожиннің Ұлы Отан соғысы жылдарында жазған туындыларының белгісі де, бірегейі боп оның «Партизандар» және «Партизан анасы» деп аталатын жырлары болып табылады. Бұл жайында белгілі ғалым Ә.Нарымбетов жоғарыда аталған монографиясында: «Мәселен, ақын Қ.Бекқожин «Партизан анасы» балладасында белгілі бір нақтылы сюжетпен партизан өмірін айқын суреттеуді мақсат еткен. Шығарманың бас кейіпкері партизан және оның кәрі анасы. Жорықта жүрген партизан ұлына деген ананың сағынышын ақын тебірене толғайды. Әр ананың өз перзентінің тірлігін тілейтіні заңды құбылыс. Сол әрбір әзиз анадай партизан анасы да ұзақ мерзім жорықта жүрген ұлымен жүздесуді арман етеді. Ұлым тірі ме, өлі ме деп көкірегі қарс айырыла күдіктенеді де. Сөйтіп, жаумен үш жыл майдандасқан ұлын іздеп ана жолға шығады. Сол жерде фашистер ананы қоршап «партизан ұлың қайда, тауып бер?» деп қысады. Жау аузынан өз ұлының тірі екенін естіп қуанған ана сезімін ақын оның өз сөзімен жеткізе алған:

*Ей, залымдар, өлтір мені
Жыламаймын, мен қуанам.*

*Тірі екен ғой сендерге ойран
Салып жүрген менің балам.*

Бұдан кейін жауыздардың анаға оқ атуы алдындағы ана арманы, киялы әдемі бейнеленген. Сезім суреттерін бере отырып, ақын шығарма кейіпкерлерінің биік бітімін шынайы мүсіндеген. Олар: жауды талқандап жүрген ер партизан және оның абзал анасы», - деп әділ бағасын берген.

Саяси-азаматтық лирика Қ.Бекқожиннің шығармашылығынан басты орын алады десек қателеспейміз. Бұған оның «Отан», «Жер», «Бейбітшілік» тақырыптарына арналған:

*Сол ғана інім, сол тілек,
Сол тілек ізгі, сол күйші!
От алмасын зеңбірек
Тыныштық жеңсін соғысты*

деп басталатын «Тұрсын дүние бабында» деген сияқты өлең шумағы куә.

Өсиет өлең шығару дәстүрі қазақ поэзиясында ертеден бар. Бұл салада Қ.Бекқожин де аз еңбектенбеген. Сондықтан оның «Әркімде бір кате бар», «Туысыма», «Ақын ініме», «Қайғың болса», «Жұрт көзінше күрсінбе», «Егер шықсаң асқарға», «Ұмыт бәрін», «Бес ешкіні құдым» деп аталатын жырларын қазіргі поэзиядағы өсиет өлеңдерінің тәуір нұсқаларының қатарынан табатынымыз орынды. Мәселен, ол бұл тұрғыдан алғанда кейінгі ұрпаққа:

*Ұмыт,-
Көрген запыңды күншілерден,
Өсектерді соңыңнан сыңсып өрген
Еске сақта әзілін достарыңның
Кірбің кезде көңілді бір көтерген*

деп өсиет айтады Сондай – ақ, Қ.Бекқожин нақыл шумақтар да жазған ақын.

*Таудай толқын болса да,
Суға батпас қасқалдақ.
Қаниша боран соқса да
Қыран ұшар аспандап*

деген нақыл шумағы толық жауап беріп тұрған, үндес - өзектес жыр жолдары деп білеміз.

Қ.Бекқожин-эпик ақын. Сондықтан да оның қазақтың эпикалық поэмаларының даму, өркендеу үдерісіне қосқан үлесі ұшан-теңіз. Көзі тірісінде 40-тан астам өлең жинақтары шығып, жиырма шақты ірі поэмалар жазған ақынның шығармаларында кісі аттары, кейіпкерлері өте көп. Қ.Бекқожиннің алғашқы жазған поэмасы

«Кек» деп аталады. Ол 1938 жылы «Лениншіл жас» газетінің бетінде жарияланып, оқырманнан тиісті бағасын алады. Поэманың бас кейіпкері азамат соғысының қаһарманы – Балтабай Баратбаев. Автор дастанында халық аңыз етіп айтқан, өзі дер кезінде естіп – білген оқиғасын, азамат соғысының ері Балтабай бейнесін былай деп жырлайды:

*Онда мен жетідегі жүгірмекпін!
Ұқтым ба дүбірлеген сырын көптің?!
Зеңбірек күркіресе қызық көріп
Қызыл ту желтілдесе күлімдеппін...*

Қ.Бекқожиннің келесі бір дастаны «Орман қызы» деп аталады. Ақын 1938 жылы жазылған бұл поэмасы үшін 1939 жылы комсомол сыйлығының лауреаты атағына ие болған. «Орман қызының» басты кейіпкері Қарлығаш есімді әнші қыз (Күләш Байсейітова) бейнесін ақын:

*«Жарқ етіп шықты міне сахнаға
Тұр екен ән толқыны дәтін ала.
Көзінен кереметті ұшқын атты,
Солай бір серпіледі ақын ғана»*

-деп шарықтата жырлайды.

Эпик ақын өзінің «Ақсақ құлан» поэмасын 1939-1940 жылдары жазып, алғашқы нұсқасын «Әдебиет және искусство» журналының 1940 жылғы сандарында жариялатқан. Кейін, 1963 жылы автор бұл дастанына қайта оралып, өңдеп жаңғыртқан:

*Жейхунның самал соқпай кең арнасы
Тулақтай тақыр болған көгал басы
Жағасын қалың тобыр жаугер басып
Алқапта айбат шеккен хан ордасы.*

Бұл сипаттама тарихи шындықты елестетеді. Ал, күйші тұлғасы, іс-әрекеті, күйшінің сүйікті жары Еліктің сыр-сипаты шығармашылық қиялдан туған жәйттар. Тарихи шындық негізі бар, оқырман жұртшылыққа белгілі, сыншылар тарапынан да жақсы баға алған, орыс тіліне бірнеше рет жарық көрген бұл туындының өз шығармашылығымның шоқтығы деп мәртебе тұтамын. Поэманың поэзиялық қасиетін, әсем өрнектерін, күй сарындарын оқыған адам менің бұл мақтанышымды бекерге шығармас...», - деп жоғары көңіл-күйін білдіреді ақын.

Бұл поэмада жыр болған жәйт ел аузындағы аңызға негізделіп, автор Ақан қайғысын өзінше толғайды. Ақан сері жайында жазылған өзге шығармаларда Ақтотының Ақанның өз қолында

қаза тапқаны ашылып айтылмайды. Мен осы жайды күйінішпен жырладым:

*Өтсе де оған көп жыл - өршіл сол шер
Алысып, албырт арман өксіген ер –
Кешірмей бөбек қыздың еркелігін
Сілтеген сұлуына сері семсер...*

Ел аузындағы, аңыздағы бұл дастанда осындай символикалық, романтикалық махаббат трагедиясы жыр болады. Айта кетелік, аса сезімтал, қиялы ерекше кейбір адамдар есі адасуына байланысты галлюцинация яки жалған құбылыс көзіне елестейтін әдет болады.

Бұдан басқа Қ.Бекқожин 1970-1974 жылдар арасында «Мамырстан», «Шардара», «Америка хикаяттары», «Гималай сарыны», «Ертіс хикаясы» атты поэмалар жазған. Енді осы шығармалардың оқиғалар желісіне қысқаша болса да тоқталып кетелік. «Мамырстан»-дәуір туралы толғау-жыр. Ақын бұл толғауын республикамыздың құрылғанына 50 жыл толуына арнап, халқы үшін «Жиделі байсын» жерін аңсаған Асан қайғыдан бастап, кейінгі дәуірдің дана жырауы Жамбылға тоқтап, молшылық кезеңін мақтауға айналдырды. Ал, «Шардара» (Теңіз дастаны) поэмасы болса еңбек адамының ерлік жеңісіне арналған шығарма. Онда далаға қол күдіретімен теңіз орнатқан адам күдіреті сөз болады. Бұл поэма қазақ тілінде екі-үш рет және Москвада орыс тілінде басылып шыққан.

Ақынның нақтылы тарихи негізге құрылған шағын хикая дастаны «Ертіс хикаясы» деп аталады. Онда Қазақстан совет үкіметі орнағасын да «Ертіс жағалауы ежелден Сібірге жатады, Семей, Павлодар атырабы Сібір өлкесіне қарауға тиісті» деген талаппен Лениннің алдына барып жүгінген орыс Смирнов пен оған керісінше Ертістің бұл жағалауындағы ел мен мекен ежелден қазақ елінің қонысы екендігін дәлелдеген қазақ Кәрімінің (Ғалым Тәжібаев) арақатынасы анықталып, солардың негізінде пролетариат көсемінің бейнесі сомдалған. Осыған қарап Қ.Бекқожин үнемі поэма жазумен шұғылданған екен деген ұғым туындамауға тиіс. Мәселен, бұдан басқа ақынның әр жылдары жазып, оқырманнан лайықты бағасын алған «Қыз кеткен», «Маңырақ маркасы», «Күзетші», «Бетпақ елестері», «Карл патша мен алтын арқар», «Ақсақ Темір және ақын», «Арагва», балаларға арналған «Қамбар ата», «Ата мен Атан», «Бақыт іздеген бала», «Негр Джеймс», «Джон негр баласы» және т.б. балладалары мен мазмұнды жырлары бар.

Міне, ақынның осындай көптеген лирикалық жырлары топтасқан жинақтарының бірі «Менің замандастарым» деп аталады. Мұны айтып отырған себебіміз ақынның осы өлең кітабына 1978 жылы осы жинақтың авторына Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағы берілді.

Қ.Бекқожиннің ақындық творчествосына тоқталғанда оның 1973 жылы жазылып, 1974 жылы жеке кітап болып шыққан, 1980жылы әзірбайжан тіліне аударылған «Әпақ - нама» поэмасына тоқталмай кетуге тіпті де болмайды. Сонау XII – XIII ғасырларда өмір сүрген әзірбайжан халқының ұлы ақыны Низами Бижәбидің ғашық болып үйленген аруы қыпшақ қызы Әппақ екен. Мұны Низамиға қазақ ақыны Қалижан:

*Каф тауымды топан басты,
Төнді маған ақыр заман.
Мың бір түнге мың жалғасты
Өлді менің Шаһризадам*
деп жырлапты.

Қ.Бекқожиннің екінші бір таза тарихи тақырыпқа жазылған поэмасы «Сері күйші» деп аталады. Бұл ел қамын жеп көз жұмған Қорқыт күйші жайындағы драмалық шығарма. Бұлардан басқа ақынның «Ұлан асу» және «Жамбыл мен Айкүміс» атты пьесалары да бар. Мәселен, оның алғашқы пьесасы Алматы, Қарағанды, Шымкент театрларының сахналарында қойылып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленіп үлгерген дүние. Алдына үлкен мақсаттар қоя білген кез келген жұмыр басты пенде өз мұратына жететіні белгілі. Асқар таудай ақын Қалижан Бекқожин-алдына үлкен мақсаттар қойған қаламгерлердің бірі.

*Поэзия тербетеді жүрегімді,
Өлсем де өлеңімді айтып өлем!*

– деп ақын жырлағандай талмай ізденудің, оқудың, ерінбей еңбек етудің, аянбай тер төгудің арқасында өз мұратына жетіп, қазақ елінің қабырғалы қаламгеріне айналғаны ешбір жан аттап өте алмайтын шындық. Артына, өсер ұрпағына, іздер қауымына, еліне-жұртына өлмес-өшпес мол мұра қалдырып кетті. «Өлді деуге сия ма ойлаңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған», - деп ұлы ақын Абай ағамыз айтпақшы, ақын өлсе де, оның өнері, өлені, жыр-дастандары өлген жоқ. Елі барда, ұрпағы барда, халқы барда мәңгі көркейіп жасай бермек.

**Г.САҒЫНДЫҚОВА,
Ы.Алтынсарин атындағы
мектеп-гимназиясы.**
Қарағанды облысы,
Шет ауданы,
Ақсу-Аюлы мекені

ҰСТАЗ – МЕКТЕПТІҢ ЖҮРЕГІ

«Көңіл толқыны» күйі ойнап тұрады.

1-жүргізуші: -Армысыздар, қадірменді ұстаздар!

2-жүргізуші: -Міне, жылдағы игі дәстүрмен қазан айында болатын «Ұстаз» деген ұлы кәсіптің барша иелерінің төл мерекесі де келді.

3-жүргізуші: -Бүгінгі ұстаздар мерекесіне арналған «Ұстаз – мектептің жүрегі» атты мерекелік кешімізге қош келдіңіздер!

1-жүргізуші: - «Ұстаздық ету жай ғана кәсіп емес, бұл әркімге бұйыра бермейтін өнер». Бұл ұстаздар қауымын қашанда аялайтын, қамқорлығын аямайтын біздің Елбасымыздың сөзі. Әрине, осындай қолдаудың арқасында еліміздің мұғалімдері де ұрпақ тәрбиесіне еселі еңбектерін аяған емес.

2-жүргізуші: -Ал қазір, сіздердің назарларыңызға өздеріңіздің шәкірттеріңіздің дайындаған мерекелік концертін ұсынамыз.

1-жүргізуші: - Олай болса біз мерекелік концертіміздің эстафетасын біздің кішкентай әріптестерімізге береміз.

6-сынып оқушысы: *-Ғұлама білгіш ғалымнан,
Оқушы жас жалыннан.
Мархабатты ойшылдан,
Мал өсірген қойшыдан*

5-сынып оқушысы: *-Жазушыдан, ақыннан,
Ғарышкерден, батырдан
Өнері асқан актерден,
Брыс қазған шахтерден*

5-сынып оқушысы: *-Мың бұралған бишіден
Ой тербеткен күйшіден.*

1-сынып оқушысы: *-Оқыған жас-кәріден,
Оқушының бәрінен*

Ұстаздарға мың алғыс! (бәрі бірге айтады)

- Армысыздар, аяулы ұстаздар!

- Бармысыздар, білім нәрімен сусындатқан ардақты жандар!

- Балалар! Мұғалім болған қандай жақсы, иә?!

- Дәптер тексересің, баға қоясың.

- Сабақ оқымайсың. Тентектік жасасаң ата-анаңды мектепке шақырмайды.

1-сынып оқушысы: -Эх! Ұстаз болған жақсы ма, әлде оқушы болған жақсы ма? Мен әлі түсінген жоқпын. Себебі, мектепке келгеніме бір-ақ ай болды.

- Біз бүгін ұстаздарға демалыс жариялаймыз.

1-сынып оқушыларының ағылшынша құттықтауы.

Ән: «Еркеназ» тобы. «Ұстаздарға мың алғыс».

1-жүргізуші: -Тұғыры биік Тәуелсіздігіміздің жасампаздығына көз жеткізіп, өздерінің еңселі еңбектерін тек шәкірт ғұмырына арнаған, өмірге өзі де бақытты болып келіп, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп халық қалаулысы атанып, бақытты шаңырақтың иесі болып отырған, Ұлы Мұхтар Әуезов ағамыз айтқандай «Алғашқы артқы жасқа жақсы тәлім айтпаса, ел болғаның қайсы» дегендей алдыңғы толқын аға буын өкілдері ұстаздарымыз келіп отыр. Ендеше осы ұстаздарымызға қол соғып, қошемет көрсетейік. Сіздерге мың алғыс!

2-жүргізуші: -Шәкірттер санасына сәуле шашып, шырақ отын маздатқан ұстаздар қауымына ақ лебіз, жылы тілегін білдіру үшін ортамызға мектебіміздің директоры Майгельдинов Шайхслам Шәріпбекұлын шақырамыз.

*Күллі өмірін жеткінішекке арнаған
Мұғалімді ардақтайды барша жан
Ол мектептен шықпаса да қыс-жазы,
Жемісі оның жердің жүзін шарлаған.
-Асыға сәлем жолдап жүректен біз
Бірге өсіп ен жайлаған ұл менен қыз,
Тәтті күй, асқақ ән мен әсем биді,
Сіздерге тарту етіп ұсынамыз.*

«Ұйғыр» біі.

2-жүргізуші: -Келесі сөз кезегін мектебіміздің ардагер ұстазына береміз.

1-жүргізуші: -Мектепте ұстаздар мерекесі қарсаңында оқушылар арасында әр түрлі номинация бойынша сауалнама

жүргізілді. Сол сауалнаманың қорытындысын жариялауға рұқсат етіңіздер.

1. Білікті басшы.....
2. Ұлағатты ұстаз
4. Мейірімді ұстаз.....

2-жүргізуші: -Білесің бе, Қошемет, ұстаз деген қанша мамандықтың иесі екенін?

1-жүргізуші: - Оны санау қиын шығар, бірақ ұстаз, ең алдымен, шәкіртіне бағыт беретін педагог, оның ойын тыңдайтын психолог, оқушыға сабақ түсіндіргенде кейде актер де, әнші де, тіпті биші де болады емес пе?

- Биші, ол да мүмкін бе? Негізі, мен ұстаздардың билегенін көрмеппін, ұстаздар көзге қатал болып көрінеді емес пе?

2-жүргізуші: -Ендеше, көрмесең байқап көр, Абылай. Қазір сахнаға ұстаздарды шақырайық.

1-жүргізуші: -А, сонда ұстаздар өз заманында болған мектептегі дискотеканы бір есіне түсіреді десеңші.

2-жүргізуші: -Ендеше, тамашалайық. Ұстаздармен би биленеді. Флэшмоб (11-сыныптар). Монолог: «Ұстазға құрмет».

Келесі сөз кезегін мектебіміздің ардагер ұстазына береміз.

1-жүргізуші: Келесі номинацияларды атауға рұқсат етіңіздер

5. Жаңашыл ұстаз.....
6. Еңбекқор ұстаз.....
7. Сабырлы ұстаз.....
8. Ізденімпаз ұстаз.....

Ұлдар хоры. «Ұстазым менің, ұстазым».

1-жүргізуші: -Ал ендігі кезекті ұстаздарымызбен бірге қызықты ойындар ойнауға шақырамыз.

Келесі номинацияларды атауға рұқсат етіңіздер

10. Ақкөңіл ұстаз.....
11. Шебер ұстаз
12. Өнерлі ұстаз
13. Ең көңілді ұстаз
14. Сыпайы ұстаз.....

- Суретші болсақ, ең әсем бейнені ұстазға арнаймыз, сәулетші болсақ, ең көрікті ғимаратты ұстаздарға саламыз.

- Жүрек күйін тербетер сазгер болсақ, асыл әнді ұстазға шырқаймыз, сезімді бойлайтын ақын болсақ, нұрлы жырлардың әр тармағын аяулы ұстаздарымызға арнаймыз. Олай болса қазіргі шырқалар ән сіздерге арналады, құрметті ұстаздар. Ән. «Мама,

мама».

- Абылай, қазір менің не айтайын деп тұрғанымды білесің бе?

- Жоқ.

- Менің ұстаздарға тосын сыйым бар. Еліміздің әр қаласында, тіпті шетелде оқып, білім алып жатқан мектебіміздің түлектерінің, өз ұстаздарына деген жүрекжарды лебіздерін тыңдасақ. Бейнетаспа.

1-жүргізуші: -Алдамасын үміт бізді жетелесін арманға

Ұстаздардың қасиетін кемітетін жан бар ма.

Еліміздің келешегін тәрбиелеп отырған

Бас иіңдер, ұстаз деген қасиетті жандарға!

-Көз алдыма елестейді бір алып

Келбеті де, тұлғасы да тұр анық.

Ақыл алып келе жатыр өзіңнен

Өзіңменен келе жатыр нұр алып.

2-жүргізуші: -Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған дихан да, мал бағып терін төккен шопан да, бәрі-бәрі ұстаздан білім, тәлім алған, сондықтан, ұлағатты ұстаздар, сіздерге бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді. Сіздерге мың алғыс!

Көркемсөз оқу (Шырақ, Айбибі, Данияр, Гүлдана, Қанат)

(Ақжүніс пен Ислам екі жақтан шығады)

- Екінші, үшінші, төртінші, бесінші...

- Сен нені санап келесің?

- Уф, мен мектеп бітіргенше қанша жыл бар? Білімді оқушы болу үшін қаншама кітап оқу керек, қаншама жазу жазуым керек. Қолым аурады ғой! Қаншама есеп шығаруым керек.

-Бұл әлі бастамасы ғана. Біз егемен еліміздің жарқын болашағы болу үшін талай қиындықты жеңуіміз керек

- Біз ертеңгі жарқын күнге сенеміз,

Еңбектенсек жалқаулықты жеңеміз.

Жақсы оқып, білім алып себебі

Үздік елдер қатарына енеміз!

- Олай болса сахнаға 11-сынып оқушыларын шақырайық. (Ән. «Ұстазым»)

1-жүргізуші: -Осымен мерекелік кешіміз аяқталды. Көңіл қойып тыңдағандарыңызға көп-көп рахмет. Келген қонақтарымызға қанаттарыңыз биікке қағыла берсін деп алғыс білдіреміз.

2-жүргізуші: -Қош, сау болыңыздар!

3-жүргізуші: -Мерекелеріңіз құтты болсын, ұстаздар!

Ә.ҚОЛДАШЕВА,
Тоқаш Бердияров атындағы
№127 жалпы орта мектебі.
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Сарыағаш ауданы,
Ұшқын ауылы

СҮЙЕМІН ТУҒАН ТІЛДІ - АНАМ ТІЛІН

Мақсаты: оқушыларға ана тілін білудің маңызын түсіндіру, ана тілі туралы жазылған акындардың өлеңдерін мәнерлеп оқи білуге дағдыландыру, туған ана тілін сүйіп, оны құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Отан, ана, тіл туралы қанағты сөздер жазылған буклеттер.

Ана тілін жақсы меңгеріп алмай тұрып өзге пәндерді түсіну мүмкін емес. Ана тілі-жүректің терең сырларын, халықтың басынан кешкен дәуірлерін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, сақтап отыратын қазына.

Ж.Аймауытов.

Ана тілім менің! Сен маған ризасың ба, білмеймін, бірақ менің тілегім сенсің. Сені мен мақтан етемін.

Р.Гамзатов.

Сабактың барысы: Кіріспе сөз:

Қай халық болса да қоғамдық өсіп-өркендеу жолында көтеріле алған биігі мәңгілік болып ана тілінде сақталып отырады.

Тіл-ғылым. Жер жүзінде қанша ұлт болса, соншама тіл бар. Әр ұлт өзінің тілін ғасырлар бойы қалыптастырады. Тіл-халықтың байлығы, қазынасы.

Қазақ тілі-мемлекеттік тіл.

Ана тілімізді мүмкіндігінше одан әрі өрістеп, ілгерлеуіне, біз, қазақстандықтар, жауапты болып саналамыз.

22-қыркүйек Қазақстан Республикасының халықтарының тілдер мерекесіне орай бүгін 5-сынып оқушылары және кітапханашылар сіздерге "Сүйемін туған тілді - анам тілін" атты ашық тәрбие сағатын ұсынады.

1-жүргізуші: - Армысыздар, ұстаздар, ата-аналар, оқушылар! Мектебімізде өтіп жатқан тіл мерекесіне өз үлесімізді қосу мақсатында өткізгелі отырған бүгінгі "Сүйемін туған тілді - анам тілін" атты ашық тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер!

2-жүргізуші: - Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны орындалады.

1-жүргізуші: - Ана тілі, ана сүтім, арым менің,
Сәулетім, сая бағым, сәнім менің.
Аспаным өзіңменен арайланып
Нұрланып атар ылғи таңым менің.

2-жүргізуші: - Қазақ тілі халқымыздың ана тілі болып саналады. Адам ана тілді алдыменен анасынан үйренеді. Тілді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші ана. Әлемдегі бар халықтың өз ана тілі бар. Ана тілін қадірлеген халық өз елінің тарихы мен мәдениетін сақтап,оның көркейіп дамуына үлкен мән береді. Ана тілін құрметтеген халықтың өрісі биік, болашағы айқын болады. Туған тілді, елді, жерді сүю, ананды сүю дегенді білдіреді. Әрбір елдің қуаты, күші, байлық-бақыты экономикалық даму деңгейімен ғана емес, сонымен бірге мәдени, рухани өрісімен айқындалады. Ал мәдени өзегі рухани тағылым деген халықтың ақыл-ойының көрінісі, тілге тікелей тәуелді екені белгілі. Халықтың сақталуы тілге байланысты. Тіл ел мен ердің туы. Тіл бар жерде - ел бар, ел бар жерде сен барсың, жан дос! Тілді қастерлеп, оған жанашырлықпен қолдау көрсету, болашаққа өзіндік сипатымен жеткізу үшін қызмет ету-өз халқын сүйетін кез келген азаматтың парызы мен міндеті.

1-жүргізуші: - "Ана тілі - халық боп жасағаннан бері жандүниеміздің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі"- деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, елін, жерін сүйген әрбір азаматтың көкірегінде ана тіліне деген сүйіспеншілігі мен мақтаныш сезімі болуы керек.

2-жүргізуші: - Ендеше, сіздер ана тілге деген құрметтеріңізді қалай көрсете аласыздар? Тыңдап көрейік. (оқушылар тіл туралы жаттап келген өлеңдерін айтады).

Оқушылар мемлекеттік тілге арналған өлеңдерді мәнерлеп оқиды.)

1-жүргізуші: - Қазақ тілі - Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Мемлекеттік тіл мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданылады.

2-жүргізуші: - Тіл - ұлттың тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі, қатынас құралы. Тіл болмаса, сөз болмаса, адамзаттың тірлігінде мән-маңыз жоқ. Демек, тілдің, сөздің орны ерекше. Осы орайда, ана тіліміз жайлы әрқайсымыз терең ойлануымыз керек. Елдің басқа жұртқа жұтылып кетуі тілі жоғалудан басталатынын ғылым дәлелдеп отыр.

1-жүргізуші: - Басқа тілді білу, әрине, мақтаныш. Әйтсе де әрбір адам өз ана тілін қастерлеуі керек. Себебі тіл - халықтың жаны, сөні, тұтастай кескін келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін - ана тілі мен ата дәстүрі.

Көрініс көрсетіледі.

2-жүргізуші: - Баба тілін ардақта - ақыл көзі,
Бағыт берер өмірде нақыл сөзі.
Ел мен жердің қадірін бағалатар
Туған тілің - анаңның нағыз өзі.

1-жүргізуші: -Таным мен тағылымды ойла, балам,
Терең ойла тіліңе бойла, балам,
Өз жерінде халқыңмен туған тілде
Мақтанышпен сөйлеуге тойма, балам.

2-жүргізуші: -Су түбінде жатқан тас,
Жел толқытса шығады.
Ой түбінде жатқан сөз,
Шер толқытса шығады.

Келесі кезекте оқушылар тіл туралы мақал-мәтелдер мен даналық ойлар айтады.

1-оқушы: -Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді

ұмыту - бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту.

Б.Момышұлы.

2-оқушы: -Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес деуге болады. Ана тілін білмейтін адам мәдениетті адам санатына қосылмайды.

М.Әуезов.

3-оқушы: -Өз тілімен сөйлескен,өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақтауына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы - тіл.

А.Байтұрсынұлы.

4-оқушы: ...мәдениеті жоғары тіл ғана ұлттық тіл, мемлекеттік тіл ретінде қызметін мінсіз атқара алады.

Н.Уәли.

1-жүргізуші: Тілім барда қазағым бар, халқым бар,
Дәстүрім бар, ата жолы салтым бар.
Кең даладай жиналмаған шалғайы,
Аңқау, ашық мінезім бар аңқылдар.

2-жүргізуші: Тілім жерім бағалы аманатым,
Ата- бабам қалдырған шапағатын.
Тіл де,жер де өзіміздің қолымызда,
Тұмар етіп сақтаймыз бойымызға.

1-жүргізуші: Тәуелсіз Қазақстан - ұлы Отаным,
Көк туымды қалайша құлатармын.
Тып-тыныш тұрып жатқан жайымыз бар,
Бәріміз баласындай бір атаның.
Елімізде бақ береке, ырыс болсын,
Қызыл тілім қанжардай қылыш болсын,
Халқымның ахуалы дұрыс болсын,
Отанымыз әрқашанда тыныш болсын!

деп "Сүйемін туған тілді - анам тілін" атты ашық тәрбие сағатымызды аяқтаймыз.

**Ү.КӘРІБАЕВА,
Талдыбұлақ жалпы орта
білім беретін мектеп.**

Қарағанды облысы,
Жаңаарқа ауданы,
Ескене ауылы

ЕЛІН СҮЙГЕН ЕЛБАСЫ

Мақсаты: Болашақ ұрпаққа Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев туралы мағлұмат беру. Елбасының өмірін, еңбек жолын үлгі-өнеге ете отырып, патриоттық сезімдерін арттыру. Ел Президентін құрметтеуге, егемен елімізге камқор бол білуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: суреттер, слайд, шарлар, Н.Ә.Назарбаевтың қанатты сөздері.

Әдіс-тәсілі: түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап

Барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Алаулаған алабынан нұр тамып,

Қазақ елін бүкіл дүние жүр танып.

Көк байрағың желбіреді төрінде,

Гимнің тұр көңілде шырқалып. (Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік Әнұраны орындалады)

II. Негізгі бөлім.

Жүргізуші:

-Бағдарлап елдің ертеңін,

Тыныштық тауып жатпаған.

Болашақ үшін тер төгіп,

Үмітін елдің ақтаған.

Жүргізуші:

-Қиялы ұшқыр ойлы адам,

Әлемге болған аты аңыз.

Ұрпақтың қамын ойлаған,

Аман-сау жүрші, Атамыз.

Қайырлы күн, құрметті ұстаздар, оқушылар!

Бүгінгі 1-желтоқсан Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тұңғыш Президент болып сайланған күніне арналған «Елін сүйген Елбасы» атты мерекелік іс-шарамызды ашық деп жариялаймыз.

Мұғалім: -Осы тәуелсіз еркіндікте өмір сүруге біз қалай жеттік, кімдер арқылы жеттік, иә тарих бетіне үңілсек, ол өте ұзақ жылдар бойы ата-бабамыздың қасық қаны қалғанша аянбай күресіп, елім, жерім, ұрпағым деп балаларым тыныш өмір сүрсін деп бізге тәуелсіз мемлекетті сыйлады. Осындай көп ұлтты мемлекетті басқару оңай емес. Осы тәуелсіз мемлекетімізді басқару 1991 жылы 1 желтоқсанда біздің Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевқа бұйырған екен.

- Н.Ә.Назарбаев кім?

1-оқушы: - Ол-еліміздің басшысы, халқымыздың жанашыры, өте білімді, терең ойлы тұлға.

2-оқушы: - Н.Ә.Назарбаев мектепті жақсы оқып, жақсы білім алды. Ата-анасын қатты құрмет тұтты. Жасынан зерек, алғыр азамат өскенде металлург мамандығын алып жұмыс жасаған. Ол халық қалауымен 1991 жылы 1 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланды. Содан бері 24 жыл өтті.

3-оқушы: - Н.Назарбаев-бәрінен бұрын өз міндетін, өз тағайындалуын терең сезінетін, үлесіне тиген міндетті жауапты әрі қажырлықпен атқаратын адам.

4-оқушы: - Нұрсұлтан ата-ақ пейілді, сезімтал жан және біз үшін нағыз үлгі болар тұлға.

Мұғалім: - Н.Ә.Назарбаев 1940 жылы 6 шілдеде Алматы облысы, Қаскелең ауданы, Шамалған ауылында дүниеге келген. Атасының есімі-Назарбай, әкесінің есімі-Әбіш, Нұрсұлтан деген есімді әжесі Мырзабала беріпті. Алланың 99 аты бар екен. Соның бірі-Нұр, тағы бірі- Сұлтан. Анасының аты-Әлжан. Нұрсұлтан 5 жасқа толғанда Жамбыл атаның ақ батасын алған екен. Ол Қаскелең қаласындағы Абай орта мектебін бітірген. Мектепте озап, үлгілі оқушы болыпты. Еңбек жолын Теміртау қаласында темір балқытушы болып бастаған. 1967 жылы Қарағанды металлургия комбинаты жанындағы жоғары техникалық оқу орнын, 1976 жылы партия мектебін бітірген. 1991 жылы 1 желтоқсанда біздің Отанымыздың тұңғыш Президенті болып сайланды. Қазақстан

Президенті Н.Ә.Назарбаев 2010 жылы 15 маусымнан бастап заңды түрде «Елбасы» мәртебесіне ие болды. Ол осы жетістігіне өзінің табандылығы мен еңбекқорлығының арқасында жетті.

5-оқушы:

Нұрсұлтан ата, құтты болсын мерей тойың,
Сомданып, тұлғаланып, өскен бойың.
Жер шары әлемдегі барлық елдер,
Біледі Президентіміздің ақыл-ойын.

6-оқушы:

Арманын орындадың бабалардың,
Көтердің көкшіл туын даналардың
Қазақтың асқақтатар өр рухын,
Ақтадың аппақ сүтін аналардың.
Ұл едің қатарынан артық туған,
Еңбекке жастайынан белін бұған.
Танытып әрбір елге белін бұған,
Жастарға жалын бердің білім қуған.

8-оқушы:

Отан деген-әр адамның жүрегі,
Оған ел де, жер де, су да кіреді.
Отанымды бар әлемге паш еткен,
Президентім-мақтанышым, тірегім.

Нұрсұлтан атамыздың сөзіне жазылған «Үшқоңыр» әнін тыңдайық.

9-оқушы:

Сәулесі күн шатырлы аспан,
Кең дала төсі толқыған егін.
Көлдері күміс шашқан,
Қазақстан –Республикам менің.

10-оқушы:

Толтырған гүлге даланы,
Жайнатқан ауыл қаланы.
Ардақты атамекенім,
Отаным Қазақстан.

«Жаса, Қазақстан» әні орындалады.

11-оқушы:

Барша қауым бейнеттен арылғанда,

Жаңа ғасыр есігі ашылғандай.

Елбасы тыным таппай ел кезіп жүр,

Ел үшін Асанқайғы бабасындай.

12-оқушы: - Біз шын мәнінде Президент Назарбаевты біздің бәрімізге, ұлтына, сеніміне және саяси көзқарасына қарамастан қолайлы да еркін өмір сүруімізге барлық мүмкіндік жасап келе жатқаны үшін мақтан етеміз.

Н.Ә.Назарбаевтың «Ой бөлістім халқыммен» деген жинағынан оқушылардың жаттаған накыл сөздері.

13-оқушы: - Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол-тәуелсіз Қазақстан.

14-оқушы: - Отанды сүю-өркениеттіліктің бірінші белгісі.

15-оқушы: - Салтанатты жарасқан қаласы бар, ұшан- теңіз байтақ даласы бар, аруақ қолдаған бабасы бар ел екендігімізді мақтан етейік!

16-оқушы: - Отаншылдық рухы бізге ауадай қажет.

17-оқушы: - Отаны бірдің-тілегі бір, жүрегі бір.

18-оқушы: -Көп ұлтты ел болуымыз-біздің байлығымыз, мақтанышымыз.

19-оқушы: - Дүниеде тәуелсіз Қазақ елі бар.

Әлемде егемен Қазақстан бар.

Оның көп ұлтты, тату, ынтымақшыл халқы бар.

Ең бастысы-бүгіннен нұрлы, бүгіннен кемел болашағы бар. Сол күнге берік сенім бар!

Жүргізуші: - Тәуелсіз мемлекетті Нұрсұлтандай атамыздың басқарып отырғанына біз қуаныштымыз. Қазақстанның болашағы-білімді жастармен,-дейді Елбасымыз. Сондықтан да балалар біздің алдымызда тек қана бір ғана талап-міндет-ол білім алу. Білімді болсақ қана біз өз жолымыздан ешқашан адаспаймыз, тура жүріп, түзу өмір сүреміз деп білемін.

III. Қорытынды бөлім.

Жүргізуші:

Сіз-әке барша қазақ бәрімізге,
Жас сәби үлкен-кіші кәрімізге.

Сіз-басшы, халқың-қосшы бола бергей,

Жарасып келе жатыр әніміз де, сәніміз де,-дей келе «Елін сүйген Елбасы» атты тәрбие сағатымызды аяқтаймыз.

Тұңғыш Президент күні құтты болсын!

А.АЙТМАҒАНБЕТОВА,
«Ынтымақ негізгі ЖББ мектебі».
Павлодар облысы,
Ертіс ауданы,
Ынтымақ ауылы.

Тәрбие сағаты

С.СЕҢКІБАЕВ,
Абай Мырзахметов атындағы
Көкшетау университеті.
п.ғ.к.
Петропавл қаласы

КӨШ БАСТАҒАН – ПРЕЗИДЕНТ

Тәуелсіздік көк жебесін желбіретіп,
Көш басында ел мақтаған - Президент.
Сын сағатта еліне еңбек етіп,
Арманына қол жеткізген – Президент.

Қазағым деп соққан оның жүрегі
Отша қайнап, лаулап жанып жүреді.
Халқыменен бірге болған сәттерде,
«Аман болшы елім» оның тілегі.

Егемендік алып келген еліне,
Қазағымның ұлан-асыр жеріне.
Дербес елдің көк туын желбіреттің,
Жаңғырды «Қазақ» аты жер-жерлерде.

Таулар менен өзен, көлдер «қазақ» деді.
Аспанда ай мен жұлдыз «қазақ» деді.
Даңқын мен абыройың арта берсін,
Әз, Елбасы бастаған қазақ елі.

Тәуелсіз, егеменді жерінде
25-ін тойлап жатыр елі де.
Ғұмырың ұзақ болып Қазақстаным!
Мәңгілік жасай берші қазақ елі!

Елінің абыройын асқақтатқан,
Көш басында, ел мақтаған Президент.
Қажырлы, талмас қанат, ерлігімен
Арманына қол жеткізген – Президент.

МӘҢГІЛІК ӨМІР

Мақсаты: М.Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығы негізінде оқушылар бойына адамгершілік, инабаттылық, ұлтжандылық пен отансүйгіштік қасиеттерді дарыту.

Әдіс-тәсілдері: Сахналық көрініс түрінде өткізіледі. «Дөңгелек стол» басындағы сұхбат. Сұрақ-жауап. Диспут. Тарихи-географиялық саяхат.

II. Көрнекі құралдар:

1. М.Жұмабаевтың портреті. (1893-1938ж.ж.).
 2. Мағжанның өлеңдерінен үзінділер, цитаталар жазылған плакаттар. («Мен жастарға сенемін», т.б.).
 3. «Мағжан жүрген жол» – тарихи-географиялық саяхат картасы.
 4. «Қазақ» – газетінің көшірмелері.
 5. Мағжан туралы әр жылдары шыққан, әдеби шығармалар, еңбектер, «Педагогика» оқулығы.
 6. Техникалық (мультимедиялық) құралдар.
 7. Музыкалық аспаптар.
 8. Сол замандағы қазақ зиялыларының портреттері мен еңбектері.
 9. «Желтоқсан» құрбандарының портреттері.
- III. Әсем безендірілген сынып (акт залы).
Киіз үй формасындағы сахна.

... Күңірене шыққан Құрманғазының «Қайран шешем» күйі. Сахнада абақты бейнеленеді. Темір тор. Май шам. Күңгірт. Темір тордың ар жағынан күңіренген үн естіледі: Мағжанның

«Сағындым» өлеңін теміртордың артынан І оқушы баяу үнмен оқиды. (Мағжан рөлінде):

Абақтыда айдан, күннен жаңылдым,
Сарғайдым ғой, сар даламды сағындым.
«Қарашығым, құлыным!» -деп зарлаған
Алыстағы сорлы анамды сағындым.
Жатқан үйім – қабырғасы қара тас,
Жарық сәуле, жылы күнге жаны қас.
Ауыр иіс, ылғи қара көлеңке,
Ерте-кеш те, күндіз-түні арылмас.
Тапал, салқын, тым қараңғы үңгір тар,
Есігімде мықты қара құлып бар.
Кіп – кішкене терезелер темірлі,
Мұндай үйден кімге естілер ащы зар! [1].

Өлең оқылып жатқанда «КарЛИАГ» бейнефильмі, т.б. суреттемелер көрсетіледі. Өлең жолдары оқылған сайын дауыс жігерлене, өршелене түседі. Күй үні де күшейе түседі. Ана бейнесі шығады. Шаршаған, қажыған ана, қоңыр үнмен:

*Құлыным, ботам...!
Мағжаным! Қу тағдыр, басыңа қайғы түсірді-ау ...
Зар заман... Аясаңшы, ботамды,
Мағжаным, жаным, қайдасың?
Қарашығым, құлыным...*

Ана, бүгіліп, дауыс шығарып зарлап, жылайды. Ана бейнесі өте бере, қайтадан «Қайран шеше» күйі орындалып тұрады.

Тергеуші Мағжан ісімен бөлме ішінде асықпай танысып отырады:

... Мағжан Бекенұлы Жұмабаев,.. 1893 жылы Ақмола губерниясында бай болыстың семьясында туған. Ұлты-қазақ. Ол үкіметке қарсы «Алқа» үйірмесін ұйымдастырушылардың бірі және оның белсенді мүшесі.

Тергеуші өз өзімен сөйлескендей болып: «Алқа» үйірмесі- қазақ ұлтшылдарының жасырын ұйымы. Жұмабаев-жат пигылды, революцияға қарсы, еңбекшілер үкіметін жек көретін адам. Барып тұрған халық жауы. Оны жазалау қажет. Қолына қалам алып жаза бастайды.

Жұмабаевтың айыбы: Ол жасырын қазақ ұйымына енген және оны ұйымдастырушылардың бірі. Жасырын түрде ұлтшыл «Алқа» ұйымын ұйымдастырған, қазақ әдебиетіне, баспасөзге сол арқылы теріс ықпал жасаған. Қылмыстық істер кодексінің 58 бабының 7, 8, 11-тармақтарына сай М.Жұмабаев атылсын. [2].

*1929 жыл. Москва, 12.03 Бутырка,
ОГПУ шығыс бөлім бастығы: Павлов.*

Кейіннен бұл үкім, 10 жылға қатал режимдегі Соловецки азап лагеріне каторгоға ауыстырылады. Мағжан осы Соловецки лагерінде 1929 жылдан 1936 жылға дейін жазықсыз сотталып, отырып шығады.

Бұл жолы жары Злиха, Максим Горькийге жолығып, Мағжанды мерзімінен бұрын шығуға жағдай жасайды.

Кешкілік үйде, шәй ішіп отырып:

Мағжан: - Злиха, жаным, рахмет саған. Екі дүниеде де сені сүйіп өтем...

Злиха: - Жоқ, жаным, олай деме. Сен жазықсызсың, олар оны біледі, саған тағылған айып-жалған. Күндердің күнінде сені халқың, елің жатқа оқып, жыр қылып айтатын болады.

Мағжан: - Енді олар маған тиісе қоймас. Жазықсыз болсам да жазамды өтедім ғой.. Мағжан Злиханы бауырына басып тұрып, күбірлеп өлең оқиды:

*Мен өлмеймін, менікі де өлмейді,
Надан адам өлім жоғын білмейді.
Өзім патша, өзім қазы, өзім би,
Қандай ессіз не қылдың деп тергейді!?! [2].*

Дегенмен, көп ұзамай Мағжан қайта тұтқұндалады.

1937 жыл. 29 желтоқсан. Мағжанның екінші және соңғы тұтқұндалуы. Алматы, НКВД-ың ішкі түрмесі.

Тергеуші: - Ия, сонымен, ақыным, бұл жолы не айтасың? Енді сендей халық жауын арашалайтын ешкім болмайды. Мағжанның алдына келіп, келемеждеп күледі.

Мағжан: - Айтатынымды айтқам. Мен ешқандай халық жауы емеспін. Әрі, кінәлі болмасам да, жазамды өтедім ғой...

Тергеуші: - Солай де, сонда Жапондарға қызмет еткен мен екенмін ғой? Солай ма, иттің күшігі? Сен және сен сияқты

итаршылардың ісі дәлелденген, енді қарсыласудан еш пайда жоқ, «Жазамды өтедім»- дейді ғой... Жоқ, ақыным, жазаң әлі өтелген жоқ... Өтелетін жазаң алда... Бұл жарық дүниеден көзің қашан кетеді, сонда ғана жазаң өтеледі. Түсінікті ме саған, сатқын! [3].

Тергеуші кері бұрылып, стол үстінде күні бұрын жазылған бір парақ қағазды Мағжанға ұсынады.

Тергеуші: - Мә, одан да уақытты алмай мынаны оқы да қолыңды қой. Мүмкін содан кейін жазаң жеңілдер, кім білсін. (мыскылдап күледі)

Мағжан қағазды қолына алып, күбірлеп оқи бастайды.

«Желая искупить свою вину перед Советской властью, чистосердечно заявляю, что предъявленные мне обвинения в том, что я, Джумабаев, занимался на протяжении нескольких лет шпионской деятельностью в пользу одного из иностранных государств-подтверждаю. Шпионажем в пользу Японии, я Джумабаев, начал заниматься с 1919г. И продолжал эту работу до 1929 г. т.е. по день моего ареста и отправки в лагеря. По отбытию таковых и возвращения в Казахстан в 1936г. я возобновил свою шпионскую работу в пользу названного государства... [3].

Мағжан: - Бұл нағыз арандатушылық, мұны мен жазған да емеспін, өтірік жала, қолда қоймаймын.

Тергеуші: - Ә, солай де. (Осы уақытта жанында тұрған орындықты лезде көтеріп алып, Мағжанның басына бар күшімен 3-4 рет қатты ұрады. Мағжанның басы жарылып, есінен танып құлайды).

Тергеуші күзетшілерге «алып кетіндер» деп бұйырады. Олар Мағжанды сүйретіп, камераға апарып тастайды. Қараңғы, суық тас еденде Мағжан ес-түссіз түні бойы жатып шығады.

Таң ата есін жиған Мағжан, бетінің қанын сүргіп, анасын, өзінің жастық шағын еске алады. Өз-өзімен сөйлескендей болады:

Мағжан: - Мені не үшін бұл жендеттер тергейді?! Өз ұлтыммен елімді сүйгенім үшін бе? Онда тұрған не бар екен? Сол ұлттың ұлы емеспін бе? Ал, ұлы болдың екен, неге халқыңды, еліңді, жеріңді сүймеске? Ия, мен бұл қызыл империяны жақтамаймын, жек көрем...Елімнің егемендігін, бостандығын қалаймын. Ал, сол да айып па? Бүгін болмаса, ертең, әйтеуір халқымның егемен алатыны

сөзсіз. Мен оған сенемін. Мен елімнің жастарына сенемін. «Мен жастарға сенемін» өлеңін күбірлеп оқиды.

Арыстандай айбатты,

Жолбарыстай қайратты-

Қырандай күшті қанатты.

Мен жастарға сенемін!-

Мен, дегенмен де бүгінгі күн, болашақ үшін еңбек еткім келмеді ме, келді. Алайда, қызыл империяның жандайшаптары мені ел қатарына қосқылары келмеді емес пе? Өйткені, олар мені көре алмайды, қызғанады...

Өлеңін оқиды:

«Қайтуым хақ, белді буып тас қылып,

«Кет» деме, елім, енді мені басқа ұрып.

Дейтін болсаң «қой жырыңды, жырауым»,

Қобызымды қиратармын тасқа ұрып» деп жаздым да ғой...

Қайран, Абай ата! Сондай жандайшаптар саған да қол көтеріп, жылатты-ау. Мен өлімнен енді қорықпаймын, маған өлім, менің ақ екенімді, ісімнің оң екендігін дәлелдейді. Өлеңін ақырын дауыспен оқиды:

Сұм тағдырдың емес пе бұл мазағы,

Аз өмірде естен кетпес азабы.

Жаты түгіл, жақыныңа жексұрын

Болып, өзі тілесін деп қазаны.

Қылсын мазақ, мейлі тағдыр ойнасын,

Жалмауыз жер мейлі жұтсын, тоймасын.

Жансыз суық көзін қадап қу өлім,

«Тез»-деп күтіп, тісін шықыр қайрасын.

Бұлар, мені уақытша ғана мұқалтты, мен күндердің күнінде қайта оралам...

Жігер, шіркін, желінді

Болат жеген қайрақтай.

Мешеу болды жүйрік ой

Кететін орғып айдатпай.

Қолды қардан оқ үзді,

Ордаға байрақ байлатпай.

Өлер өмір, сөз қалар

Молдаға қойған сайғақтай...

- Жоқ, олар қателеседі... Мені өлтірем дейді. Ал, мен өлмеймін, өйткені:

*Мен-Күн ұлы, көзімде Күн нұры бар,
Мен келемін, мен келемін, мен келем,
Күннен туған, Ғұннан туған пайғамбар!
Мен өлмеймін, менікі де өлмейді,
Надан адам өлім жоғын білмейді.
Өзім патша, өзім қазы, өзім би,
Қандай ессіз не қылдың деп тергейді!?*

Менің қорқатыным, бір-ақ нәрсе. Ол, ертең мына жендеттер менің жанымды алғаннан кейін, айдалада жалғыз молам ғана тұрады..., өлең оқиды:

*"Болмаса басыма да бармас па екен?
Атымды аузына да алмас па екен?
Қарайып жапан түзде жалғыз тұрған
Молама көз қырын да салмас па екен?
Дариға сол кездерде күнім қараң,
Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған
Болғайсың, сыншы болсаң, әділ сыншы,
Кінәні жүрекке қой, қойма маған"...* [4].

- Қош, елім, бауырларым, анашым. Мен кінәлі емеспін. Түбі бір әділет орнар, сонда ұрпақтар мені ақтар. Қош...Осы кезде милиционер есікті ашып, «Жүр, тергеуге» деп Мағжанды тергеу камерасына итеріп алып кетеді.

ОГПУ тергеушісі алдын ала дайындалып қойған №377 хаттаманы қатал үнмен оқиды: Сахнада жүдеу тартқан Мағжан.

«№ 377 хаттама. 11.02.1938жыл. М.Жұмабаев контрреволюционер, Совет үкіметіне қарсы астыртын ұйым құрып, шет ел пайдасына шпиондық арандатушылық іспен айналысты. Қылмысты істер кодексінің 58 статьясының 7, 8, 10, 11-баптары бойынша қылмысты деп танылып, ату жазасына кесілсін» [4].

Тергеуші: - Әкетіндер, дереу жаза орындалсын. Күзетшілер М.Жұмабаевты жүлқылап сүйретіп әкетеді.

19.03.1938 жыл. НКВД-ың ішкі түрмесі: Милиционер Мағжанның атылу актісін дауыстап оқиды: «Жұмабаев Мағжан

Бекенұлы. № 377 хаттама қаулысы бойынша үкім жүзеге асты, 1938 жылы 19 наурызда атылды». Кіші лейтенант Гайков.

Тергеуші: -Жақсы болған екен, бір жаудан құтылды. «Жоғарғыға баяндайын» деп сыртқа шығып кетеді.

Осы арада «Алжир», т.б. 1930 жылдардағы қызыл террорды суреттейтін бейне фильмер көрсетіліп тұрады. М.Дулатовтың «Қайда едің» әні домбырамен айтылады. (Ол ән болмаса басқа әнді айтуға болады.)

М.Жұмабаев рөліндегі оқушы темір тордың арғы жағынан Мағжанның өлеңін оқиды.

Сахнада бір сәт үнсіздік. Құрманғазының «Қайран шешем» күйі орындалуда.

Өлең біте бере май шам өшіріледі. Музыка үні бәсеңсиді. Сахнаға студент /оқушы/ шығады. Ол Мағжанның «Мен кім» деген өлеңін мәнерлеп оқиды:

*«Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?
Көкте – бұлт, жерде – желмін гүлеген,
Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар?»*- деп әрі қарай өлең оқыла береді. [1].

Жүргізуші ұстаз /оқытушы/:

- Сонымен, балалар, бүгінгі тәрбие сағатымыздың басты кейіпкері кім деп ойлайсындар?

Оқушылар /студенттер/: -Мағжан Жұмабаев.

-Дұрыс.

Жүргізуші ұстаз: -Жалпы М.Жұмабаев кім, не қылған адам?

1-оқушы: - Жанағы оқылған «Мен кім» өлеңінде Мағжан өзінің кім екендігін айтып кетті. Жалпы, ұлылар өз төреліктерін тарихта өздеріне өздері берген. Оған Пушкинді, Лермонтовты, Байронды, т.б. ақындарды жатқызуға болады. Мағжан өзі айтпақшы, ол арыстан, дауылпаз да қаһарлы ақын, ол тұлпар, шабысынан бір танбаған. Ол азат өмірді, елдің егемендігін аңсап, жырлап өткен айбарлы ақын!

2-оқушы: - Мен Мағжандай ұлтжанды азамат болуды қалар едім.

Ұстаз: - Ендеше М.Жұмабаев өмірінен сыр шертсек.

3-оқушы: - Мағжан Бекенұлы Жұмабаев Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданы, Сасықкөл ауылында 1893 жылы дүниеге келген. Әкесі Бекен ауқатты кісі болған. Мағжан төрт жасында ауыл молласынан хат танып, 1905 жылы Петропавлдағы медреседе оқиды. 1910 жылы Бекмұхамбет Серкебаевпен бірге Уфадағы «Ғалия» медресесіне оқуға түседі. Сонда жүріп Б.Майлинмен, т.б. ақындармен танысады. Осыдан соң Омбыдағы мұғалімдер семинариясына түседі де, оны бітірген соң мұғалім боп еңбек етеді. Омбыда Сәкен Сейфуллинмен, т.б. қазақ халқының зиялыларымен танысады.

1912 жылы «Шолпан» атты өлеңдер жинағы шығады.[4].

Жүргізуші: - Мағжанның осы жинағынан кім өлең оқиды? Бір оқушы Мағжанның «Махаббат не?» өлеңін мәнерлеп оқиды.

*Махаббат – бір тікенек,
Жүрекке барып қадалар.
Бақытсыз зой бұл жүрек,
Тамшылап одан қан ағар...*

*Тез жазылмақ бұл жара,
Бал тілімен сүйсе жар.
Сүймесе жүрек, дариға,
Өлер жүрек, қансырар.*

*Махаббат – бір тәтті у.
Ишер жүрек, болар мас,
Дүниедегі у мен шу
Мас жүректі оятпас.[2].*

Жүргізуші: - Балалар, Мағжан қандай ақын?

Оқушылар: -Лирик ақын, символист, жалынды реалист ақын, сезімтал ақын. Оны оның сыршыл өлеңдерін оқығаннан білеміз...

Ұстаз: -Ендеше қазір біз 3 топқа бөлініп Мағжанның ақындығы туралы сырлассак.

1-топқа: Өнер, білім жайында Ұлы ақын «Алаш» жұртына өлеңмен ұран тастай алды ма?

2-топқа: «Қазақ тіліне» деген Мағжанның жанашырлығын қандай өлеңі арқылы дәлелдей алар едіңдер?

3-топқа: Абайдың «Махаббатсыз дүние бос» деген сөзін Мағжан қостады ма?

Жәрдемші топқа: «Жыл мезгілдері» туралы. Мағжан өлеңдерінің қуаты мен құдіреттілігі неде деп ойлайсындар? Әр топ өз жауаптарын білдіреді.

1-топтың жауабы: -Әрине, Мағжан Алаш жұртына өлеңімен де, ісімен де ұран тастады. Ол оқу, білім алуға шақырды. Оған мына бір өлеңі дәлел.

*Басқа жұрт аспан-көкке асып жатыр,
Кілтін де өнер-білім ашып жатыр.
Бірі- ай, бірі-жұлдыз, бірі-күн боп,
Жалтылдап көктен нұрын шашып жатыр.*

Таласып өнер-білім алып жатыр,

Күнбе-күн алға қарай басып жатыр.

От жегіп, көкке ұшып, суда жүзіп,

Тәңірінің рахметіне жарып жатыр.

Ойламай біздің қазақ текке жатыр,

Бір іске жанаса алмай шетте жатыр.

Азырақ көз жүгіртіп қарап тұрсақ,

Қазекең таңқаларлық кезде жатыр, -

деп, қазақ халқының қараңғы қалып бара жатқанына жанының ашитындығын білдіреді.

2-оқушы: - Мен бұл өлеңді Ы.Алтынсариннің «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңімен С.Торайғыровтың «Қараңғы қазақ көгіне», Абайдың «Интернатта оқып жүр» деген өлеңдерімен салыстырар едім.

II топтың жауабы. Оқушы: - М.Жұмабаев 1913 жылы «Қазақ тілі» деген өлеңінде:

Қыран құстың қос қанаты қырқылды,

Күндей күшті күркіреген ел тынды.

Асқар, Алтай – алтын ана есте жоқ

Батыр, хандар-асқан жандар ұмытылды.

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың,

Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың...

Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,

Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың.

Жарық көрмей, жатсаң да ұзақ, кең тілім,

Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім.

*Таралған түрік балаларын бауырыңа,
Ақ қолыңмен тарта аларсын, сен тілім.*

Оқушы: -Мағжан қазақ тіліне, жалпы тіл мәдениетіне ерекше көңіл бөлген кісі. Ол тіл туралы «Тілсіз ұлт, тілінен айрылған ұлт, дүниеге ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрымақ. Ұлтының ұлт болуы үшін бірінші шарт- тілі болуы».(М.Жұмабаев)

Оқушы: -Өкінішке орай, күні бүгінге дейін кейбір қазақтың қыздары мен жігіттері бір-бірімен орысша сөйлеседі. Бұл мәдениетсіздік дер едім. Өзінің ұлтын силамаушылық. Дүниеде бірде-бір ұлт басқа тілде бір-бірімен сөйлеспейді. Осы тіл үшін, егемендік үшін, қазақ халқының талай арыстары өздерінің бастарын өлімгеде тікті емес пе?

Оқушы: - Иә, дұрыс айтасың. Сонау қаһарлы жылдары мыңдаған адамдар «Халық жауы» деген жаламен айыпталып, жер аударлып кетті емес пе? Кейбір деректерге қарағанда 6 миллиондай адам қуғын сүргенге ұшырып, оның 900 мыңдайы атылған. Солардың ішінде 25 мың қазақтар мен қазақстандықтар да бар. Әсіресе, қазақ халқының ұлылары А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, Ә.Бөкейханов, тіпті айта берсең уақыт та жетпес.

Оқушы тұрып: - Менің де атам 1937 жылы колхозда еңбек етіп жүргенде өтірік жалалы болып, сол жылы әжемнің айтуы бойынша «Ит жеккенге» жер аударылып, содан хабарсыз кеткен. Кейіннен атылған.

Оқушы: - Сол кезде Қазақ халқының талай ұлы адамдарының жазықсыз құрбан болғаны қандай өкінішті.

Жүргізуші ұстаз: - Балалар, жазықсыз құрбан болғандарды, бір минут еске алайық ...! Үнсіздік. Азалы музыка ойнайды.

Оқушы: - 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы әлі күнге дейін көз алдымда тұрғандай. ССРО-ның сол кездегі әділетсіз саясатына наразылық білдірген жастар алаңға шығып еді. Сонда да өрімдей жастар сол кездегі Кеңестер үкіметінің әділетсіздігін айтып, алғаш рет егемендік мәселесін көтерді. (Мағжанның жастарға арнаған өлеңі оқылады.)

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты-
Қырандай күшті қанатты.

Мен жастарға сенемін...!-деп оқушы М.Жұмабаев рөлінде өлеңді мәнерлеп оқып шығады.

Оқушы: Желтоқсан оқиғасына байланысты «Желтоқсан әні» шыққан еді. Мен сол әнді домбыраға қосып айтып берейін. (Домбырамен ән айтылады). Ән айтылып жатқанда желтоқсан оқиғасы түсірілген бейне фильм көрсетіледі, оның құрбандырының портреті, суреттері ілінеді. Бейне фильм әнмен аяқталады.

Ұстаз:- Иә, балалар, желтоқсан оқиғасы бүкіл елімізді қала берді бүкіл дүние жүзін дүр сілкіндірді. Бұл халықтың қызыл империяға деген айбынды үні еді.

Мағжан үмітін біздің қазақтың ұл-қыздары осы жолы шын ақтады. Алаңда көбіне біздің жастарымыз болды. Халықтың сана сезімінің өскенін,оны қанша уландырса да уланбағанын осыдан көруге болады. «Желтоқсан» үні ешқашан ұмыт болмайды.

ІІІ топтың жауабы. Оқушы: -М.Әуезов те, С.Мұқанов, керек десеңіз, В.Брюсов Мағжанды ерекше талант иесі деп таныған.

М.Әуезов: - «Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін... Бұдан соң Мағжанды сүйемін» деген екен. В.Брюсов Мағжанды «қазақтың Пушкины» деген. Сондықтан да Мағжан мен Абай бір-бірін толықтырып тұрған сыршыл жүректі ақындар. Олар ұлтымыздың ұлы мақтаныштары!

Оқушылар кезекпен Абай мен Мағжанның өлеңдерін мәнерлеп оқып, өз бағаларын береді. Екеуінің сөздеріне жазылған әндер орындалады. (3-4 ән кезекпен орындалады).

Жүргізуші ұстаз: - Балалар, біз Мағжанды ақын ретінде таныдық. Сонымен қатар, Мағжан біз үшін кім? Мағжан жалғыз ақындығымен ғана ұлы ма? Қалай ойлайсындар?

Оқушы: Мағжан ең алдымен азамат: ол елін сүйген патриот, қазақ халқы үшін өз жанын паида еткен. «Ұлтым», «қазағым», - деп түрік елін жырлап өткен. Тотаритарлық жүйемен батыл күресіп өткен, халықтың батыр ұлы.

Оқушы: М.Жұмабаев НКВД-ың қолына бірінші рет 1929 жылы шілдеде түседі. Сонымен қатар, 1930 жылдары ұлтымыздың бір топ зиялылары А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Сейфуллин, Ж.Аймауытов, т.б. тұтқындалады.

Қайран, Мағжан!...

Қанша қайғы тартсаң да, елің үшін майыспай өткен ер жүрек асыл ағам-ай! Сенің үнің, ісің ғасырларға жалғасады!

Музыка үні. Оқушы сахнаға шығып: Иә, Мағжан өлгенмен оның аты, ісі өлмейді. Қуанышты үнмен:

1959 жыл. Түркістан әскери трибуналының шешімі:

«Мағжан Бекенұлы Жұмабаев ісі қаралды. Оның ісінде ешқандай арандатушылық жоқ. Совет үкіметіне қарсы астыртын ұйым құрмаған. Жазықсыз атылған. М.Жұмабаев осыған орай ақталсын».

Оқушы (студент): - Мағжан аға! Сіз бір кездері басыңызға қайғының қара бұлты үйірілгенде «Мені де, кейіннен біреулер еске алар ма екен» - деп айтып едіңіз. Біз сізді ешқашан ұмытқан емеспіз. Міне, сіз ақсыз. Сізден жалған айып алынды. Сіз ақсыз! Қазағыңызға қайта оралдыңыз. Сіз мәңгі өмір сүресіз.сіздің есіміңіз ғасырдан ғасырға тарайды. Сіз бақыттысыз!

Оқушы: - Иә, талай боздақтар жазықсыз жапа шегіп, атылып кетті. Алайда олардың өлімі бекер болмады. Бүгін олардың арманы орындалды. Біздің еліміз егемендік алды. Лайым оның ғұмыры ұзақ болғай! Қатысушылар жазықсыз құрбандарды бір минут еске алады. (Сахнада музыка үні әуелейді. Бәрі қосылып «Менің Қазақстаным» әнін орындайды.)

Жүргізуші: Балалар, Мағжан сонымен бірге педагог болғанын білесіңдер ме?

Оқушы: - Ия, білеміз. Ең басты педагогикалық еңбегі «Педагогика» оқулығы. Бұл еңбегін Мағжан 1922 жылы жазған. Сонымен бірге «Жазылашақ оқу құралдары һәм мектебіміз». «Бастауыш мектепте ана тілі», «Бала тәрбиелеу жолдары», «Сауатты бол» сияқты ірілі-ұсақты еңбектер жазған.

Жүргізуші: - Дұрыс. Рахмет. Мұндағы негізі ойлар: Адамгершілік, инабаттылық, мәдениеттілік, патриотизм, ұлтжандылық, оған деген сүйіспеншілік, оқу-білім, өнер, адалдық, азамат деген ардақты атты биік ұстау. Міне, Мағжан тағылымдары осындай.

Оқушы: - Мағжан ағаның «Ләззат қайда» деген өлеңі бар, соны оқып берейін:

Айтар сөзім мінекей,

Аласұрған көңілге.

Оқу оқы, өнер құ,

Басқалардан түңіл де!

Жұрттың қамын көп ойла,

Уайым – қайғы жеп ойла!

Артта қалған сорлы жұрт

Алға бассын деп ойла! (М.Жұмабаев)

Жүргізуші: - Рахмет. Әрине, Мағжанды бір ғана сағатта оқып, білуге болмайды. Оны жылдар, ғасырлар бойы оқып үйренуіміз қажет. Біз бүгін Мағжанның қысқа да болса өнегелі өмірі мен тағылымдарына шолу жасадық. Мағжан өмірі бәрімізге өнеге. Ол батылдыққа, үлкен адамгершілікке, ұлылыққа шақырады.

Мағжандай асыл азаматтар сендердің де араларында бар! Мағжандай, елдің мақтанышы болыңдар! Мағжан аталарыңның арманы бүгіндері орындалды. Қазақстан өз егемендігін алып, оның 25-жылдығын атап өтіп отырмыз. Сендер, сол егеменді еліміздің жас ұландарысыңдар. Егемендікті қадірлеп, оның туын берік ұстандар. Бұл-Мағжан аталарыңның аманаты. Еліміздің президенті Н.Ә.Назарбаев: «Біздің алдымызда бабаларымыздың игі дәстүрлерін сақтайтын күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы, өз елінің патриоттары болатын ұрпақ тәрбиелеу міндеті тұр»- деген болатын. [5]. Осыған лайық болыңдар.

Мұғалім М.Жұмабаевтың «Қазағым» деген өлеңін оқумен сынып сағатын аяқтайды. «Елім менің» әні орындалады.

Әдебиеттер.

1. Жұмабаев М. Таңдамалы (Өлеңдер, поэмалар, зерттеулер, аудармалар)- Алматы: Ғылым, 1992.- 272 б.

2. Елеукунов Ш. Мағжан. Өмірі мен шығармашылығы. – Алматы: Санат, 1995. – 384 б.

3. Бектұров Ж. Тағдыры қиын талант //Бес арыс: Естеліктер, эсселер және зерттеулер. - Алматы: Жалын, 1992. - 305-344 б.

4. Мұхтар Құл Мұхаммед. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. –Алматы: Атамұра, 1998. - 360 б.

5. Назарбаев Н.Ә. Мұғалімдердің II съезіндегі сөзі. // Егемен Қазақстан. -2001. 3 ақпан.

**А.КЕНЖЕАХМЕТОВА,
Б.Нысанбаев атындағы орта мектебі.**

Атырау облысы,
Индер ауданы,
Көктоғай ауылы

ӘР САБАҒЫ АҚ ЖАҢБЫР БОП ЖАУАТЫН...

*...Жаздың соңы, жапырақтар жаңбыры,
Ал жапырақ – адамдардың тағдыры.
Сары ағаштан түсіп жатқан секілді
Сау-сау етіп өмірдің әр күні...*

Дәл солай, пенделік өмірде анаған қол жеткіземіз, мынаның шырқау шегіне жетеміз деп шапқылап жүріп, көз алдымызда жайқалып өсіп тұрған жасыл әлемнің сары түспен алмасып үлгергенін байқаймай да қаласың. Өзіме бала жастан ыстық санаған, өнегелі ұстаз тұтқан осы бір аяулы жаннан айырылып қалған кезде бір-ақ байқадым, е-е... тіршілік десейші...

Бойына табиғат дарытқан ұстаздық ұлағатты істі абырой, басты борышым деп есептеп, еңбек еткен кезінде бірнеше шәкіртті білім нәрімен сусындатып, ұжым арасында ойлы пікір айтып отыратын, адал, жанашыр жан-Ұлмекен Кенжеахметова жайында бір үзік сыр.

Көктем табиғатымен жымдасқан жылылық, шексіз мейірімділік, дүниеге жаңа келген тіршілік иесіне нұрын шашып, келешекке ақ жол, адал ниет нұсқап өмір себуші асқақ құдірет иесі, адам сәулетшісі – ол Ана. Осы аналық мейірімін қоса ала жүріп, бірнеше жылдар еңбек етті.

Адам баласының өзінің ұзақ тарихында жасаған рухани, мәдени қазынасы, қымбатқа түскен тәжірибесі, соның ішінде көрегенділік

ұрпаққа осы ұстаздық-шәкірттік үрдісі арқылы беріліп, жалғасын табады.

Ұстаз тумысынан өзіне айтылғанның бәрін жетік түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселерінің бәрін жадында сақтайтын, олардың ешбірін ұмытпайтын... алғыр да зерек ақыл иесі, өте шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны таза және ар-намысын ардақтайтын, жақынына да, жатына да әділ, жұртқа жақсылық жасап, үлгі көрсететін, қорқу мен жасқануды білмейтін батыл, ержүрек, қашан да барынша ынталы, табандылық болуы керек,-деп Әл-Фараби айтқандай, міне, осы қасиет атаулының барлығы осы кісінің бойынан табыла білді.

Жүзі жылы, бар балаға мейіріммен қарайтын, әр сабағында ақ жаңбыр болып жауатын, арнасына сыймай жыр болып шашылатын ұстаз барша тіршілік әлеміне ғашық етті. Ұстаздың әсерлі қоңыр үнімен, асықпай мәнерлеп сөйлеген сөзінен сыныпта жаңа сабақты түсінбей қалатын оқушы болмаушы еді.

Иә, адамның жан дүниесін түсініп, тіршіліктану әлемінің өмірге қажетті білім екенін барша балаға байыппен түсіндіру-бұл нағыз шеберлік емес пе! Сонымен қатар апай мектептегі жас мамандардың да шебер тәлімгері бола білді. Оларға сабақ берудің түрлі әдіс- тәсілдерін үйретумен қатар, ұстаздықтың да қыр-сырын терең меңгерте білді. Жас мамандар ғана емес, ұстазды таныған ағайын-туыс, көрші-көлем, барша жанның апайдан үйренері әлі де көп еді, әттең...

Күздің бұлыңғыр соңғы күндерінде тіршілік үшін аяусыз өз жанымен күрескен эзиз жан күз соңынан келер қыстың аппақ қарын да, қыс соңынан келер шуақты көктемнің нұрлы жаңбырын да көре алмады.

Бірақ өмір өз арнасымен жалғасып кете береді. Тағы да қоңыр күз келіп, білім күнінде өзіміз құрмет тұтып, қадірлеген сол аяулы жанды еске алумен ғана шектелеміз, е-е... тіршілік десейші...

А.ЖЫЛМАСОВА,
№19 орта мектеп.
Қарағанды облысы,
Қарқаралы ауданы,
Қасым ауылы

МЕҢІҢ ЖАҢАШЫЛ САБАҒЫМ

Ұстаз жолы қиынырақ басқадан,
Сырлары көп сыртқа әлі шықпаған.
Шаршаса да осы жолдың бойында,

Қандай рақат, шын бақытын тапса адам -

деп ақын жырлап өткендей, шынымен де, мен үшін «бақыт» деген тармағы кең ұғымның бір шеті осы ұстаздық мамандықпен ұштасып жатыр. Анығында «ұстаз» деген кім? Ұстаз – шәкіртін адалдыққа баулушы, өмірлік азық боларлық пайдалы білім мен жанына ізгіліктің нәрін себуші, жақсы мен жаманды үйретіп, адамгершілік қасиеттерді сіңіруші, ең жақын жанашыры әрі ақылшысы. Бір сөзбен айтқанда, бүгінгі қоғамды ертең алға сүйрейтін озық ойлы адам тәрбиелеуші, өз уақытын аямай, өзгенің бақытын аялаушы.

Алайда өзімді, бүгінгі таңда, «керемет ұстазбын» деп айту астамшылық болар деп ойлаймын. «Ұстаз» деген ұлы атаққа ие болу үшін әлі талай маңдай тер төгіп, үздіксіз еңбектеніп, талай-талай белестерді бағындыру керектігін мойындаймын.

Ал, мен – заман ағысына сай біліммен қаруланған, ой-өрісім жоғары, үздіксіз ізденісте жүрген, жан-жақты дамып, қалыптасып келе жатқан қатардағы мұғаліммін.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдар ішінде егемен еліміз дамудың, жаңарудың даңғыл жолына түсті. Болашаққа нық сеніммен қарайтын болдық. Қарап тұрсаң, өзгеріп жатқан дүние шаш етектен. Тек қана сол өзгеріске тез бейімделіп, артта «шаң қауып қалмаудың» амалын істеп бақ. Сондай өзгеріс білім беру саласын да бей-жай қалдырмаған.

Атап айтсақ, Кембридж тәсілінің теориялық негіздері арқылы

жалпы білім беретін мектептері педагогтерінің үш айлық біліктілікті арттыру курстары мұғалімдер қауымы үшін үлкен жаңалық, өзгеріс, жаңа бастау десек те болады.

Курсқа келгенше кезекті, бұрынғы қатысып жүрген біліктілікті арттыру курстарынан артықшылығы бола қояр ма екен деген үмітімнен күдігім басым болып келген едім. Мен бекер күдіктенген екенмін. Бұл курс барысында менің дәстүрлі педагогикадан қасан болып қалған стереотиптерім күйрей сынды. Мен жасқанбай, қателігімді бетіме басар-ау, жерден алып-жерге салар адам жоғын біліп еркін ой айттым, еркін дәлелдедім, мәселенің түйінін тереңінен түсіндім. Шығармашылыққа негізделген шыңдалған ой айту үшін өзіңнің өреңнің биік болуы қажет екенін пайымдадым. Жаңа дүниені жатсынбай қабылдадым. «Ескіден қол үзбей, жаңаға қол жеткізгендер ғана мұғалім бола алады», - деген екен Қытайдың дана ойшылы Конфуций. Алайда қандай істі де жаңадан бастау оңайға соқпайды. Сондықтан маған жаңаша жұмыс істеуге, оқыту әдістерін жаңа арнаға бұруыма тура келді. Бұл бағытта жұмыстар атқарылып та жатыр. Көштен қалмаймыз деп жаңаның бәрін қабылдай беру дұрыс па, бұған дейін қол жеткізген табыстарымыз бен іс-тәжірибемізді әрі қарай қалай ұштастырамыз деген ойлар да мазалағандай.

Десек те, өткен күндердегі іс-тәжірибеге көз жіберсек, кешегі бүгінгіге, бүгінгі ертеңгіге ұқсамайды. Себебі ғылымның дамуы, білім мазмұнының өзгеруі, өмір талабы, оқушы талғамы үнемі өсуде. Сол себептен де ең алдымен, жеке тұлға ретінде өзімнің бойыма өзгерістер енді. Ол - жаңалыққа деген құлшыныс пен қызығушылық, түпкі нәтижеге деген сенімділік, өз ісімен қанағат табу. Екінші жетістігім - өзімді шыдамдылыққа үйреттім. Мен бұрын баладан жауап алғанша асықсам, қазір оқушының керегінше ойлануын бірінші орынға қоятын болдым.

«Жаңа сабағың өткен сабақтың жалғасы ғана емес, ол жаңа ой, жаңа сезім, жаңа қызығушылық және құмарлық тудыратындай сабақтасуы керек»- дегендей, мен де әр сабағымда балалардың қызығушылығын, белсенділігін арттыру үшін түрлі әдіс-тәсілдерді (топтық жұмыс, сын тұрғысынан ойлау, диалог арқылы оқыту) кеңінен қолданамын. Бүгінгі күнде балалар жаттанды нәрсені

қайталамай, өз ойын еркін дәлелдеп айтуға, бір-біріне құрметпен қарап көмектесуге, топ ішінде өзін «жеке тұлға» ретінде санап, көшбасшы болуға, өз беттерінше ізденіп жұмыс істеуге, бір-бірін және өзін-өзі әділ бағалауға төселіп, қазірде бұл қалыпты жағдайға айналғандай.

Дәстүрлі сабақта өзім тақырыпты айтып, оны талдап, өзім бағалап, қорытындыны өзім жасап отыратынмын. Ойлап қарасам, мен оқушыны ойландыруға жағдай жасамаған екенмін. Ал қазір осының барлығын оқушы жасайды. Күнде 45 минуттық сабағымнан шығамын. Мен бұл сабақтардан ерекше ләззат алып, демалып шығамын. Өйткені сабақтағы барлық жұмысты оқушылардың өздері іске асырады. Бұл кезеңде мен оларға тек бағыт беруші ғана болдым. Жеті модульді сабақта үнемі қолдану барысында, бұрын сәтсіздіктен қашып, оқуға талаптанбайтын, ғылымның маңызын төмен санап, білімнің қажетін ескермейтін, құнды ақпараттарды енжар қабылдайтын оқушылар, әсіресе, үлгерімі орташа деңгейдегі оқушылардың сабаққа ынтасы өзгереді.

Мен енді басқа машинаға отырдым деп есептеймін. Бірақ бұл көліктің жүргізушісі – (мен емес) менің оқушыларым. Олар басқарушы, жаңа жол іздеушілер, ситуациялардан шығып, мақсатына жетушілер. Ал мен болсам, бағыттаушымын.

Ойымды қорыта келгенде, мен нені, қалай өзгерттім дегенде, біріншіден өзімнің көзқарасымды өзгерттім, екіншіден сабақ жоспарым мен сабақ өткізудің тәсілін, үшіншіден бала еркіндігін шектемеу, төртіншіден оқушылардың сабаққа ынтасын ояттым, өзін-өзі реттеуді үйренді, бесіншіден бағалауды өзгерттім және әріптестеріме де ықпалым болды. Менің түсінгенім- жіберілген қателіктерді түзетуге ешқашан кеш емес, тек осы мақсатқа жету жолында талмай жұмыс атқаруымыз керек.

«Ұстаз шәкіртке күн болып көрініп, нұр болып төгілуі керек»- демекші, жаңа ғасыр мұғалімінің бойында сергектік, байқағыштық, сезімталдық, әділдік, байсалдылық, ұстамдылық, сабыр сақтау сияқты қасиеттер тоғыса келе, олар мейірімділік атты ұлы ұғыммен ұштасып жатса ғана біз дйттеген мақсат-мүддемізге жетіп, «Ұлы ұстаз» деген ардақты атаудың шын иегері болатынымызға кәміл сенемін.

М.ТЛЕКЕЕВА,
Қ.Орымбетов атындағы ЖББМ.

Алматы облысы,
Еңбекшіқазақ ауданы,
Қаракемер ауылы

XXI ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ

Мақсаты:

1. Білімділік: Жан-жақты ой-өрісі кең, өз елінің халқының қамын ойлайтын азамат болуға баулу.
2. Дамытушылық: Оқушылардың ынтасын, қызығушылығын арттырып, ой-қисынын дамыту.
3. Тәрбиелік: Адамгершілікке, жауапкершілікке баулу.

Сабақ барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. Оқушыларды ұйымдастыру.
3. Кіріспе сөз. Бүгін 3 в, е сыныбының білімді, алғыр оқушылары сайысқа түсіп, сыныптың ең білгір оқушысын анықтамақпыз.

Жас жүректе жанған шақ

Талаптың аты арындап

Әр қиямға салған шақ

Жастықтың оты жалындап –

деп данышпан Абай келер ұрпаққа терең ой тастаған. Жақсы болсаң ел азаматы бол деген үлкен үміт осы бала кезден бастау алады да, ұласады.

Сайысқа қатысатын оқушыларымызбен танысайық.

1. Өжет қыз (Айдана)
2. Өнерлі қыз (Айсұлу)
3. Қайсар ұл (Әли)
4. Салмақты қыз (Жанся)
5. Ерке қыз (Айгерім)
6. Биязы қыз (Сандуғаш)

7. Жүйрік ұл (Дәурен)

8. Дарынды ұл (Дарын)

Әділ қазылар әділ баға беріп сайысқа бақылау жасайды.

1-кезең. «Бәйге».

Шарты: Әр оқушы өз қалауы бойынша көрсетілген ұяшықтардың бірін таңдайды. Таңдалған ұяшық негізінде әр оқушы 5 сұраққа жауап береді. Сұраққа нақты, тез жауап беру шарт. Әр дұрыс жауапқа 1 ұпай.

1-ұяшық. Сұрақтары.

1. Республика күні. (25 қазан)

2. Ғарышқа ең алғаш ұшқан адам. (Ю.Гагарин)

3. Әліппенің атасы кім? (Ахмет Байтұрсынұлы)

4. Қазақстан ғарышкерлерін ата (Токтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев, Айдын Айымбетов)

5. Рейхстагқа ту тіккен қазақ. (Рахымжан Қошқарбаев)

2-ұяшық.

1. Түйе атасы кім (Ойсылқара)

2. 1 жылда қанша күн бар (365-366)

3. Қазақ балалары үшін тұңғыш мектеп ашқан кім (Ыбырай Алтынсарин)

4. Абайдың анасы кім (Ұлжан)

5. Ұлы ақын (Абай)

3-ұяшық.

1. Қазақстанмен шекаралас 5 мемлекет. (Ресей, Қытай, Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстан)

2. Абайдың әжесі. (Зере)

3. Қазақстан Республикасының туының авторы (Шәкен Ниязбеков)

4. Шоқанның шын аты кім? (Мұхаммедқанапия)

5. Қыстың екінші айы. (қаңтар)

4-ұяшық.

1. Өнұранның авторларын ата (Н.Назарбаев, Ж.Нәжімеденов, Ш.Қалдаяқов)

2. Жеңіс күні (9 мамыр)

3. Абылай ханның шын есімі (Әбілмансұр)

4. Абай Құнанбайұлы қай жылы дүниеге келді (1845-1904)

5. Қазақтың 3 биін ата (Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би)

5-ұяшық.

1. «Кел, балалар, оқылық» өлеңінің авторы кім? (Б.Алтынсарин)

2. «Абай жолы» романын жазған кім (М.Әуезов)

3. 1 тәулікте қанша сағат бар (24 сағат)

4. «Нәуетек» деген не?

5. Ең үлкен жылан. (Анакондо)

6-ұяшық.

1. Шегіртке мен құмырсқа мысалының авторы кім? (И.Крыловтан аударған Абай)

2. Абайдың шын есімі (Ибраһим)

3. Ең алғаш көмірді тапқан кім? (Апақ Байжанов)

4. Қой атасы кім? (Қамбар ата)

5. Сезім мүшелерін ата (Мұрын, көз, құлақ, ...)

7-ұяшық.

1. «Талаптан да, білім мен өнер үйрен» деп өсиет қалдырған кім? (Шәкәрім Құдайбердіұлы)

2. Ересек адамда қанша литр қан бар (5-6)

3. 1 жылда қанша ай бар? 12 ай

4. 5 арысты ата.

5. Абайдың қанша қара сөзі бар 45 қара сөз.

8-ұяшық.

1. «Мен әуелі қазағымды жақсы көремін» деген кім? (Шоқан Уәлиханов)

2. Адам денесінде қаншаға жуық сүйек бар? (200-ге жуық)

3. Сиыр атасы (Зеңгі баба)

4. Күздің алғашқы айы. (қыркүйек)

5. 1 аптада неше күн бар (7 күн)

2-кезең. «Тіл өнері» бұл кезеңде мен сендерге жұмбақ жасырам, сендер жұмбақтың шешуін 2 тілде айтуларың керек: орысша, қазақша 1-тілде айтсаңдар-5 ұпай, 2-тілде-10 ұпай.

1. Қоймасын қыс ақтарып,

Жерді жапты ақ мамық. (қар-снег)

2. Қағазсыз ақ, қаламсыз ақ

Сурет салар адамға ұқсап. (аяз-мороз)

3. Суда қалқиды

Жылыда балқиды. (мұз-лед)

4. Қалқып екі құлағы
Елеңдеп қорқып тұрады. (қоян-заяц)
5. Ауаға шықса ауырады
Су ішінде сауығады. (балық-рыба)
6. Жылт-жылт еткен
Жылғадан өткен. (су-вода)
7. Мұрны насос, кран да
Таң қаламын бұл аңға. (піл-слон)
8. Жолбарыстан аумайды
Пеш түбінде аунайды. (мысық-кошка)

3-кезең. Бұл кезеңнің шарты бойынша әр оқушы ұяшық таңдайды. Өзі таңдаған ұяшықтан әуен ойнайды, оқушы әуенді тыңдап бұл қай әннің әуені екенін айту керек.

1. Ақ маман.
2. Ана-Әке.
3. Ұстазым.
4. Сарбаз.
5. Наурыз.
6. Желсіз түнде жарық ай.
7. Анашым.

4-кезең. «Ел болу тарихымыздан».

1. Қазақстан Республикасының ең алғашқы президенті кім?
2. ҚР Ата Заңы қашан қабылданды?
3. Ұлттық теңге қашан шықты?
4. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы заң қашан қабылданды?
5. 2009 жылғы санақ бойынша ҚР халқының саны 16 млн.
6. Қазақстан Республикасының астанасы?

5-кезең. «Ғажайып төртеу».

Математика.

1. Көбейтудің қасиеттерін ата (Үлестірімділік, ауыстырымдылық, терімділік)
2. Тік төртбұрыштың периметрін қалай табамыз?
3. Ең үлкен 3 таңбалы санға 1-ді қоссақ неше болады? $999+1$
4. Әлібек 1 айда 2 ертегі оқыды, ол бір жылда неше ертегі

оқиды?

5. 24 ертегі.

Ана тілі.

1. Қазақтың көрнекті акын, жазушы, тұңғыш ағартушы ұстаз. Қазақ балаларына арнап мектеп ашқан кім?
2. 4 мезгілге арнап өлең жазған кім?
3. «Мұғалима» өлеңінің авторы?
4. Абайдың 5 асыл іспен, 5 дұшпанын атап шық
5 асыл: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым ойлап қой.
- 5 дұшпаны: өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ.

Қазақ тілі.

1. Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді олардың түрлері (қатаң ұяң, үнді)
2. Қарсы мағналы сөздерді ата Мысалы : ұзын –(қысқа), қалың- (жұқа), мол-(аз)
3. Қандай зат есімді туынды зат есім дейміз (түбір сөзге жұрнақ жалғану арқылы жасалған зат есім)
4. Жұмбақты шеш:

1. Өзім сөзден тұрамын
Біткен ойды құрамын. (Сөйлем)

Дүниетану.

1. Дені сау адамның тамыры 1 минутта неше рет соғады? (60-80 рет)
2. Бұлттың түрлерін ата (будақ, шарбы, қабат)
3. Неге глобустың көпшілігі көк бояумен боялған? (жер шарының 3/1 бөлігі су)
4. Қан кетудің неше түрі бар? 3 түрі

6-кезең. «Сөз шебері».

Оқу, білім жанған шырақ ойласаң,
Үйренерсің іздеп көрсең қоймасаң,
Қу өнерді, бу белінді жігер сал,
Пайда аларсың, қу жанарсың тоймасаң,

Шарты: әр оқушы өз қалауы бойынша 1 өлеңді мәнерлеп жатқа оқып беруі керек. Оқушылардың мәнерлі өлеңді айтуына қарай әділқазылар бағалайды.

Әділқазы ұпайы аз екі оқушыны атайды. Олармен де қош айтысу сәті туды. Ешқашан мойымандар, қайсар болындар, жеңіс пен жеңіліс алма кезек.

7-кезең. Жорға. Соңғы кезеңде әр ойыншыға жеке 15 сұрақ қойылады. Соларға тез нақты жауап беру керек. 2 минут уақыт беріледі. Әр сұраққа 1 ұпай.

1. Қыс айларын ата.
2. Қазақ алфавитінде неше әріп бар?
3. Күй атасы кім?
4. Кейде дауысты, кейде дауыссыз болатын дыбыс? (у)
5. 2x5.
6. 4 түлікті ата.
7. Біздің облысымызды ата.
8. Мағжанның ағасының есімі кім?
9. Зиянды заттарды ата.
10. Қазақстанда көмір өндіретін ең үлкен қала.
11. 1 центнерде неше кг? 100 кг
12. Мәтін түрлерін ата.
13. ҚР астанасы.
14. Қазақ тілінде қанша сөз табы бар?
15. Кім, не сұрағына жауап беретін сөз табы.
 1. Күз айларын ата.
 2. Абайдың әкесінің есімі.
 3. Құрманғазы Сағырбайұлы кім?
 4. 2x7.
 5. Дауысты дыбыстар нешеге бөлінеді?
 6. Адамның өкпесі неше бөліктен тұрады?
 7. 1 тоннада неше кг?
 8. Заттың қимылын, іс-әрекетін білдіретін сөз табы.
 9. 1 жылда қанша мезгіл бар?
 10. Ақ алтын деп нені айтамыз?
 11. Көбейту амалының компоненттерін ата.
 12. Зере кімнің әжесі?
 13. Сөз бен сөзді байланыстыратын қосымша.
 14. Қандай тамыр жүрекке қан тасымалдайды?
 15. Алтын адам қай жерден табылған?

С.ЖАРҚЫНБЕКОВА,
Көктіңкөлі орта мектебі.
Қарағанды облысы,
Шет ауданы

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

(9-11-сыныптар)

1-нұсқа.

1. Сабақтаса құрмаласқан сөйлемді табыңыз.

- A) Тыңдаушы ықыласты болса, сөйлеуші шешен болады.
- B) Дәметкеннің жүрегі тулап кетті, себебі келген адамды ол бірден таныды.
- C) Шәрбану далаға шығып еді, бірақ олар кетіп қалыпты.
- D) Телехабарда ән де, жыр да, кино да кезектесіп жүріп жатады.
- E) Саяхатшылар көп келді.

2. Аралас құрмалас сөйлемді табыңыз.

- A) Үсен пышақтың сыртымен тасқа қатты ұрып еді, мақта тұтанды.
- B) Жел үрлеген сайын, сапырылысып түскен сары жапырақтар жер бетін түгел жапты.
- C) Дәркембай, Абылғазы, Қаңбақ, Токсан, Жұмыр да осында.
- D) Кейде ұзақ жылдар жырланып, кейде ел ішінің әнгімелері айтылады, ауыл адамдары бұларды қызығып тыңдайды.
- E) Жалғасы қызық болды.

3. Ыңғайлас салалас сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Қар жауса да, тоңбайды бай баласы.
- B) Мен үндемедім, бірақ өз пікірімде қалдым.
- C) Еңбек адамды көрікті етеді және тынысты тазартады.
- D) Мен ол күні келмедім, себебі көлік жоқ болды.
- E) Еңбек баланы мықты етеді.

4. Қарсылықты салалас сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Күн сайын бір жаңалық болады, бірақ оған ешкім таңданбайды.
- B) Мейрам шахтадан шығып еді, денесі сергіп сала берді.

- С) Күнзила ақырын кіріп, баласына мейірлене қарап тұрды.
D) Жігіттер келген қонақты ортаға алып, әңгіме қызығына беріліп кетіпті.

Е) Баласы әдемі болып өсті.

5. Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.

A) Ұлберген кедей болғанымен, киім-кешегін таза ұстайтын.

B) Олар теңізге ерте шықты, бірақ жолы болмады.

C) Ексең егін, ішерсің тегін.

D) Өнімді еңбек атқарам десең, көпке сүйен.

E) Теңіздің суы мөп-мөлдір екен.

6. Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.

A) Ботагөз қиындықты көре жүре, Асқардан үмітін үзбеді.

B) Өзен суы жылдағыдан мол, сондықтан мұз ерте сөгілді.

C) Тұқымды бірер күн ылғалдау керек, себебі құрғақ жерге түссе, өнбей қалады.

D) Қастарында бөтен кісілер болғандықтан, Абай Оспанға айтар сөзін іркіп қалды.

E) Олар теңізге түсті, қайықпен жүзді.

7. Біріңғай мүшелердің тыныс белгілерінің дұрыс қойылғанын табыңыз.

A) Ол біресе желеді, біресе жүгіреді, біресе тоқтайды.

B) Ол біресе, желеді, біресе, жүгіреді, біресе тоқтайды.

C) Ол, біресе желеді, біресе жүгіреді біресе, тоқтайды.

D) Ол біресе, желеді біресе жүгіреді, біресе тоқтайды.

E) Ол біресе, желеді біресе, жүгіреді біресе, тоқтайды.

8. Тыныс белгісі дұрыс қойылған төл сөзді табыңыз.

A) Ол: «Батыр хал қалай?» деді.

B) Ол, Батыр, хал қалай? деді.

C) Ол: «Батыр, хал қалай?» - деді.

D) Ол: Батыр, хал қалай – деді.

E) Ол, «Батыр, хал қалай?» - деді.

9. Тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлемді табыңыз.

A) «Көлтауысар, көлдің суын құрт!» - деді Төстік.

B) «Көлтауысар, көлдің суын құрт - деді Төстік.

C) «Көлтауысар, көлдің суын құрт деді Төстік.

D) Көлтауысар, көлдің суын құрт - деді Төстік.

E) «Көлтауысар, көлдің, суын құрт – деді, Төстік.

10. Тыныс белгісі дұрыс қойылған қаратпа сөзді табыңыз.

A) Отыршы жарығым, жөніңді айтшы.

B) -Отыршы, жарығым, жөніңді айтшы.

C) Отыршы, жарығым, жөніңді, айтшы.

D) Отыршы, жарығым жөніңді, айтшы.

E) Отыршы жарығым жөніңді, айтшы.

11. Тыныс белгісі дұрыс қойылған қаратпа сөзді табыңыз.

A) «Кел, балалар оқылық – деді Ыбырай.

B) «Кел, балалар, оқылық», – деді Ыбырай.

C) «Кел, балалар оқылық, – деді, Ыбырай.

D) «Кел балалар, оқылық» – деді Ыбырай.

E) «Кел балалар – оқылық, – деді Ыбырай.

12. Сабақтас құрмалас сөйлем бойынша тыныс белгісінің дұрысын таңда.

A) Жел соқпаса шөптің басы қимылдамайды.

B) Жел соқпаса, шөптің басы қимылдамайды.

C) Жел соқпаса шөптің, басы қимылдамайды.

D) Жел соқпаса: шөптің басы қимылдамайды.

E) Жел соқпаса; шөптің басы қимылдамайды.

13. Тілдесу үстінде қойылатын талаптар

A) интонациялық талаптар

B) ғылыми талаптар

C) коммуникативтік талаптар

D) мәнерлеп оқу талаптары

E) іскерлік талаптар

14. Анықтауышы бар сөйлемді көрсет.

A) Асан биыл мектепке барады

B) Мұрат ақын үндемеді

C) Қақаған аязда аң аулауға кетті.

D) Аспанда найзағай ойнады.

E) Ол асып та, тасып та сөйледі

15. Антонимдес сөз тіркесін табыңыз.

A) асқар тау, телегей теңіз.

B) кең дала, айдын көл.

C) денсаулығы жоқ, ақшасы бар.

D) тал түсте, күз мезгілде.

E) ала жаздай, қыс бойы.

16. Пысықтауыш қызметін атқарып тұрған зат есімді көрсетіңіз.

- A) Тұздың емдік қасиеті бар.
- B) Аурудан аяған күштірек.
- C) Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ.
- D) Бес жүздей жұмыскер қосылды.
- E) Анам қалаға кеткен.

17. Қатыстық сын есімді табыңыз.

- A) заңғар
- B) ақ сары
- C) өнегелі
- D) ап-аласа
- E) ымырт

18. Талғаулы салалас құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Бірде ұйқы еңсереді, бірде ерік еңсереді.
- B) Қолың қатты дейді, қорқып тұрмын.
- C) Бұл жерде я сен тұрарсың, я мен тұрармын.
- D) Сабырлы Олжабектің сасқаны сонша – орнынан атып тұрды.
- E) Ұялғанымнан да бетімнің оты шықты.

19. Қиысуды көрсетіңіз.

- A) Арманның көйлегі
- B) Менің бақытым
- C) Шақырылғандар келді
- D) Еңбекті бағалау
- E) Дүкенге бару

20. Көп құрамды төл сөзді тап.

A) –Шыда, енді бірер сағаттан кейін таза ауаға шығамыз,- деп рахым білдірген болды.

B) -Шырағым, сен бала емессің, естісің,- деді Ұлжан ренжіп:- өзің барсаң бір сәрі. Ондай жерге Абайды несіне апарасың?

C) Абай Ділдә сөзін бітіртпей:- Қой, Ділдә, Біржан-менің қонағым,- деді.

D) Абай Ділдә сөзін бітіртпей, сабырға шақырды.

E) «Сол Амантайға хабар айтсам қайтеді?»- деп ойлады Бүркіт

21. Іскерлік қарым-қатынас әдебіне жататын тілдік ерекшеліктерді ата.

A) Іске жауапкершілікпен қарау, сыпайылық, жағымды сөйлеу, батылдық

B) Логикалық ой-өрісінің жетіспеуі

C) Пікір алысқалы отырған ісін, тақырыбын жетік білмеу.

D) Сөз мағынасын түсінбеу, көп сөздік

E) Жігерсіздік, ұялшақтық

22. Қай сөйлемде сан есім емлеге сай жазылған?

A) 1845 жылы ұлы Абай дүниеге келген.

B) Жолдастарымның кеткеніне екі үш күн болды.

C) Сағат 6 ға 10 минут қалған кезде Азамат пәтерінен шықты.

D) 30-40-тай адам жиналған екен.

E) Біз 2-еу едік.

23. Орфография бойынша дұрыс жазылған сөз:

A) өкпе

B) өкпө

C) сүлгү

D) күрөң

E) көңүлсіз

24. Жалпылау есімдігі қатысқан сөйлемді табыңыз.

A) Ешкімге тіл қатушы болма.

B) Саған тай сатып әперемін.

C) Өзің үлкен, қылығың-бала-шаға

D) Еріншектік –күллі дүниедегі өнердің дұшпаны

E) Әрбір жинақылықтың түбі - кеніш

25. Сөздің көп мағыналылығын лексиканың қай саласы зерттейді?

A) лексикология

B) семасиология

C) фразеология

D) ономонология

E) терминология

26. Сын есімнің салыстырмалы шырай түрінен жасалған анықтауышты табыңыз.

A) Сәл кішілеу кара көзі тесіле қарады.

B) Ормандағы шиенің піскен кезі еді.

C) Қандай ақылды әрі сүйкімді бала.

D) Ол - қызметіне шексіз адал жан.

E) Аттар – бауырынан жараған, қуса жететін,

Қашса құтылатын жүйріктер.

27. Толықтауыш қызметіндегі сан есімді табыңыз.

- A) Адамның жартысы тарады.
- B) Жиырма бес қайта айналып келмес.
- C) Екіні, онды беске көбейт
- D) Сендер төртеусіңдер.
- E) Үшеуі жамырай сәлем берді.

28. Анықтауыш қызметінде тұрған есімдіктің қай түрі?

Өз елім-өлең төсегім.

- A) жалпылау
- B) сілтеу
- C) сұрау
- D) белгісіздік
- E) өздік

29. Төл сөз қатысып тұрған сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Ақылды қарттан нақыл шығады.
- B) Ол Әбіш туралы естігенін түгел баяндаған еді
- C) Талаптың мініп тұлпарын, тас қияға өрледің
- D) Ақылды қария жазып қойған хатпен тең.
- E) «Бұл үйдің жаны нешеу?» - деп сұрады Итбай.

30. Төл сөздің автор сөзінен соң орналасып тұрған түрін көрсетіңіз.

- A) –«Япырай, мықты екенсіз, ақсақал,» - деді Байжан
- B) –«Бәрекелді, мына ауыл алтыбақан құрып жатыр екен,» - деді Ербол.
- C) М.Горький былай деген екен: «Кітап – білім бұлағы».
- D) Абай: «Ғылым таппай мақтанба,»-деген.
- E) –«Емтихан оңай болмайды», - деді ұстаз

2-нұсқа.

1. Жалғаулықты қарсылықты салалас сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Теңіз тынышталды, бірақ еш нәрсе көрінбейді.
- B) Ол шнурды тартып қалып еді, трактор гүрілдей жөнелді.
- C) Ең сенімді су жер астынікі, оны іздеп табу керек.
- D) Кітап – білім бұлағы, білім - өмір шырағы.
- E) Жел соқты, қар жауды.

2. Себеп-салдар салалас сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Ол жаяу жүріп кетті, себебі ауыл онша алыс емес еді.
- B) Егін піскенімен, оны оруға әлі асығар емес.
- C) Келген екеу еді: бірі – агроном, екіншісі – инженер.
- D) Ауыл жайлауға көшіп келгелі, жастардың тұрмысына бір

көңілділік кіргендей болды.

- E) Егін пісті, диханшылар оны жинады.

3. Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемді табыңыз.

- A) Кенжебек жауап іздеп көріп еді, орынды сөз ойына орала қоймады.
- B) Ойын аяқталды, бірақ көрермендер асықпады.
- C) Абай араларынан кетісімен, сыбыр бұйрық елге жайылды.
- D) Көктем болғанмен, күн әлі жылынып кете қойған жоқ еді.
- E) Көктем енді келсе де, күн ысып кетті.

4. Мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Жамал пешке от жағып, асты әзірлей бастады.
- B) Үйірме мүшелері М.Мақатаев өлеңдерін жатқа оқыды.
- C) Жакып кешкі тымырсық ауаны сіміре ұтып, даланы ұзақ аралады.
- D) Тұрмыс жақсы болу үшін, еңбек өнімді болу керек.
- E) Балалар еңбек сабағына құрал-жабдықтарын әкелді.

5. Біріңғай мүшеге байланысты қойылып тұрған тыныс белгілерін табыңыз.

- A) Ал, бала, бүгіннен бастап малға ие бол.
- B) Мұғалім де, инженер де осы үйден табылады.
- C) Абай үйге кірді де, отырғандарға жағалай сәлем берді.
- D) Көбінің жүзі ақшыл не қызғылт сары келген.
- E) Мұғалімдер демалысқа шықты.

6. Жалпылауыш сөзге байланысты қойылған тыныс белгісін табыңыз.

- A) Қазақстанның ең ірі көлдері мыналар: Балқаш, Теңіз, Алакөл және Марқакөл.
- B) Ақылбай, Ербол және Мағаш келді.
- C) Үлкенді сыйлау – асыл қасиет.
- D) Оқушылардың бәрі қысқы демалысқа тарады да, мектеп бос қалды.
- E) Жел қатайып кетті.

7. Қаратпа сөзге байланысты қойылып тұрған тыныс белгісін көрсетіңіз.

- A) Ісін өнімді болсын, Қуат.
- B) Әрине, бұл істе кім озары белгісіз.

- С) Үлгілі үйдің – ұл-қызы ұялтпайды.
- Д) Ойпырмай, мына күннің қағынуын-ай.
- Е) Алматы – Республиканың ең үлкен қаласы.

8. Қыстырма сөзге байланысты қойылып тұрған тыныс белгіні табыңыз.

- А) Ой, Ардақ, сен ақ қоян қырдан қашқан.
- В) Жамбыл, Дина - өнердің қос қазығы.
- С) Домбыра, сырнай, сыбызғы – қазақтың көне аспаптары.
- Д) Сол арада, шынын айту керек, аздап қуанып та қалдым.
- Е) Ол математиканы, физиканы, әдебиетті жақсы оқитын.

9. Қарсылықты салалас сөйлемге байланысты қойылып тұрған сызықшаны көрсетіңіз.

- А) Қатар-қатар тас қойдым, жирен атты бос қойдым.
- В) Көшенің арғы шетінде телефон-автомат тұр.
- С) Жел саябырлаған сияқты, - екпіні әлі қатты.
- Д) Халықаралық қарым-қатынас қалыпқа келіп қалды.
- Е) Бұл сессия көпке созылмайды.

10. Сабақтаса құрмаласқан сөйлемді табыңыз.

- А) Тыңдаушы ықыласты болса, сөйлеуші шешен болады.
- В) Дәметкеннің жүрегі тулап кетті, себебі келген адамды ол бірден таныды.

- С) Шәрбану далаға шығып еді, бірақ олар кетіп қалыпты.
- Д) Телехабарда ән де, жыр да, кино да кезектесіп жүріп жатады.
- Е) Саяхатшылар көп келді.

11. Аралас құрмалас сөйлемді табыңыз.

- А) Үсен пышақтың сыртымен тасқа қатты ұрып еді, мақта тұтанды.

В) Жел үрлеген сайын, сапырылысып түскен сары жапырақтар жер бетін түгел жапты.

- С) Дәркембай, Абылғазы, Қаңбақ, Тоқсан, Жұмыр да осында.
- Д) Кейде ұзақ жылдар жырланып, кейде ел ішінің әнгімелері айтылады, ауыл адамдары бұларды қызығып тыңдайды.

Е) Жалғасы қызық болды.

12. Қай сөйлемде тыныс белгілері дұрыс белгіленген.

- А) «Биік мансап, биік жартас» – дейді Абай.
- В) «Биік мансап - биік жартас», – дейді Абай.
- С) Биік мансап - биік жартас – дейді Абай.
- Д) Биік мансап, биік жартас, – дейді Абай.

Е) «Биік мансап, биік жартас», – дейді Абай.

13. Қай сөйлемде тыныс белгілері дұрыс қолданылған?

- А) Шынымды айтсам, өзің бір қызық жан екенсің.
- В) Шынымды айтсам өзің, бір қызық жан екенсің.
- С) Шынымды айтсам - өзің бір қызық жан екенсің.
- Д) Шынымды айтсам, өзің бір, қызық жан екенсің.
- Е) Шынымды айтсам өзің бір, қызық жан, екенсің.

14. Қай сөйлемде үтір дұрыс қолданылған?

- А) Сап, сап, көңілім сап, көңілім (Абай).
- В) Сап – сап, көңілім, сап көңілім.
- С) Сап, сап, көңілім, сап, көңілім.
- Д) Сап сап, көңілім, сап көңілім.
- Е) Сап сап көңілім, сап көңілім.

15. Сөйлемдегі бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылған сызықшаны табыңыз.

- А) Жұрт айтты- көне берді.
- В) Аяғы жоқ,- жүреді, аузы жоқ, - сөйлейді.
- С) Ағаш арасын қаратса – жоқ.
- Д) Алыс – берісіміз көп, ағайын адамбыз.
- Е) Қарқаралы деген округтің әміршісі – Құнанбай мен осы

Майыр.

16. Біредің өзгертілмей айтылған сөзінің атауын белгілеңіз.

- А) Монолог
- В) Диалог
- С) Төлеу сөз
- Д) Автор сөзі
- Е) Төл сөз

17. Синоним емес қатарды көрсетіңіз.

- А) байсалды, байыпты
- В) шалғай, қашық
- С) сәт, мезет
- Д) ағайын, туыс
- Е) көмескі, ескі.

18. Толықтауыш қызметіндегі зат есімді көрсетіңіз.

- А) Менің бақытым алда.
- В) Бүркіт биікте ұшады.
- С) Қыс келер ұзамай.
- Д) Атамекен – қасиетті ұғым.

Е) Білімді кітаптан аларсың.

19. Сапалық сын есімді табыңыз.

- А) қайырымды
- В) қорқақ
- С) білгіш
- Д) ыстық
- Е) ашушаң

20. Сөз тіркесінің байланысу тәсілін анықта: болашаққа

жол

- А) интонация арқылы
- В) орын тәртібі арқылы
- С) қосымша арқылы
- Д) шылау арқылы
- Е) тәуелдік жалғау арқылы

21. Бірыңғай толықтауышы бар сөйлем

- А) Еріншектің ертеңі бітпес.
- В) Көп сөз - көмір, аз сөз - алтын
- С) Шәкенді, Болатты шайға шақырды.
- Д) Әсем, Алтын және Мақсат – айрылмас достар
- Е) Менің арманым – Отанымның нағыз азаматы болу

22. «Жарты», «жарым», «ширек» сөздері қалай жазылады?

- А) Сан есім сөзбен бірге жазылады.
- В) Бөлек жазылады.
- С) Дефис арқылы жазылады.
- Д) Сызықша арқылы жазылады.
- Е) Үтір арқылы жазылады.

23. Орфографиясы бойынша жазылған сөз

- А) көңілсіз
- В) күрөң
- С) сүлгү
- Д) өкпө
- Е) көңүлсүз

24. Болымсыздық есімдігін көрсетіңіз.

- А) Бірнеше
- В) Саған
- С) Дәнеңе
- Д) Әлдекім
- Е) Түгел

25. Мақалдан антонимді табыңыз.

- А) Мың досың болса да аз, бір қасың болса да көп.
- В) Оқу инемен құдық қазғандай.
- С) Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады.
- Д) Отансыз адам – ормансыз бұлбұл
- Е) Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп.

26. Сын есімнен жасалған толықтауышты табыңыз.

- А) Ол-намысшыл адам.
- В) Тұзсыз тамақ дәмсіз
- С) Әлсіз адам сүріншек, ақылсыз адам еріншек.
- Д) Жорабек орнынан құлықсыз тұрды.
- Е) Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен.

27. Бастауыш қызметіндегі сан есімді табыңыз.

- А) Тоқсан бес деген торы екен.
- В) Алты қанат ақ орда үй шайқалды.
- С) Ғалым сол үшеуінің жөнін білмек.
- Д) Жігіттер жүз-жүзден шоғырланып аттанды.
- Е) Сол жолда біз жеті сағаттай жүріппіз.

28. Төрт түрлі жалғау жалғанған өздік есімдігін табыңыз.

- А) Өздері
- В) Өздеріңіздің
- С) Өзіңнен
- Д) Өздеріменен
- Е) Өздерімізденсің

29. Төл сөздің автор сөзінен соң орналасып тұрған түрін көрсетіңіз.

- А) –«Япырай, мықты екенсіз, ақсақал,» - деді Байжан
- В) –«Бәрекелді, мына ауыл алтыбақан құрып жатыр екен,» - деді Ербол.
- С) М.Горький былай деген екен: «Кітап – білім бұлағы».
- Д) Абай: «Ғылым таппай мақтанба,»-деген.
- Е) –«Емтихан оңай болмайды», - деді ұстаз

30. Төл сөз қатысып тұрған сөйлемді көрсетіңіз.

- А) Ақылды қарттан нақыл шығады.
- В) Ол Әбіш туралы естігенін түгел баяндаған еді
- С) Талаптың мініп тұлпарын, тас қияға өрледің
- Д) Ақылды қария жазып қойған хатпен тең.
- Е) «Бұл үйдің жаны нешеу?» - деп сұрады Итбай.

Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

“Қазақ тілі мен әдебиеті” –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 05.12.2016 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32
Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және
бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №12, 2016 ж., 144 бет, Алматы.